

1 2009
201.69к

Ж. АРАЛБАЕВ

**ҚАЗАҚ
ФОНЕТИКАСЫ
БОЙЫНША
ЭТЮДТЕР**



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Ж. АРАЛБАЕВ

ҚАЗАҚ
ФОНЕТИКАСЫ
БОЙЫНША
ЭТЮДТЕР



Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ · 1988

Аралбаев Ж. А. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. — Алматы: Ғылым, 1988. — 144 б.

Жұмыста қазақ фонетикасының зерттелу жайы, фонемалар құрамы және олардың айтылу ерекшеліктері, сингармонизм заңдылығы, буын жігі және просодиканың кейбір мәселесі баяндалады. Өзге түркі тілдерінің материалымен салыстырылып, тіліміздегі кейбір фонеманың дамуы көрсетіледі.

Еңбек ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындары студенттері мен мұғалімдеріне арналады.

Жауапты редакторы

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі
И. К. КЕҢЕСБАЕВ

Рецензенттер

филология ғылымының докторлары
Ғ. АЙДАРОВ, Т. ЖАНҰЗАҚОВ

A $\frac{460200000-037}{407(05)-88}$ 125.88

ISBN 5-628-00125-2

© Қазақ ССР-інің
«Ғылым»
баспасы,

ҚОЛДАНЫЛҒАН ТРАНСКРИПЦИЯ * МЕН КЕЙБІР ШАРТТЫ ТАҢБАЛАР

1. «У» әрпі жуан сөздерде «ұу» түрінде, жінішке сөздерде «уу» түрінде беріледі: *сұу* (су), *тұуды* (туды), *құуат* (қуат), *барұу* (бару), *келұу* (келу), *үуәде* (уәде) т. б.

2. «И» әрпі жуан айтылатын сөзде «ый» түрінде, жінішке сөзде «ій» түрінде жазылады: *кій* (ки), *кійім* (киім), *қыйсын* (қисын) т. б.

3. «Е, О, Ө» әріптері сөздің ең бас шенінде дифтонг сапасында (йэ, уо, уө) жұмсалады: *йэмен* (емен), *йэртэң* (ертең), *уозат* (озат), *уол* (ол), *уөлең* (өлең), *уөт* (өт) т. б.

Сөздің ең бас шенінен басқа жерде «е» әрпі монофтонг — жалаң дауысты ретінде «э» түрінде жазылады: *йэлэк* (елек), *йэлгээр* (елгезер) т. б.

4. «Дж» аффрикаты «ж» түрінде, «ч» аффрикаты «тш» түрінде беріледі: *жартас* (джартас), *жалын* (джалын), *челек* (тшелек), *чопон* (тшопан) т. б.

5. «Б» ұяны екі дауыстының аралығында кейде әнтек «в»-ға бейімделіп айтылады, ол w түрінде таңбаланады: *абайла* — *авайла*, *тебен* — *тешен*, *себен* — *сешен*.

— Созылыққы (*атқ*).

— ерінмен айтылу — лабиализация (*қауын*)

— дауыстының келте, қысқа айтылуы — редукциясы

(*кісі*, *қызыл*)

* Транскрипцияның негізі болып орыс алфавиті алынды: *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф.* Қазіргі қазақ тілі: Лексика, морфология. Алматы, 1962.

- негізгі екпін (*балаларға*)
- көмекші екпін (*балаларға*)
- | синтагма (*таудан-тауға*) *секіре* (*тоғайға кіріп кетті*)
- дыбыстардың алмасуы, үйлесімі (*тізе-дізе*)
- V дауысты дыбыс
- C дауыссыз дыбыс

ҚАЗАҚ ФОНЕТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ МЕН МІНДЕТІ

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі жөніндегі алғашқы мәліметті Н. И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегінен кездестіре аламыз¹. Н. И. Ильминский қазақ тілі дыбыстарын екі топқа жіктеп, дауыстылардың сегіз түрін (а, -ä, е, ы, і, о, ö, у, ү), дауысыздардың он тоғыз түрін (п, б, м, w; т, д, н; ж, з, ш, с; р, л, j; к, ғ, қ, г, ң) атап өтеді (дыбыстарды өзара артикуляциялық жуықтығына қарай жіктеп көрсеткен). Н. И. Ильминский тіл алды ашық «ә» дауыстысын дербес фонема деп түсінбей, а дауыстысының варианты ретінде қарайды. Дауыссыз дыбыстардың құрамында *дж*, *ч* аффрикаттары мен *h* спиранты кездеспейді деп көрсеткен. Шамасы, Н. И. Ильминскийдің еңбегі батыс қазақтарының тіл материалы негізінде жазылса керек. Еңбекте кейбір дыбыстардың артикуляциясы, комбинаторлық жағынан алмасуы (б — м, н — д — т, н — ң, к — г, т. б.), қолдану ерекшелігі және екпін жайынан қысқаша мәлімет берілген. Одан соңғы М. Терентьев жазған «Грамматикада»² кейбір дыбыстардың айтылуы мен комбинаторлық түрде алмасуы (ч — ш, ш — с, м — б, л — д, к — г) сөздің екінші буынында келетін *ы* қысаң дауыстысының редукциясы жайында азын-аулақ мәлімет берген.

Түркі тілдерінің фонетика мәселелерін зерттеу жайында В. В. Радловтың сіңірген еңбегі аса зор. В. Радлов

¹ *Ильминский Н. И.* Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861.

² *Терентьев М. А.* Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. Кн. 1. Спб., 1875.

тұңғыш рет түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасын³ жазып, онда қазақ фонетикасының едәуір мәселесін сөз етті. Түркі тілдері фонетикасының сан алуан мәселелерін лингвистиканың сол кездегі компаративистика бағыты тұрғысынан түсіндіреді.

В. Радловтың «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» атты еңбегі күні бүгінге дейін өзінің ғылыми мәнін жоғалтқан емес, мұнда қазақ фонетикасының едәуір мәселелері, атап айтқанда: дыбыс құрамы, сөзде дыбыстардың қолдану ерекшелігі, дыбыстардың тіркесу заңы, ол дыбыстардың әр түрлі өзгеру заңдылықтары, сингармонизм құбылысы, екпін категориясы сияқты өзекті мәселелер түркі тілдерінің материалдарымен салыстырыла әңгіме болады. Сонымен қатар қазақ тіліне тән кейбір фонетикалық құбылыстарға аса назар аударған.

Қазақ вокализмі тоғыз дауыстыдан (*a, a, e, o, o, ы, і, ұ, ү*), консонантизм саласы жиырма дауыссыздан құрала-тынын атап дауыссыздарды қатаң (*j, k, t, p, s, ʃ*), ұяң (*j, g, d, z, ɣ, ʒ*), үнді (*m, n, ŋ, r, l, i*) және аралық немесе жарты дауысты деп төрт түрлі акустико-артикуляциялық топқа жіктеген. В. Радлов ұсынған мына екі мәселені мақұлдай алмаймыз: оның бірі — *w* дыбысын аралық дыбыс деп сонор дыбыстардың тобына енгізбеуі, екіншісі — бұйыр (латераль) *l* сонорының сөзде жуанды-жіңішкелі түрде айтылатын вариантын дербес фонема (сөз мағынасын ажырата салатын қасиеті бар) деп тануы. Қазіргі тәжірибе фонетикасының берген мәліметіне қарағанда түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде *w* (*y*), *j* (*й*) дыбыстары акустико-артикуляциялық табиғаты бойынша сонор немесе үнді дыбыстардың тобына енеді.

Түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстар сөздегі дауыстылардың ыңғайына қарай әр түрлі вариантта айтыла береді. Мәселен *ал, ел, ол* — сөздерін алайық, мұнда *л* соноры дауысты дыбысқа байланысты бірде жуан (*ал*), бірде жіңішке (*ел*), бірде ерінмен (*ол*) айтылады, олар атқаратын қызметіне қарай бір ғана фонеманы құрай алады. Фонема сөзде әлденеше фонетикалық-комбинаторлық вариантта кездесе береді. Демек, В. Радлов *л* сонорының фонематикалық қасиетін теріс түсінген.

В. Радлов «Фонетикасын» сөз еткенімізде мына үш мәселе есте болуы қажет: оның бірі — екпін мәселесі, екінші мәселе — дыбыстардың дистрибуциясы, үшіншісі

³ Radloff W. Phonetik der nördlichen Türk Sprachen. Leipzig, 1883.

— түркі тілдерінің үндестік заңы. В. Радлов көп буынды сөздерде сөз аяғына түсетін негізгі екпіннен басқа көмекші екпіндердің болатынын, көмекші екпіннің фонетикалық табиғаты үнді (музыкалық екпін) екенін айтады. Сонымен қатар дыбыстардың, әсіресе дауыссыз дыбыстардың дистрибуциялық ережелеріне едәуір көңіл аударып, дыбыс тіркестері жайында біраз мәлімет берген.

В. Радлов түркі тілдерінде сингармонизмнің екі түрі бар екенін атап (палаталды — езу, лабиалды — ерін), ерін үндестігі әлсізденіп бара жатыр деп қорытады.

П. М. Мелиоранский екі бөлімнен құралатын қазақ тілінің грамматикасын⁴ жазып, оның алғашқы бөлімін фонетика мен морфология мәселесіне арнаған болатын. Фонетика тарауында дыбыстардың артикуляциясы (жасалуы), дыбыстардың комбинаторлық түрде алмасуы, сөз шенінде қолдану жайы, үндестік заңы мен екпін мәселесі қысқаша түрде сөз болады. Дауыстылардың протеза, элзия, редукция құбылыстары жайында да азын-аулақ мәлімет береді. П. М. Мелиоранский дыбыстардың құрамына тоқтай келіп, қазақ вокализмі тоғыз дауыстыдан (а, ^аа, е, о, ^оо, ы, і, у, у,) консонантизм саласы жиырма бір дауыссыз дыбыстан (б, п, м, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, к, г, і, қ, ғ, н, й, дж) құралатынын атап өтеді. Дауыстыларды жуан-жіңішке, ашық-қысаң деп жіктеп, графикаға қатысын да анықтайды. Қу, ту, би сөздерінде айтылатын у, и дыбыстарын естілуіне қарай созылық дыбыстар деп таниды. П. М. Мелиоранский В. Радлов айтқан пікірді қуаттай отырып, л сонорының жуан-жіңішке-лі түрде айтылатын вариантын дербес фонема деп түсінеді. Тіл ортасы к, г және тіл арты қ, ғ дыбыстарын көмей дыбыстары деп олардың артикуляциялық жасалу орнын теріс көрсеткен.

Октябрь революциясына дейін қазақ тілі жайында жазылған еңбектерден — В. Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка» («Фонетика, этимология, синтаксис», Оренбург, 1897), И. Лаптевтің «Материалы по казах-киргизскому языку» (Москва, 1900) және Н. Созоновтың «Записки по грамматике киргизского языка» (Ташкент, 1912) деген еңбектерін атап өтуге болар еді. Аталған еңбектердің фонетика тарауында айтарлықтай жаңалық жоқ, көбіне, бұрынғы айтылған мәселелерді

⁴ Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Ч. I. Фонетика и этимология. Спб., 1894.

қайталап отырады. Н. Қатанов⁵ «Опыт исследования урянхайского языка» (Казань, 1903) атты еңбегінде қазақ тілі дыбыстарын өзге түркі тілдерінің материалдарымен салыстыра отырып, қазақ тіліне тән кейбір заңдылықтарды айтады. Октябрь революциясына дейін қазақ тілі жайында жазылған шағын еңбектерде, атап айтқанда, фонетика мәселелері грамматиканың құрамына еніп, соған байланысты әңгіме болып келді. Ол кезде қазақ тілінің дыбыс құрылысы белгілі жүйеге салынып, әржақты талданбаған болатын. Фонетика құрылыстары жай ғана артикуляциялық фонетика тұрғысынан қаралды да, зерттеу әдістері анықталмай қалды.

Қазақ тілі дыбыс құрылысының арнаулы жүйемен жан-жақты зерттелуі — совет дәуірі тұсынан басталады. Совет дәуірі кезінде қазақ лингвистикасы жасалды, оның фонетика, грамматика, лексикология, диалектология, стилистика сияқты бірнеше салалары пайда болды. Қазақ тілін зерттейтін дербес Тіл білімі институты ұйымдасты және көптеген маман кадрлар дайындалды. Қазақ тіл білімінің арнаулы бір тармағы болған — фонетика саласында едәуір жұмыс істелді, фонетика мен фонологияның зерттеу әдістері, тәсілдері анықтала түсті.

Фонетика саласы фонология, экспериментті (тәжірибе) фонетика, салыстырмалы фонетика, тарихи фонетика тәрізді тармақтарға жіктеле бастады.

Республикамыз 1990 жылы даңқты 70 жылдығын тойлағалы отыр. Осы 70 жыл ішінде қазақ фонетикасы жайында нелер істелді, қандай табыстарға жеттік, алдағы кезде қандай шұғыл міндеттер тұр, осылар жөнінде бірер пікір айтуға тура келеді.

Мектеп және жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту және жазу ережелерін (алфавит, графика, орфография) жетілдіру ісімен байланысты кезінде қазақ фонетикасы жөнінде біраз шағын еңбектер, мақалалар⁶ жарық көрді. Мәселен, Г. В. Архангельский жазған «Грамматикада»⁷ қазақ тілі дыбыстарының жіктелуі,

⁵ Катанов Н. Опыт исследования урянхайского языка. Казань, 1903.

⁶ Қазақ тілінің дыбыстары. Жаңа мектеп. 1927, № 2; Дыбыстардың жіктелуі // Төте оқу, 1936, № 30; Сөз үндестігі // Төте оқу. 1937. № 7; Бегалиев Ф. Әріп, дыбыс, буын. Алматы, 1935; Сингармонизм деген не?! // Халық мұғалімі. 1941. № 3—4; т. б.

⁷ Грамматика казахского языка / Г. В. Архангельский. Ташкент, 1927.

дыбыстардың өзара алмасуы, кейде дыбыстардың сөзде айтылмай түсіп қалуы (редукциясы), үндестік заң мен екпін мәселесі қысқаша түрде сөз болады. Бұл ғалым қазақ тілі дыбыстарын дауысты, шала дауысты және дауыссыз деп үш топқа жіктеп көрсетті. Ауыздың ашылу түріне қарап дауыссыздарды ашық (*a, ə*), жарты ашық (*e, o, ø*), қысаң (*ы, ү, і*) және жарты қысаң деп төрт топқа жіктеп өтеді.

Қазақ фонетика мәселелерін арнаулы бір жүйеге салып, зерттеу кезеңі Құдайберген Жұбановтан басталады. Ол қазақ лингвистикасының іргетасын қалаушылардың бірі еді. Қ. Жұбанов қазақ фонетикасының өзекті мәселелері (атап айтқанда — тіл дыбыстарының фонологиясы мен жіктелуі, дыбыстардың өзгеру құбылысы, үндестік заңы, сөздің буын құрылысы және акцентуация саласы) жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, олар туралы белгілі шешімге келеді⁸. Қ. Жұбанов сөздің дыбыс құрылысына талдау жасаумен байланысты жалпы фонетиканың кейбір мәселесіне тоқталып, олар жөнінде соны пікір айтады. Мәселен, фонетика ғылыми адамнан шығатын дыбыстың барлық түрі зерттеу объектісі болмай, тек қана адамдардың қарым-қатыстық мұқтажын атқаруға жарайтын арнаулы мағынамен байланысты тіл дыбыстарының сырын зерттейтіні, тілдің дыбыс қабығы атқаратын мағынасынан жеке, оқшау түрде қаралмайтыны, екеуі тұтас түрде бір бүтін ретінде танылатыны осы ережелерге сәйкес тілдің дыбыс құрылысын баяндау қажет екенін айтады. Қ. Жұбанов фонологияның басты мәселесінің бірінен болған — фонема теориясы жөнінде бірқыдыру пікір айтады: «Мәселен, 1) Бір сөз екінші сөзден өзге болу үшін біреуінің бір-ақ бөлшегінің өзгеше дыбысталуы жеткілікті, түгелімен өзгеше дыбысталуы шарт емес, 2) Бір ғана дыбысы басқа болса да, бір ғана дыбысы артық я кем болса да, немесе, бір дыбысы да басқа, я артық-кем болмай-ақ, дыбыстарының тек тізілу тәртібі басқа болса да, сөздер бірінен бірі басқа болады. 3) Бір тілде жұмсалатын дыбыстардың жалпы санының ұшықиыры жоқ, бірақ, оның бәрінің бірдей сапасы әр түрлі

⁸ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966. 169-6.

бола бермейді. Сапасы әр түрлі болатын дыбыстар белгілі мөлшерде ғана болады да, көп болмайды»⁹.

Фонема туралы айтылған бұл үш түрлі ереже күні бүгінге дейін ғылыми маңызын жоғалтқан емес, қайта олар фонологияның негізгі ережелеріне айналып отыр.

Қ. Жұбанов бір сөз екінші бір сөзден өзгеше болу үшін бір-ақ дыбыс жеткілікті екенін көрсетіп, фонеманың сырын дұрыс түсіндіреді. Сөздерді және оның тұлғасын өзгерте алатын кішкене мүшені — дыбысты фонема деп таниды.

Тілде дыбыстардың айтылу түрінің ұшы-қиыры жоқ екені, бірақ олар сапасына қарап белгілі дыбыстар типіне орайласатыны, демек, фонеманың варианттары жайында да пікір қозғайды. Сонымен қатар синоним, омоним сөздер мен фонологияның өзара қатысы жөнінде тиісті пікір айтады. Сөздің дыбысталуы бірдей болса да, беретін мағынасы әр түрлі болуы мүмкін: *ат* (жылқы), *ат* (біреуді атайтын сөз), *ат* (мылтық ат). Қ. Жұбановтың фонема теориясы жайындағы көзқарасы Л. В. Щерба негіз еткен Ленинград фонология мектебімен ұштасып жатқаны айқын.

Қ. Жұбанов — артикуляторлық фонетиканың едәуір мәселесін сөз етіп, қазақ тілі дыбыстарын басты үш топқа (дауысты, дауыссыз, сонор) жіктеп өтеді. Дауыстыларды айтылу түріне қарап толық дауыстылар (а/ә, е, о/ө), келте дауыстылар (ы/і, ұ/ү) және қосынды дауыстылар (үү, үу, ый, ій) деп үш түрін атаған. Толық дауыстылар өз сапасын жоймай толық айтылса, келте дауыстылар өте мүкі түрде айтылатынын, кейде қысқарып түсіп қалып айтылатынын ескертеді (мәселен, *орын+ы* — *орны*, *ерін+і* — *ерні*, т. б.). Ал қосынды дауыстылар болса, бірі дауысты, бірі дауыссыз екі дыбыстан ($\frac{ү}{ү}$ у, $\frac{ы}{ы}$ й) құралады. Дауыстылар тіл және ерін қатысына қарап, жіктеп көрсетілген.

Қ. Жұбанов сонор дыбыстардан бөлек дауыссыздарды үнді (ұяң дыбыстар) және үнсіз (қатаң дыбыстар) дыбыстар деп те бөлген, оларды егіз-жұбайлас дыбыстар деп атайды (мәселен, *қ-ғ*, *к-г*, *ш-ж*, *с-з*, *т-д*, *п-б*).

Дауыссыздарды созылып-созылмай айтылуына қарап үздікті (*п-б*, *т-д*, *қ-ғ*, *к-г*) және үздіксіз (*с-з*, *ш-ж*) деп жіктейді. Үздікті дауыссыздар үздік-үздік шығады

⁹ Сонда, 169-б.

да, созылып айтылуға келмейді, үздіксіздер шұбатыла айтылады да, созып айтуға келеді. Салдыр дауыссыздар жасалу орнына қарай көмей (*қ, к, ғ, ғ*), ерін (*п, б*) және тіс (*т, с, ш, д, ж, з*) дыбыстары болып үш түрлі артикуляциялық топқа жіктелген. Үздікті дыбыстар жасалу түріне қарап жабысыңқы (екі дыбыстау мүшенің бір-біріне жабысуымен жасалатын) және жуысыңқы (екі дыбыстау мүшесінің бірі-біріне жабыспай тек жуысуынан туатын) болып аталады.

Жуысыңқы дыбыстар да дыбысталу түріне қарай өзара сыбыр (*с, з*) және сыбыс (*ш, ж*) болып жіктелген (жай акустикалық қасиетіне қарай). Сонор дыбыстарды дауыссыздардан өзге үні мен салдыры тең дыбыстар деп түсінеді. Сонорлар тура жолды (*у, й*) және айналмалы жолды (*р, л, м, н, ң*) болып екіге жіктелген. Айналмалы жолды сонор дыбыстардың да екі түрі бар: бірі мұрын жолды (*м, н, ң*), екіншісі ауыз жолды (*л, р*). Сонорлар жасалу орны мен жасалу жолы жағынан қысқаша түрде баяндалады. Қ. Жұбанов қазақ дыбыстарының артикуляциялық кестесін жасап, фонетикаға елеулі үлес қосады.

Қ. Жұбанов әңгіме еткен екінші мәселе — сөздің буын құрылысы. Күні бүгінге дейін сөзді буынға жіктеу, буын жігін анықтау жайы фонетиканың шешілмей келе жатқан күрделі мәселесінен саналады. Сөздің буын жігін тануда фонетикада әлденеше көзқарастың барлығы айқын: бірде сөздің буын жігін дыбыстық үнділігіне байланысты қараса, бірде адамның демімен байланыстырады.

Қ. Жұбанов қазақ сөздерінің буын құрылысын талдай келіп, сөзді бөлшектегенде пайда болатын дыбыс үйірлерін буын деп таниды. Буынның саны дауыстыларға байланысты анықталатынын, буын бір немесе бірнеше дыбыстардың үйірінен тұратынын, сөздер бір буынды, көп буынды болып келетінін мысалдар арқылы түсіндіреді. Дыбыстарының санына қарай, қазақ сөзінің буындары бір дыбысты, екі дыбысты, үш дыбысты, төрт дыбысты болатыны айтылады. Қазақ тілінде буын мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдің кішкене дыбыстық көрінісін фонема деп түсінеді. Акад. Л. В. Щербаның айтуынша сөз бен оның формаларын дифференциялайтын, яғни адамның қатынас жасау мақсатына қызмет ететін дыбыстардың типтерін фонема

деп санаған. Әрбір фонема әлденеше вариантта кездесе береді. Тілде нақты кездесетін дыбыстар — бүтіннің (яғни фонеманың) бөлшегі арқылы көрінісі — жалпының (яғни фонеманың) тілде нақты айтылатын осындай түрлері — фонеманың варианттары болады деген тұжырымға келген. Л. В. Щерба фонемалар сөзде өзара комбинаторлық түрде алмасып келе береді деп қорытады.

I. Кеңесбаев қазақ әдеби тілінің вокализм саласы он бір дауысты фонемадан құралатынын, оның тоғызы — жалаң монофтонг фонемалар да (*а, ә, е, /ә/, о, ө, ұ, ү, ы, і*), қалған екеуі — дифтонг — дифтонгоидтар (*и, у*) екенін анықтап көрсетеді. Қазақ тілінде *ә* дауыстысы шығыс тілдерінен енген сөздермен байланысты пайда болғаны дұрыс көрсетілген. Дауысты фонемалардың фонетикалық варианттары, сөзде қолдану ерекшелігі, өзге фонемалармен комбинаторлық түрде алмасу жайлары баяндалады. Сөздің ең бас шенінде *е, о, ө*, дауыстылары дифтонг сапасында айтылатыны (*йә, уо, үө*), сөз шенінде келуіне қарай дауыстылар буын талғайтындар және буын талғаймайтындар болып екі топқа жіктелуі (мәселен, буын талғаймайтындарға: *а, е, ы, і, и* дауыстылары, қалғандары буын талғайтындарға жатады), қосымша морфемалардағы дауыстылардың фонематикалық мәні — яғни морфонологияның кейбір мәселесі сөз болады. Қазақ консонантизмі 25 дауыссыз фонемадан құралатыны, олардың акустика-артикулярлық ерекшелігі, орыс тілі арқылы ауысқан *в, ф, х, ч, ц* дыбыстарының фонема сапасына өте бастауы және дауыссыз фонемалардың дистрибуциялық сыры, комбинаторлық жолмен алмасып отыруы тым тәуір айқындалған. Дауыссыз фонемалар үш түрлі жолмен жіктеліп көрсетілген: 1) дауыс пен салдырдың қатысына қарай, 2) жасалу орнына қарай, 3) жасалу жолына қарай. Дауыс пен салдырдың қатысына қарай дауыссыздардың екі ірі тобы атанған: бірі — үнді дыбыстар, екіншісі — үнсіз дыбыстар. Үнсіз дыбыстардың қатаң және ұяң түрі бар, олар фонематикалық жолмен қосарланып келеді (*п—б, т—д, с—з, ш—ж, к—г, қ—ғ*). Жасалу орнына қарай дауыссыздар ерін — билабиль (*п, б, м, у*), ерін мен тіс — лабиоденталь (*в, ф,*) тіс — денталь (*т, д, с, з, ц*), тіл ұшы — альвеоляр (*н, л, ч*), тіл алды — панаталь (*р, ж, ш, й*), тіл ортасы (*к, г.*) тіл арты — велляр (*қ, ғ, ң, х*) және көмей фарингань (*һ*) болып, негізінен, сегіз топқа жіктеп қаралған.

Жасалу жолына қарай дауыссыздардың үш тобын (шұғыл, ызың және аффрикаттар) атайды. Шұғыл фонемаларға *п, б* алты түрлі болып келетіні: 1) жалаң буын немесе (Y), 2) ашық буын (CY), 3) жеңіл тұйық буын (YC), 4) жеңіл бітеу буын (CYS), 5) ауыр тұйық буын (YCC), 6) ауыр бітеу буын (CYCC) және буынның жылысуы мен кірігуі жөнінде мәлімет береді.

Қ. Жұбанов «Сөз мүшелерінің қиындасуы» деген атпен қазақ фонетикасының екі мәселесін сөз етеді, оның бірі сөз екпіні, екіншісі — үндестік заң. Екпін мен үндестік заң сөздегі мүшелерді — буындарды тарқатпай тастастырып ұстау үшін қажет деп екеуінің атқаратын қызметін дұрыс көрсетеді. Екпін және үндестік заң сөз мүшелерін жинап бір бүтін етіп тұратын фонетикалық амалға жатады. Екпін мен үндестік заң — бір сөзден екінші бір сөзді ажырататын тәсіл екені де орынды айтылған (мәселен, *суалмаған, су алмаған, су ал маған*). Қазақ тілі екпіні күшті, көбіне, сөз аяғында болатын, сөз аяғында келетін кейбір қосымшаларда екпінге ие болмау жайы сөз болады.

Үндестік заңды дауысты және дауыссыз дыбыстарға байланысты қарайды. Күні бүгінге дейін едәуір түркологтар сингармонизм құбылысын тек дауыстыларға байланысты ғана таныған болатын. Қ. Жұбанов дауыссыздардың ассимиляция кезеңін үндесудің бір түрі деп таниды.

Қазақ фонетикасының белді бір даму кезеңі тағы бір жоғарғы бір ғылыми сатыға көтерілу кезі — Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі І. Кеңесбаевтың атымен байланысты. І. Кеңесбаевтың қазақ фонетикасына сіңірген еңбегі айрықша. Ол 1938 жылдардан бері қазақ фонетикасы жайында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп келеді¹⁰. Соңғы кезде шыққан «Қазіргі қазақ тілі»¹¹ (мұның «Фонетика» тарауын жазған акад. І. Кеңесбаев).

¹⁰ Кеңесбаев І. Қазақ тілі: Орта мектептерге арналған оқулық. Алматы, 1940; Қазақ тілінің екпін категориясы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Лингвистикалық серия. 5-шығ. № 77; Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары // Халық мұғалімі. 1948, № 11; Осы күнгі қазақ тілінің дауысты дыбыстары // Халық мұғалімі. 1949, № 5; Қазақ тілінің буын құрылысы туралы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1954. № 1; Фонетика // Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954.

¹¹ Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі: Фонетика, лексика. Алматы, 1962.

Кенесбаев «Фонетика» еңбегінде қазақ фонетикасының өзекті мәселелері, яғни, фонемалар құрамы, дыбыстардың үндесуі, сөздің буын құрылысы, акцентуация саласы кеңінен сөз болып, олар жөнінде арнаулы тоқтамға келеді, қазақ сөзінің фонологиялық құрылысы да талданады. І. Кенесбаев қазақ тілінің фонемалар жүйесін талдау мәселесіне келгенде атақты совет лингвисті Л. В. Щербаның фонема туралы ілімін¹² негіз-тірек етіп, *т, д, г, к, ч, ц* дыбыстарын, ызындарға *в, ф, с, ш, з, ж, ғ, х* дыбыстарын жатқызады. Шұғыл дыбыстарды айтқанда ауа үзіліп шығады, ызындарды айтқанда ауа сүзіліп шығады. Сондықтан алғашқысын үздікті-үзілмелі дыбыстар, соңғысын сүзілмелі-үздіксіз деп атаймыз. Артикуляциясына қарай шұғылдарды — жабысыңқы дыбыстар, ызындарды — жуысыңқы дыбыстар деп те атайды. Кейбір авторлар қазақ тілінің «ғ» фонемасын шұғыл дыбыстар тобына енгізіп келген болатын. І. Кенесбаев мұны ызың фрикатив дыбыстардың қатарына жатқызады. Эксперимент-тәжірибе фонетикасының материалына қарағанда бұл пікірдің дұрыс екені анықталып отыр.

Қазақ аффрикаттарының артикуляциялық қасиеті мен фонематикалық мәні жайында да белгілі шешімге келген. Ызың *ж* фонемасының варианты ретінде қазақ тілінде аффрикат *дж* дыбысы айтылатыны дұрыс көрсетілген.

Сөз шенінде кездесу ынғайына қарай дауыссыздар үш түрге жіктелген: 1) сөздің барлық шенінде келе беретін дауыссыздар (*с, ш, т, қ, к, м, з, ж, н, у*), 2) сөз соңында (айтылуда) кездеспейтін дауыссыздар (*б, д, г, ғ, в*), 3) сөз басында кездеспейтін дауыссыздар (*ң, й*). Байырғы сөздердің бас позициясында сирек кездесетін фонемаларға *п, л, р* жатады. Дауыссыздар тобындағы *в, х, ф, ч* дыбыстарын қазақ тіліне орыс тілінен енген фонемалар деп көрсетеді. Дауыссыздардың дистрибукциясы жайында да кейбір мәлімет жоқ емес.

Қазақ тілінің фонемалар құрамына жан-жақты талдау жүргізіп, ғылыми қорытулар жасайды: І. Кенесбаев «Фонетикасында» қазақ тілінің буын құрылысы, буын жігі, буынның түрлері, буындардың бір-біріне ауысуы, жылысуы, буындағы дыбыстардың тіркесімі, буынның жаңа түрлері тәрізді мәселелер кең түрде баяндалған.

¹² Щерба Л. В. Фонетика французского языка. М., 1948.

І. Кеңесбаев фонациялық ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобын буын деп, буын жігінің экспирациялық теориясын жақтайды. Л. В. Щербаның¹³ буын жігі жайындағы теориясын негізге ала отырып буын ішіндегі дауыссыздарды экспирациялық күшіне (айтылуына) қарай: күшті бас дыбыс, күшті соңғы дыбыс деп екі топқа бөле жіктеген. Буын ішіндегі екі дауыссыздың алғашқы түрінің экспирациясы соңғысынан басым келсе, күшті бас дыбыс (немесе эксплозия дыбыс) болатыны; керісінше келсе, күшті соңғы дыбыс (немесе имплозия дыбыс) болатыны айтылған. Бұл мәселе — күні бүгінге дейін түркі тілдері фонетикасында (сондай-ақ қазақ фонетикасында) әңгіме болмаған жай еді.

І. Кеңесбаев сөздердің буын құрамына, буын алмасуына тоқтала келіп, буынның түрлерін — модельдерін анықтап көрсетеді, қазіргі қазақ әдеби тілінің буын жүйесінде байқалатын жаңа құбылыстарды да атап өтеді, мәселен: 1) буынның (немесе сөздің) екі дауыссыздан басталатын тенденциясы (*пленум*), 2) буын (не сөз) ішінде бір түрлі екі дауыссыз айтыла береді (*касса, коммуна*), 3) буын не сөздердің басында *л, р, г, п* дыбыстарының жиі келуі (*радио, лекция, газ, пролетариат*). 4) екі және одан да көп дауыссыздар өзара қатар тұрып, сөздің аяғында, басында келе беруі (*метр, литр, справка*), т. б.

Бұл ғалым қазақ тілінде сөздік екпіннен басқа ритмикалық (немесе фразалық) екпіннің барлығын нақтылы мысалдармен дәлелдейді. Қазақ екпіні, фонематикалық жағынан, негізінде, сөз айқындауыш динамикалық екпінде, орны жағынан тұрақты болады, оның өзі көбіне сөздің аяқ шеніне түседі. Сонымен қатар күшті екпіннің үстіне қосылатын (үстемдік) сан — квантитативтік екпінде бар. Көп буынды (әрине, үш буыннан артық) сөздерде сөз аяғында болатын негізгі екпіннен басқа бөлек көмекші екпіннің болатыны, ол көмекші екпіндердің орны айтылған. Қазақ акцентуациясының әлі анықталмаған жайлары көп, олар алдағы кезде тәжірибе фонетикасының әдістері арқылы зерттеліп шешілуі қажет. Мәселен, қазақ екпінінің фонетикалық табиғаты, орны эксперименттік жолмен айқындалуы тиіс.

¹³ Щерба Л. В. Фонетика французского языка. С. 79.

Аралбаев Ж. А. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. — Алматы: Ғылым, 1988. — 144 б.

Жұмыста қазақ фонетикасының зерттелу жайы, фонемалар құрамы және олардың айтылу ерекшеліктері, сингармонизм заңдылығы, буын жігі және просодиканың кейбір мәселесі баяндалады. Өзге түркі тілдерінің материалымен салыстырылып, тіліміздегі кейбір фонеманың дамуы көрсетіледі.

Еңбек ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындары студенттері мен мұғалімдеріне арналады.

Жауапты редакторы

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі
І. Қ. ҚЕҢЕСБАЕВ

Рецензенттер

филология ғылымының докторлары
Ғ. АЙДАРОВ, Т. ЖАНҰЗАҚОВ

А $\frac{4602000000-037}{407(05)-88}$ 125.88

ISBN 5-628-00125-2 Г

© Қазақ ССР-інің
«Ғылым»
баспасы,

ҚОЛДАНЫЛҒАН ТРАНСКРИПЦИЯ * МЕН КЕЙБІР ШАРТТЫ ТАҢБАЛАР

1. «У» әрпі жуан сөздерде «ұу» түрінде, жіңішке сөздерде «уу» түрінде беріледі: *сұу* (су), *тұуды* (туды), *құуат* (қуат), *барұу* (бару), *келуу* (келу), *үуәде* (уәде) т. б.

2. «И» әрпі жуан айтылатын сөзде «ый» түрінде, жіңішке сөзде «ій» түрінде жазылады: *кій* (ки), *кійім* (киім), *қыйсын* (қисын) т. б.

3. «Е, О, Ө» әріптері сөздің ең бас шенінде дифтонг сапасында (^йэ, ^уо, ^уө) жұмсалады: *йэмен* (емен), *йэртэң* (ертен), *уозат* (озат), *уол* (ол), *уөлең* (өлең), *уөт* (өт) т. б.

Сөздің ең бас шенінен басқа жерде «е» әрпі монофтонг — жалаң дауысты ретінде «э» түрінде жазылады: *йэлэк* (елек), *йэлгээр* (елгезер) т. б.

4. «Дж» аффрикаты «ж» түрінде, «ч» аффрикаты «тш» түрінде беріледі: *жартас* (джартас), *жалын* (джалын), *челек* (тшелек), *чопон* (тшопан) т. б.

5. «Б» ұяңы екі дауыстының аралығында кейде әнтек «в»-ға бейімделіп айтылады, ол w түрінде таңбаланады: *абайла* — *ашайла*, *тебен* — *тешен*, *себен* — *сешен*.

— Созылыңқы (*атā*).

— ерінмен айтылу / лабиализация (*қауын*)

— дауыстының келте, қысқа айтылуы — редукциясы
(*кісі*, *қызыл*)

* Транскрипцияның негізі болып орыс алфавиті алынды: Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі: Лексика, морфология. Алматы, 1962.

І. Кеңесбаев дауыстыларға байланысты үндесуді бұрын үндестігі (сингармонизм), дауыссыздарға байланысты үндесуді дыбыс үндестігі деп үндестік заңды кең мағынада түсінеді. Қазақ тілінде дауыстыларға байланысты үндестіктің екі түрі бар екені (езу және ерін үндестігі), ерін үндестігінен көрі езу (палатальды) үндестігі басым екені, ерін үндестігі жазу ережелерінде еленбейтіні орынды айтылған. Қазақ тіліндегі дыбыс өзгерістерін екі топқа жіктеп көрсетеді: 1) игерулі өзгерістер (яғни дыбыстардың неше түрлі комбинаторлық жолмен өзгеруі), 2) игерусіз өзгерістер (дыбыстардың спонтандық өзгеру жайлары).

Қазақ фонетикасының фактілері өзге түркі тілдерінің материалдарымен салыстырыла беріліп, салыстырмалы-тарихи фонетика жайында да пікір қозғалады. І. Кеңесбаев фонетика мәселелерін талдаумен байланысты қазақ тілінің сөйлеу және жазу нормаларына көңіл аударған. Тұңғыш рет қазақ тілінің фонетикалық транскрипциясын жасайды.

І. Кеңесбаевтың фонетика жөніндегі зерттеулері қазақ лингвистикасына қосылған ірі табыс, қазақ фонетикасы дамуының белді бір кезеңі болып саналатыны сөзсіз.

Қазақ фонетикасының айырым мәселелері ірі түркологтардың еңбектерінде салыстырмалы материал тұрғысынан сөз болып келді. В. А. Богородицкий¹⁴, С. Е. Малов¹⁵ сияқты көрнекті ғалымдардың жұмыстарын атап өтуге болар еді.

І. Кеңесбаев қазақ тілін, оның дыбыс құрылысын лингвистиканың соңғы табыстарына сәйкес зерттеуді, жаңа әдістермен зерттеуді ең басты міндет етіп қойған болатын. Әсіресе, қазақ тілінің дыбыс құрылысын қазіргі өскелең тәжірибе фонетикасының әдістері арқылы тексеруді күн тәртібінің бірінші мәселесі етіп қойды¹⁶. Соңғы кезде осыған орай қазақ тілінің дыбыс жүйесін тәжірибе фонетикасының әдістерімен зерттеу жұмысы қолға алына басталды. Тәжірибе фонетикасына байла-

¹⁴ *Богородицкий В. А.* Введение в татарское языкознание. Казань, 1934; Законы сингармонизма в тюркских языках // Вестник научного общества татароведения. 1927. № 6.

¹⁵ *Малов С. Е.* К истории казахского языка // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. 1941. № 3.

¹⁶ *Кеңесбаев С. К.* О некоторых насущных вопросах казахского языкознания // Вестник АН КазССР. 1954. № 4. С. 3.

нысты ондаған кандидаттық диссертациялар жазылды¹⁷ және бірнеше монографиялық еңбектер¹⁸ мен екі жинақ¹⁹ жарияланды. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты жанынан тәжірибе фонетикасының лабораториясы құрылды. Лаборатория ең қажетті құралдармен жабдықталуда. Осы ретте Одақтағы екі үлкен ла-

¹⁷ *Шварцман В. М.* Экспериментально-фонетическое исследование гласных французского языка сравнительно с гласными казахского языка: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. М., 1955; *Исенгельдина А. А.* Спектрально-рентгенологическое исследование сонорных согласных казахского и английского языков. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1960; *Туркбенбаев Н. У.* Интонация простых вопросительных предложений в казахском языке (экспериментально-фонетическое исследование). Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Москва — Алма-Ата, 1966; *Калиев Б.* Редукция узких гласных казахского и каракалпакского языков. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967; *Раимбекова М.* Длительность гласных в казахском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1968; *Джунисбеков А.* Гласные казахского языка (экспериментально-фонетическое исследование): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1969; *Татубаев С. С.* Статистический анализ спектров гласных. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1968; *Исаев М. К.* К вопросу о фонетической структуре слова в казахском языке (сравнительно с английским). Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1970; *Ибраев С. Р.* Фонетические особенности подражательных слов казахского языка (экспериментальное исследование. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1971; *Кошкарлов А. Б.* Спектральный анализ фрикативных согласных казахского языка в структурах типа СГС (экспериментально-фонетическое исследование). Автореф. дис. ... канд. филол. наук. М., 1972; *Тайлақбаев Б.* Экспериментально-фонетическое исследование шумных согласных казахского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1972; *Абуов Ж.* О влиянии фонологической системы языка на восприятие фонетических признаков гласных (экспериментально-фонетическое исследование на материале английского, казахского и русского языков). Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Л., 1978; т. 6.

¹⁸ *Нурмаханова А. Н.* Типы простого предложения в тюркских языках. Ташкент, 1965; *Талипов Т.* Гласные звуки уйгурского и казахского языков. Алма-Ата, 1968; *Аралбаев Ж.* Вокализм казахского языка. Алма-Ата, 1970; *Талипов Т. Т.* Развитие фонетической структуры уйгурского языка. Алма-Ата, «Наука», 1972; *Джунисбеков А.* Гласные казахского языка. Алма-Ата, 1972; *Джунисбеков А.* Сингармонизм в казахском языке. Алма-Ата, Наука. 1980; *Туркбенбаев Н. У.* Сравнительная фонетика современного русского и казахского языков. Алма-Ата, 1978; *Татубаев С.* Тайны звука. Алма-Ата, 1978; *Калиев Б.* Қазақ тіліндегі дауыстардың редукциясы (эксперименталды-фонетикалық зерттеу). Алматы, 1984; *Тайлақбаев Б.* Қазақ тіліндегі салдыр шұғыл дауыссыздар. Алматы, 1981.

¹⁹ Фонетика казахского языка: Сборник статей. Алма-Ата, 1969. Вопросы казахской фонетики и фонологии: Сборник статей. Алма-Ата, 1979.

бораторияның жәрдемін айрықша атап өтпеске болмайды, оның бірі — Ленинград университетінің Л. В. Щерба атындағы эксперименттік лабораториясы (ғылыми жетекшісі — Л. В. Бондарко), екіншісі — Москвадағы М. Торез атындағы Шет тілдер институтының эксперименттік лабораториясы (ғылыми жетекшісі — Л. П. Блохина).

Қазақ тілінің салыстырмалы-тарихи және салғастырмалы фонетикасы бойынша да құр алақан емеспіз, бұл салалардан азды-көпті істелген жұмыстар жоқ емес²⁰. Қазақ говорларының дыбыстық ерекшеліктерін жинап талдау жайында кейбір жұмыстар істелді²¹.

Совет дәуірі тұсында қазақ тілі фонетика мәселелері кеңінен зерттеліп, жоғары ғылыми сатыға көтерілді. 1940 жылға дейін фонетика саласында артикуляциялық сипаттау басым болып келсе, одан соң фонетика құрылыстары, көбінесе, фонетикалық тұрғыдан баяндала бастады. Фонетика тарауы қазақ лингвистикасының басты бір саласына айналды. Фонетика мен фонологияның алдағы кезде сөз болуға тиісті едәуір мәселелері бар. Ең алдымен қазақ тілінің дыбыс жүйесі тәжірибе фонетикасының сан алуан әдістері арқылы тексерілуі тиіс. Бұл тұста фонетика мәселелері екі топқа жіктеліп қаралуы жөн:

²⁰ *Жубанов Х.* К постановке исследования исторической фонетики казахского языка // Труды Казахского научно-исследовательского института национальной культуры. Вып. 1. Алма-Ата — Москва, 1935; *Аралбаев Ж. А.* Қазақ тілінің тарихи фонетикасына // С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің ғылыми еңбектері // Тіл және әдебиет. 25-т. 1957; *Құрышжанов Ә.* Қазақ тіліндегі «х» дыбысының қолданылу тарихынан // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960. 3-шығуы; *Зиновьев В. Н.* Сравнительный обзор основных различий между фонетическими системами русского и казахского языков // Халық мұғалімі. 1950. № 6, 7; *Симонова Е. Ф.* Итоги экспериментальной работы в области казахского и иностранных языков // Ученые записки казахского гос. университета. Серия языка и литературы. 1962, вып. 1; *Кенесбаева С. С.* Изучение влияния сингармонизма на фонетическое освоение слов, заимствованных из арабского и русского языков, методом спектрального анализа // Изв. АН КазССР. Серия филологическая. 1976. № 1.

²¹ *Досқараев Ж.* Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 2-шығуы; *Қалиев Ф., Сарыбаев Ш.* Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1967; *Омарбеков С.* Халықтық тіліміздегі тектес тілдер мен ортақ құбылыстар. Алматы, 1978; *Омарбеков С., Жүнісов А.* Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. Алматы, 1985.

бірі — сегменттік фонетика жайы, екіншісі — суперсегменттік фонетика мәселелері (яғни екпін, интонация). Тіліміздің фонема құрамын анықтап алуымыз жөн. Кейбір фонеманың статусы әлі белгісіз. Мәселен, *қ-ғ, к-г* дыбыстары жеке фонемаларға жата ма, екеуі архифонема-гиперфонеманы құрайды ма? Еңбектерде дербес-дербес фонемаларға жатқызып жүрміз. Шынында қосымша дистрибуция әдісін қолдансақ, олар жеке-жеке фонема болып есептелмейді.

Содан кейін *в, ф, х, ч, ц* кірме дыбыстары әрбіреуі қазіргі кезде қазақ тілінде дербес-дербес фонема статусына жетті ме немесе олар фонема варианттары ма? Бұл да әлі біржолата шешілмеген мәселе.

Немесе екпін жайын алайық: екпін қазақ тілінде белгілі қызмет атқара ала ма, жоқ па. Атқарса қандай қызмет атқарады?

Қазіргі кезде қазақ тілінде сөздік екпіннен гөрі ритмикалық-фразалық екпін бар деген мәселе көтеріліп жүр²². Бұлар эксперименттік, фонологиялық тұрғыдан жете зерттеуді қажет етеді. Қазақ просодикасын, интонациясын зерттеу, өзіне тән сырын, заңдылықтарын ашу — басты мәселелердің бірі.

Артикуляциялық және акустикалық фонетиканың әдістерін, табыстарын пайдалануымыз тиіс.

Қазақ тілінің фонема құрамы, фонемалардың өзгеруі, динамикасы, статикалық кезеңі жан-жақты зерттелуі қажет. Қазақ тілінің буын құрылысы, екпін, интонация жүйесі анықталуы тиіс. Қазақ фонетикасының жайы әрі синхрония, әрі диахрония тұрғысынан баяндалуы қажет.

Қазақ тілінің сырын терең білуде структуралық және математикалық лингвистиканың әдістерін жан-жақты пайдалануымыз тиіс. Сөзді автоматтық жолмен анықтау — фонетиканың басты міндетінің бірі.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі өзге туыс түркі тілдердің материалымен салыстырылып зерттелуі қажет.

Түркі тілдерді салыстыра тексеру мәселесі сатылау жолымен баяндалғаны ұтымды (қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері, қыпшақ тобындағы тілдер)²³.

²² Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. Алма-Ата, 1985.

²³ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970.

ФОНЕМА ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ

Фонема — тіл дыбыстарының мағына айқындайтын кезеңін қарастырады. Л. В. Щербаның айтуынша²⁴ сөзді және сөздің тұлғасын ажырататын дыбыс типі, дыбыстың айтылу түрі көп, шегі жоқ, бірақ олар орайласып бір дыбыс типін құрайды, оны фонема деп ұғамыз. Л. В. Щерба фонема жөніндегі теорияны жасады. Әрине, қазіргі тіл ғылымында фонема теориясы жайында пікір таласы жоқ емес (мәселен, Прага мектебі дескриптикалық лингвистика, глоссематика т. б.). Л. В. Щерба тілдің дыбыс кезеңдерін үш аспекті бойынша қарайды, оның бірі — социалдық немесе лингвистикалық аспекті, екіншісі — биологиялық аспекті, үшіншісі — физикалық аспекті. Бұл үш аспекті бойынша қазақ тіліндегі «жаз, жез, жон, жөн» сөздеріндегі дыбыстарды талдап қарайық. Акустика-физиологиялық жағынан қарағанда, жоғарғы төрт сөздегі дыбыстардың тең еместігін байқаймыз. Мәселен, төрт сөздің басындағы «ж» дыбыстары өзара салыстырылғанда, төрт түрлі айтылу ерекшелігі бар: бірінші сөздегі «ж»-дан гөрі екінші сөздегі «ж» жіңішке — тілдің алдыңғы базасымен жасалып тұр. Екінші сөздегі «ж»-дан гөрі үшінші сөздегі «ж» жуан — тілдің артқы базасынан жасалып, ерін оттеңімен айтылып тұр. Үшінші сөздегі «ж»-дан гөрі төртінші сөздегі «ж» жіңішке — тілдің алдыңғы базасынан жасалынып тұр. Ал, төртінші сөздегі «ж» дыбысына қарағанда, бірінші сөздегі «ж» дыбысы жуан айтылады да, бірақ айтылуында ерін оттеңі болмайды. Демек, акустико-артикуляциялық жағынан алғанда, төртеуі төрт түрлі дыбыс. Сондай-ақ одан кейінгі дыбыстар да акустико-артикуляция жағынан өзара үйлеспейтін дыбыстар. Мәселен, «жаз» сөзіндегі екінші дыбыс — тілдің артқы базасымен жасалатын езу дыбысы, «жез» сөзіндегі екінші дыбыс — тілдің алдыңғы базасымен жасалатын езу дыбысы, үшінші «жон» сөзіндегі екінші дыбыс — тілдің артқы базасынан жасалатын ерін дыбысы, ал төртінші «жөн» сөзіндегі екінші дыбыс — тілдің алдыңғы базасымен жасалатын ерін дыбысы. Демек, екінші жағдайда да акустико-артикуляциялық жағынан өзгешелігі бар, төрт түрлі дыбыс. Осылар тәрізді сөздерде кейінгі дыбыстары да акустико-артикуляциялық жағынан біркелкі емес. Тілдің осындай дыбыс кезеңдері

²⁴ Щерба Л. В. Фонетика французского языка. Л., 1937. С. 17.

толып жатыр. Ал енді жоғарыдағы айтылған дыбыстарды лингвистикалық аспекті бойынша қарайық.

Лингвистикалық аспекті тіл дыбыстарының сөз мағынасын айқындау жағын қарастырады, олай болғанда, «жаз, жез, жон, жөн» сөздерінің басындағы «ж» дыбыстарының сөз мағынасын айқындау жағы бар ма? Жоқ. Сөз басындағы «ж» дыбыстарының акустико-артикуляциялық өзгешелігі болғанымен, лингвистикалық-мағыналық өзгешелігі жоқ. Ал одан кейінгі «а», «е», «о», «ө» дыбыстарының сөз мағынасын айқындайтын қасиеті бар ма дегенде, сөзсіз, бар дей аламыз. Бұлар акустико-артикуляциялық жағынан біркелкі болмаған өзге дыбыстар еді. Демек, «ж» дыбыстарында болған ерекшеліктердің фонематикалық кезеңі жоқ та, ал «а», «е», «о», «ө» дыбыстарының фонологиялық кезеңі бар. Бұл дыбыстар арқылы сөз мағынасы өзгеріп тұр. Олай болса, қазақ тіліндегі «а», «е», «о», «ө» дыбыстары сөздің мағынасын айқындайтын дыбыс типтері болып есептеледі. Сондай-ақ қазақ тіліндегі «ескек, ерке, егеу, етек» сөздеріндегі «е» дыбыстарын акустико-артикуляция жағынан тең деуге бола ма? Жоқ, оларды тең деп алмаймыз. Осы сөздердің анлаут позициясындағы «е» дыбыстары ашық дифтонг түрінде айтылғанындай етіп жазатын болсақ, «й» деп жазар едік. Ал екінші буындағы «е» дыбыстары ондай ашық дифтонг сапасында айтылмай, дифтонгсыз жалаң монофтонг түрде айтылып тұр. Осыған қарай екеуін екі түрлі фонема деуге бола ма? Әлбетте, болмайды: «е» дыбысы фонетикалық жағынан екі түрлі көріністе айтылғанымен, екеуінің арасында мағына айқындау кезеңі жоқ. Олай болса, «е»-нің екі түрдегі көрінісі бір фонемаға орайласады. Сөздің анлаут позициясындағы ашық дифтонг «йэ» қазақ тіліндегі «е» фонемасының конкреттік көрінісі. Екіншіден, дауыссыз дыбыстар акустико-физиологиялық жағынан алғанда қазақ тілінде де, орыс тілінде де жуан және жіңішке түрінде айтылады. Мәселен, орыс тіліндегі «мел, мель, пыл, пыль, мол, моль» тәрізді сөздерде «л» дыбыстары жуан да, жіңішке де айтылып тұр. Осы сықылды қазақ тіліндегі «қал, көл, пал, піл, бол, бөл» сөздеріндегі «л» дыбыстары жуан да, жіңішке де айтылады. Демек, «л» дыбысының екі тілде де жуан, жіңішке көрінісі бар. Ал осы екі тілдегі «л» дыбысының жуан-жіңішкелік көрінісі лингвистикалық жағынан бірдей ме дегенде, сөзсіз, бірдей

емес. Орыс тіліндегі «л» дыбысының жуан-жіңішкелік көрінісі сөз мағынасын айқындауға қатысады да, қазақ тіліндегі «л» дыбысының жуан-жіңішкелік көрінісі сөздің мағынасын айқындауға қатыспайды. Олай болса, орыс тіліндегі «л» дыбысының жуан түрі бір фонема да, жіңішке түрі екінші бір фонема, ал қазақ тілінде ондай емес, екеуі бір фонеманың көрінісі. Екеуінің арасында фонематикалық ерекшелік жоқ. Демек, тілдердің дыбыстары акустико-артикуляциялық жағынан жалпы үйлес келгенімен лингвистикалық жағынан үйлеспейтінін байқаймыз. Бұл жағдай — әр тілдің фонема жүйесінің қасиеті. Сөйтіп, тілде дыбыс құбылыстары толып жатыр. Оларды акустико-артикуляциялық жағынан маңызды не маңызсыз деп жіктеуге болмайды. Тіл дыбыстарының бұл кезеңдерін тек лингвистикалық жағынан жіктеуге болады. Сондықтан сөз дыбысының акустико-артикуляциялық аспектілері лингвистикалық аспектіге тәуелді болады.

Тіл ғылымының бір тарауы фонология тіл дыбыстарының мағына атқаратын қызметін акустико-артикуляциялық кезеңімен байланысты диалектілік бірлікте қарайды.

Функциялық жағын қарастыратын фонология материалистік жаңа тіл ғылымының үлкен табысы. Буржуазия лингвистері фонема және фонология терминіне өзгеше мән береді: фонеманы акустикалық жағынан ерекшеленетін тіл дыбысы деп түсінеді. Соссюрдің ізімен фонеманы акустико-биологиялық аспектідегі сөз дыбысы деп танып, социалдық функциясынан тыс қарайды.

Жоғарыдағы айтылған фактіге қарағанда, тіл дыбысын жіктеуде акустико-биологиялық критерия мен лингвистикалық критерия дәл бірдей үйлес келмейді. Тіл дыбыстары акустико-физиологиялық жағынан әртүрлі болғанымен, лингвистикалық жағынан бір түрлі болуы мүмкін. Сондықтан тіл дыбыстарын лингвистикалық жағынан қараймыз. Тіл дыбыстары мағына айқындау жағынан бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Қандай бір сөз болмасын, әлденеше фонемадан құралады. Сөзде фонеманың саны аз да, көп те бола береді. Сөзден сөз өзгеше болу үшін сөздің күллі фонемалар сапасы өзге болуы шарт емес, бір сөзден бір сөз, біріншіден, фонеманың сапасы жағынан (*мал, тал, қал, бар, бер, бір, танг, тас, там*, т. б.), екіншіден, фонеманың саны жағынан (*бала, ала, ал*, т. б.), үшіншіден, фонеманың сөзде-

гі тәртібі жағынан (*тас, сат, қас, сақ, кет, тек, т. б.*) ажыратылып отырылады. Фонеманың конкрет жағдайда жасалатын түрлі акустикалық көріністері болады, мәселен, «жаз, жез, жон, жөн» сөздеріндегі «ж» фонемасының төрт түрлі акустика артикуляциялық өңі бар. Сондай-ақ, «ескек» сөзіндегі «е» фонемасының екі түрлі акустикалық көрінісі бар. Ал осы «ж», «е» фонемасындағы түрлі акустикалық көріністің болу себебі неде? Сөз мағынасын айқындайтын дыбыс типтері — фонемалар тілде жеке қолданылмайды, жеке қолданылғанда мағынасы да болмайды. Олардың семантикалық жағы сөз ағымында ғана байқалады. Осы сөз ағымында фонемалар түрлі фонетикалық жағдайға кездеседі. «ж», «е» фонемасындағы түрлі акустикалық көріністің болу себебі, олардың сөз ағымындағы әртүрлі фонетикалық жағдайынан. «Жаз» дегенде «ж»-ның жуан болуы соңындағы жуан «а» дауыстысына, «жез» дегенде «ж»-ның жіңішке болуы соңындағы жіңішке «е» дауыстысына байланысты. Сондай-ақ «жон» сөзінде «ж»-ның еріндік оттеңімен айтылуы соңындағы еріндік «о» дауыстысына байланысты. Ал, «е» фонемасының ашық дифтонг *йә* түрінде айтылуы — сөздегі позициясына байланысты.

«Қызыл, кісі» сөзіндегі «ы», «і» фонемаларын акустикалық жағынан тең деуге бола ма? Жоқ, тең деуге болмайды: екінші буындағы «ы», «і» қысандарынан гөрі бірінші буындағы «ы», «і» қысандары екпінге байланысты көмескі айтылып, редукция басқышына еніп тұр. Ал кейде «ы», «і» қысандары күшті фонетикалық жағдайға ұшырап, өзінің сапасын да жоғалтады: *ерін-і — ерні, орын-ы — орны, қарын-ы — қарны, ерік-і — еркі, т. б.*

Ал, екіншіден, «жаз, жез, жүз» сөздеріндегі «а», «е», «ү» дыбыстарының ерекшеліктері жоғарыда айтылғандай фонетикалық жағдайдан жасалған ба? Жоқ, бұлардың ерекшелігі фонетикалық жағдайдан емес, фонематикалық кезеңге байланысты: «а», «е», «ү» дыбыстарының арасындағы ерекшеліктері фонематикалық кезеңге байланысты болғандығынан, әрбіреуі дербес фонеманы білдіреді. Демек, фонеманың көрінуі — фонетикалық жағдайға байланысты емес. Осыған қарама-қайшы «жаз, жез, жүз» сөздеріндегі «ж, ж, ж» дыбыстарының ерекшелігі фонетикалық жағдайдан жасалғандығынан сөз мағынасын айқындауға септігі жоқ. Олай болса, «ж, ж,

ж» дыбыстары сөз мағынасын айқындайтын бір дыбыс типін жасайды да, тілдің өзге фонемаларына қарсы қойылады. Сөйтіп, фонетикалық жағдай (екпінге, сөздегі орнына, көршілес дыбыстарға байланысты) сөз ағымында фонеманың заңдылық көріністерін жасап, акустикалық шегін айқындайды.

Фонема теориясының мәні мен жаңалығы неде дегенде, мына екі мәселеде: біріншіден, фонема жөніндегі оқу — тіл дыбысын — фонеманы сол тілдің жалпы фонемалар жүйесінен жеке алып қарамайды. Мәселен, қазақ тіліндегі «а» фонемасы тек қана акустика-физиологиялық ерекшелігімен емес, мағына айқындау ерекшелігімен осы тілдегі өзге дауысты фонемаларға (а, е, о, ө, у, ү, ы, і, и, у) қарсы қойылып айқындалады. Фонологияның мәні мен жаңалығы екіншіден, фонеманың варианттары жөніндегі іліміне қатысты. Л. В. Щерба фонеманың варианттары жөнінде дербес теория жасады. Фонемалар тілде дербес қолданылмайды, тек сөзде ғана қолданылады. Сөз дыбыс тіркесімінен құралады. Сөз ішінде фонема түрлі фонетикалық жағдайға байланысты сөздегі алатын орнына, екпінінің жайына қарай әртүрлі реңкте айтыла береді²⁵. Демек оны фонеманың комбинаторлық не позициялық варианттары деп атаймыз. Комбинаторлық варианттың мағына айқындау жағы болмағандығынан социалдық мәні де болмайды. Сөйтсе де, вариантсыз фонема болмайды. Тілдегі дыбыстың қайсысы болмасын, белгілі бір фонеманың көрінісі. Фонема және оның варианты диалектілік бірліктегі категория. Варианттар фонетикалық жағдайға тәуелді болса, ал фонема тәуелсіз болады. Бір фонеманың комбинаторлық варианттары екінші бір фонемаға үйлес келмейді. Фонема дегеніміздің өзі мағына айқындау функциясы бар акустикалық жағынан шектелінген дыбыстар тобы. Фонема тілде неше түрлі комбинаторлық вариантта келсе де, оның белгілі артикуляторлық-акустикалық шегі болады. Бір фонемадан екінші бір фонеманы ажыратуымыздағы себептің бірі — акустикалық шегінде. Олай болса, бір фонеманың комбинаторлық варианты екінші бір фонемаға үйлес келмейді. Осы күнгі кейбір фонологиялық еңбектерде фонеманы тануда екінші бір жай бар. Р. И. Аванесов, П. К. Кузнецов, В. Н. Сидоров тіл дыбысының

²⁵ Сонда. 17-6.

функциялық кезеңіне мән береді де, оның акустико-артикуляциялық жағын естен шығарады. Р. И. Аванесов пен В. Н. Сидоров «Очерк грамматики русского литературного языка» (Москва, 1945) деген еңбекте функциясына қарай фонема модификациясының екі түрі бар, оның бірі — вариациялар да, екіншісі — варианттар деп көрсетеді. Бұл авторлар фонеманың комбинаторлық варианттарын вариациялар деп, ал фонеманың комбинаторлық алмасуын варианттар деп қарайды. Дәл осындай пікірді И. А. Батмановтың «Фонетическая система современного киргизского литературного языка» (1946, Фрунзе) деген еңбегінен де байқауға болады.

Жоғарыдағы айтылған пікірге қарағанда бір фонеманың варианттары акустико-артикуляциялық жағынан екінші бір фонемадан өзгешелігі болмай, оның сапасымен үйлесіп келетін болады. Демек, олардың айтуынша, фонема дегеннің өзі функциясы жағынан үйлес келетін әлденеше фонеманың дыбыстық синонимы болып танылады. Акустико-артикуляциялық жағынан бір фонеманың комбинаторлық варианттары өзге фонемаларға үйлес келетін болады. Фонема мен фонеманың материалдық-дыбыстық жағынан шекарасы болмай, тек функциялық жағынан шекарасы ғана болатын көрінеді. Варианттар материалдық-дыбыстық жағынан өзге фонемаға үйлес келетін болады. Осыған қарағанда, қазақ тіліндегі «колхозшы—колхошшы, жазса—жасса» сөздеріндегі негізгі морфемадағы «з» ұяңы қосымша басындағы қатаң дыбыстардың ықпалынан «ш, с» қатаңдарына өтуіне қарай, «ш, с» қатаңдарын «з» фонемасының комбинаторлық варианты деп айтуға үйлесетін көрінеді.

Немесе қабы (қап+ы), терегі (терек+і), балығы (балық+ы) сөздерінде түбір морфема соңындағы «п, к, қ» қатаңдары қосымшадағы дауысты дыбыстың ықпалынан ұяндайды (п-б, к-г, қ-ғ). Олай болса, түбір морфема соңындағы «б, г, ғ» ұяңдарын «п, к, қ» қатаңдарының комбинаторлық варианты деп қорытуға болатын сияқты.

Негізінде жоғарыда айтылған пікірде мәселені осылай қарауды талап етеді және осылайша қараған. Егер де «ш, с» қатаңдарын (колхозшы — колхошшы, жазса — жасса) ұяң «з» фонемасының комбинаторлық варианты деп қарайтын болсақ, онда «шоқ, саз, гөш, бас» сөздеріндегі «ш, с» фонемасының материалдық, яғни акустико-артикуляциялық жағы болмайтыны ма? Немесе, «б, г, ғ» ұяң-

дарын (қап-ы — қабы, терек-і — терегі, балық-ы — балығы) қатаң «п, к, қ» фонемаларының ұяң комбинаторлық варианттары деп танығанымызда, «бала, гүл, қағаз» сөздеріндегі ұяң «б, г, ғ» фонемаларының акустико-артикуляциялық ерекшелігі назарға алынбай, күңгірт қалып қояды. Лингвистикада едәуір уақыттан бері фонетика және фонология болып жарысып айтылып келеді. Соссюр²⁶, қала берді С. Н. Трубецкой²⁷ фонетика мен фонологияны екі түрлі нәрсе деп қараған. Фонетика сөзі кеңінен таралып, қалыптасты. Ал енді фонология аты лингвистиканың Прага мектебімен байланысты таралды. Олардың айтуынша, фонетика тіл дыбыстарының жасалуын, қасиетін, түрін, жігін тексереді, осы жайды фонология атқарады деп көрсеткен. Күні бүгінге дейін фонетика мен фонология арасын жіктеушілік, екеуін екі түрлі зат деп танушылық етек алып келеді. Марксистік тіл ғылымы екеуін тұтас бір зат деп қарайды. Лингвистиканың бір саласына енеді. Фонетика көбіне тіл дыбыстарының артикуляторлы-акустикалық кезеңіне, фонология болса, тіл дыбыстарының атқаратын қызметіне аса назар аударады.

Фонологияның теориясы, әдістері функционалды лингвистикаға байланысты туылды²⁸. Фонетиканың ең басты мәселесі — тілдің фонемалар жүйесін, фонемалар құрамын айқындау. Фонеманың сырын ашу туралы бірнеше көзқарас, теория бар. Фонема — сөздің мағыналық жағын ажырататын кішкене кесек, дыбыс типі. Фонема теориясы да дамып келеді²⁹.

Фонетиканың теориялық мәні ерекше. Тіл тарихы, этимология, тіл туыстығының, тілдердің қарым-қатынасының толып жатқан шым-шытырман мәселесі фонетикасыз шешілмейді. Тіл-тілдегі дыбыстық ұқсастықтар мен ортақ жайларды және жеке, нақты заңдылықтарды ғылыми тұрғыдан білмейінше, жеке бір сөздің шығу, даму, өзгеріс жолдарын білу, ол сөздің басқа сөздермен байланысын ашып, айқындау мүмкін емес.

Фонетиканың практикалық мәні де айрықша. Фонетикасыз ана тілі дыбыстарын дұрыс айта білу, шет тілін үйреніп, ол тілде сөйлей білу, алфавит жасау, орфография, орфоэпия заңдары мен қағидаларын қалыптастыру

²⁶ Соссюр. Труды по языкознанию. М., 1977.

²⁷ Трубецкой С. Н. Основа фонологии. М., 1960.

²⁸ Новое в лингвистике. М., 1962. Вып. 3.

²⁹ Сонда. 4-шығ.

мүмкін емес. Әдетте, бір тілдің дыбысы екінші тілде сөйлейтін адамға жат болып көрінеді. Әр халыққа өз тілінен басқа тіл — «тіл емес, бірдеңе» сияқты көрінеді. Ал екінші тілді білген адамға олай емес. Соған көз жеткізетін нәрсе — сол тілдің фонетикасын меңгеру. Тіліміз әр түрлі дыбыстық үзіктерден құралады. Сөйлеудің дыбыстық үздіктерінің ең қысқасы — дыбыстық единица, яғни дыбыс. Дыбыстардан буын құралады. Буындарды, дыбыстарды айтудың тақтысы, яғни сөйлеу тақтысы болады. Сөз ішіндегі дыбыстар (фонемалар) — тілдің материалдық бөлшегі. Дыбыстардың сөз ішінде тіркесуінде белгілі бір заңдылықтар, сәйкестіктер болады. Фонетика тіл дыбыстарына қатысты осындай ерекшеліктерді тексереді.

Дәлірек айтсақ, фонетика — тіл дыбыстары, яғни фонемалар туралы, тіл-тілдегі дыбыстық ерекшеліктер мен заңдылықтар туралы ілім.

Тіл дыбыстары — күрделі құбылыс. Өйткені әр дыбысқа тән басты үш ерекшелік (қасиет) болады: бірі — дыбыстың акустикалық (физикалық) ерекшелігі, екіншісі — дыбыстың физиологиялық (анатомиялық) ерекшелігі, үшіншісі — дыбыстың қоғамдық (яғни әлеуметтік) ерекшелігі. Бұл үш ерекшелік әр дыбысқа тән, әр дыбысқа бірдей, әр дыбысты айтқанда, қолданғанда, бір мезетте болатын (бірі — ерте, бірі — кеш пайда болмайтын) қасиеттер. Сондықтан тіл дыбыстарын сипаттағанда, оған әрі физик, әрі физиолог, әрі лингвист тұрғысынан қарауға тура келеді.

Осыған орай, фонетиканы — тіл дыбыстарын зерттейтін ілімді үш салаға бөледі: функционалды фонетика, артикуляторлы фонетика, акустикалық фонетика. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Мұның ішінде лингвистиканың басты объектісі — тілдің қоғамдық, яғни әлеуметтік жағы. Бұл — функционалды фонетиканың объектісі. Функционалды фонетиканы фонология деп те атайды. Функционалды фонетика тіл дыбыстарының адамдардың қатынас жасау процесіндегі әлеуметтік жақтарын, қалпын зерттеп, тексереді. Дыбыстың әлеуметтік (қоғамдық) мәні айрықша. Дыбыстардың өзіне тән белгілері сол тілде сөйлеушілердің тарихи-қоғамдық тәжірибесіне, ұзақ замандар бойы қалыптастырған дәстүрлеріне байланысты болып келеді. Өйткені бір тілде сөйлеушілердің қоғамдық дағдылары сол тілдегі дыбыстардың

жасалу ерекшеліктерін және акустикалық жақтарын айқындайды.

Артикуляторлы фонетика тіл дыбыстарының жасалу жолдарын тексереді, акустикалық фонетика дыбыстардың физикалық сипатын қарастырады. Бұл екеуін, яғни дыбыстардың акустикалық және артикуляторлық жағын қарастыру лингвистика үшін аса маңызды. Өйткені бұлар тіл дыбыстарының қоғамдық, әлеуметтік қызметімен тығыз байланысты. Дыбыстардың акустикалық белгілері — сол дыбысты тыңдаушы, қабылдаушы, айқындаушы үшін танылатын белгілер, дыбыстардың анатомия белгілері — сол дыбыстарды айтушы тұрғысынан танылады.

Зерттеу, баяндау сипатына қарай фонетиканы төрт салаға — төрт типке бөлуге болады: статистикалық немесе сипаттамалы фонетика, тарихи фонетика, жалпы фонетика, экспериментальды фонетика. Аттарының өзінен ақ көрініп тұрғанындай, статистикалық фонетика бір тілдің дыбыстық жүйесінің қазіргі бүгінгі қалпын синхрондық тұрғыдан сипаттап, баяндайды, тарихи фонетика бір тілдің немесе туыстас тілдердің (қазақ, қырғыз, башқұрт т. б.) дыбыстық жайларын, заңдылықтарын диахрониялық тұрғыдан зерттеп, ортақ белгілерін, өзгерістерін айқындайды, жалпы фонетика — фонетиканың теориялық бөлімі, жалпы фонетика тіл атаулыға тән дыбыстық ерекшеліктер тіл-тілдің дыбыстық жүйесіндегі ортақ белгілер жөнінде ғылыми қорытындылар жасайды, сол қорытындылар нәтижесінде дыбыстарға тән қасиеттерді зерттеп, тексеру, қыр-сырын ашу әдістері туралы практикалық кеңестер береді. Экспериментальды фонетика тіл дыбыстарын техникалық құралдар арқылы анатомия-физиологиялық, акустикалық және әлеуметтік қызметтері тұрғысынан тексереді.

Қорытып айтсақ, фонетика дыбыстау аппаратын, яғни сөйлеу мүшелері мен олардың қызметтерін, дыбыстардың айтылу, акустикалық ерекшеліктерін, фонемаларға тән белгілерді, оларды таптастыру, сөйлеу тақтысы, буын, екпін, интонация, тіл дыбыстарының өзгеру заңдылықтары мен дыбыстық сәйкестіктер, алмасулар деген сияқты толып жатқан теориялық та, практикалық та мәселелер жөнінен толық мағлұмат береді. Соңғы жылдары фонема теориясы дами түсті. Бұрынғы кезде фонема өзінен басқа кішкене элементтерге жаралмайды деген көзқарас басым болып келген еді. Келе-келе ол жай олқы болып

шықты. Фонеманы ажырататын белгілер анықталды. Мәселен «жаз, жас» сөздерінде келетін «з, с» ызындары әр біреуі үш түрлі белгіден құралады: З — тілалды — тіс, ұяң және ызың, С — тілалды — тіс, қатаң және ызың. «З, С» ызындары ұяң, қатаң» белгілері арқылы фонеманы ажыратады: (жа^за).

Акустикалық фонетиканың нәтижесінде Р. Якобсон³⁰, Г. Фант, М. Халле тілдерде ұшырасатын 12 түрлі қосалқы ажыратушы белгілерді көрсетті. Қосалқы ажыратушы белгілер бір тілде аз болуы да, көп те болуы мүмкін. Фонологияның басты бір мәселесі — фонемалар оппозициясы. Фонема оппозиция теориясының дамуы Н. С. Трубецкойдың атымен байланысты.

Тілдің фонема жүйесі екі түрлі жақтан қаралуы тиіс: бірі парадигмалық жағынан, екіншісі — синтагматикалық тұрғысынан, мәселен: *бас, тас, жас, қас* — мұнда *б, т, ж, қ* дауыссыздары бір-біріне қарсы қойылған. Сол арқылы *б, т, ж, қ* төрт түрлі фонема жасалған.

Тас — *тес, тыс* — *тіс, тос* — *төс* десек, кіші қосақтарды жасайды (минимальные пары). Осы екі кезенді тұтас алғанда тілдің дыбыс жүйесі құралып, «өлке — өлкө, көбелек — көбөлөк, жазса — жасса, қосшы — қошшы» деген сөздерде бірінші буындағы ерін «ө» дыбысының салдарынан соңғы буындағы езу дыбысы (е) сингармонизм заңы бойынша ерін үндестігіне ауысады (көбөлөк). Сондай-ақ «ш» дыбысының әсерінен *с* → *ш* алмасады (*қосшы* — *қошшы*). Синтагматикалық заң бойынша сөздің басқы буыны фонема жағынан әлді келеді де, соңғы буындары әлсіз келеді (соның басты бір түрі сингармонизм).

Жалпы лингвистикада фонема туралы бірнеше бағыт бар. Совет тіл ғылымында фонологияның Москва мектебі, Ленинград мектебі және структуралық бағыт бар. Москва мектебі сөзді тұтас алып талдау жасайды. Фонеманы айқындауда сөздің екі позициясы болады: әлдікүшті позициясы, мұнда фонема өз қалпын сақтайды. Екіншісі, әлсіз-күшсіз позиция, мұнда фонемалар әртүрлі өзгеріске түседі. Москва мектебі бойынша фонема күшті-әлді позиция арқылы айқындалады: *өр* — *лө* — *дү* (өрледі) әлсіз позициядағы дыбыстар фонеманың вариациясы, варианттарын құрайды. Архифонема-гиперфонема

³⁰ Новое в лингвистике. М., 1963. Вып. 3.

дегенді немесе «Фонема қатарын» жасайды. Қазақ фонетикасының материалы Ленинград фонология мектебінің жайы (фонеманың дербестігі) негізге ала талданды. Сонымен бірге Москва (сөзді тұтас қарау, әлді және әлсіз позицияға жіктеу) және структуралық лингвистиканың (фонеманы анықтайтын белгілер) табысын елемей кеткен жоқ.

ҚАЗАҚ ВОКАЛИЗМІ

Қазіргі қазақ тілінде он бір дауысты фонема бар. Вокализм солардың өзара қарым-қатысынан құралады³¹. Оның тоғызы монофтонг. Жалаң дауыстылар: *а, е-э, о, ө, ы, і, ұ, ү, ә*, қалған екеуі — дифтонг дауыстылар: *и, у*. Түркі тілдердің біразында (қырғыз, алтай, түркпен т. б.) дауыстының қысқа не созылыңқы айтылуы белгілі мағынамен байланысты болып келеді: қырғыз тілінде «мал» сөзі «мал» мағынасында айтылса, кейде уақыт, мезгіл (мал) мағынасында қолданылады; «әр» сөзі «әрі» мағынасында айтылса, «әр» ат абзалы мағынасында жұмсалады. Осы тәрізді түрікмен тілінде «ак» етістік «ақ» сын есім мағынасында айтылады.

Қарақалпақ тілінде фарингалы *h* спирантының сапалық редуциясының нәтижесінде «а»-ның фонематикалық кезеңі пайда болады: *сат* (саһат), *қанат* (қанаһат).

Дауыстылар фонетикалық жағдайына қарай әртүрлі комбинаторлық варианттарда келе береді: мәселен, *е, о, ө* дауыстылары сөздің бас позициясында үнемі ашық дифтонг (*йэ, уо, үө*) сапасында айтылады: *йекі* (екі), *йешкі* (ешкі), *йерте* (ерте), *йерке* (ерке), *уол* (ол), *уотан* (отан), *уожау* (ожау), *үөгіз* (өгіз), *үөзі* (өзі) т. б. Сөздің өзге шенінде бұл дауыстылардың ешқайсысы дифтонг түрінде кездесе алмайды. Анлауттағы *йэ, уо, үө* ашық дифтонгтері мен сөздің өзге шенінде келетін *э, о, ө* монофтонг — жалаңдарының арасында фонематикалық ерекшелік жоқ. Сондықтан *йэ, уо, үө* дифтонгтерін *э, о, ө* фонемаларының сөз басында айтылатын комбинаторлық не позициялық варианттары деп қараймыз. Дауысты фонеманың негізгі варианты көбіне екпінді позицияда айқындалады, ал екпінсіз позицияда дауыстылар сан, сапа жағынан түрлі редуция басқышымен

³¹ Кеңесбаев І. Қ., Мұсабаев Ф. Ф. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962.

айтылады балалар (*балдар*). Дауыстылардың акустика-артикуляторлық жағынан ерекшеліктері:

Тіл арты езу фонемасы: *a* — тіл таңдайдың артқы шеніне қарай жиырылуынан жасалатын (гуттураль — жуан) мейлінше ашық-төмен, езулік фонема: иек мейлінше төмен түсіп, ауыз қуысында үлкен резонатор жасалады да, тілдің барлық дерлік денесі кейін қарай жиырылады. *A* фонемасы сөздің барлық шенінде жиі ұшырайды: *аға, ат, бала, балалар, хабар, жаса, жазған* т. б. Бұл фонема өзбек тілінде³² лабиалды — ерінмен айтылады: *ота* (ата), *бола* (бала), *бош* (бас); *от* (ат), *она* (ана), *нон* (нан) т. б. *A* дауыстысының ерінмен айтылу жайы татар, башқұрт т. б. қыпшақ тобындағы түркі тілдерінде байқалады. «*A*» фонемасының саны мен сапасы фонетикалық жағдайына қарай түрліше болады. «Шағала» сөзіндегі «*a*»-ларды бір-бірімен салыстырып қарағанда үшеуі фонетикалық жағынан бірдей емес, бірінші мен екінші буындағы *a* үшінші буындағы *a*-дан түрлі редукция басқышымен өзгешеленеді. Кейде редукция күшті болу нәтижесінде *a* сан мен сапа жағынан толық фонетикалық нольге айналады (элизия): *қар(a)* ат (қара ат), *бар(a)* алады (бара алады), т. б.

Қазақ тіліне ең жақын қарақалпақ тілінде кейде етістік түбіріндегі латераль дыбысының толық редукцияға өтуімен *a* фонемасының жарты созылынқы варианты да жасалады: *қаса* (қалса), *аса* (алса), т. б.

Қазақ тілінің сөздік қорында *a* фонемасы өзінен бұрынғы *a, ʏ, o, y, ы* дауыстыларының біреуі болған буындарда қолданылады: *адам, қара, сұра, ұрпақ, шыра* т. б. Ал бергі кезде қазақ тілінің даму процесі бұл заңды өзгерте бастады: *хызмет, кітап, гектар, лента, лексика, механика, металл, театр*, т. б.

Тіл орта ету формасы: *ы* — тіл орта (гуттурал — жуан), көтеріңкі — қысан, езу фонема. *Ы* фонемасы сөздің барлық шенінде келе береді: *ыдыс, ық, ыстық, жылылық, мылтық, ыза, ырым*, т. б. *Ы* қысаңы *л, р*, сонорынан бұрын және сөздің екпінсіз позициясында түрлі редукция басқышына енеді: *қрық, қзыл, қзық, пшақ, қтық, қсыр, шбық*, т. б. Кейде сөздің екінші екпінсіз буынында (*р* мен *н*-ның, *у* мен *з*-ның, *р* мен *к*-ның, *й* мен *н*-ның аралығында) *ы* дыбысы фонетикалық нольге

³² Решетов В., Шоабдурахмонов Ш. Фонетика. Ташкент, 1953. 18—19-б.

айналады: *орын-ы — орны, қарын-ым — қарным, мұрын-ы — мұрны, ауыз-ым — аузым, бөрік-і — бөркі, ерін-і — ерні, ойын-ы — ойны*. Мұндай жағдайда ритмикалық екіпіндегі сөз тіркесінде де байқалады: *тор ат* (торы ат), *сар адам* (сары адам), *сар май* (сары май), т. б. Сондай-ақ *ы* қысаңына біткен сөздер ашық дауыстыдан басталатын қосымша қосылғанда *ы* сан-сапа жағынан толық редуцияланады: *алты-ау — алтау, оқы-у — оқу*, т. б. Онда *ы* қысаңы фонематикалық сапасынан айрылады. *Ы* фонемасы қосымшада *і* фонемасымен комбинаторлы түрде алмасады:

бала	ы	мал	ы	
	с		д	т. б.
іні	і	жел	і	

Тіл алды мейлінше ашық езу фонемасы *ә* — тіл таңдайдың алғы шеніне жуықтаудан жасалатын (палаталь — жінішке) мейлінше ашық-төмен езу фонемасы. *Ә* фонемасын айтқанда тіл ілгері созылып, иек мейлінше төмен түседі, ауыз қуысында үлкен резонатор жасалады. *Ә* фонемасы сөздің бірінші және екінші буындарында кездесе береді: қазақ тілінде өзге дауысты фонемаларға қарағанда, *ә*-нің қолданылуы мөлшерлі, көбіне шығыс тілдерден енген сөздерде ғана кездеседі. Ал байырғы сөздерде аз қолданылады, қосымшада ұшырамайды. Осыған қарағанда, *ә* дауыстысын қазақ тілінде бергі кезде пайда болған туынды фонема деуге болады. Осы күнгі түркі тілдерінің кейбіреулерінде *ә* дербес фонема сапасында кездесе (қарақалпақ, ноғай, т. б. тілдерінде), ал кейбіреулерінде дербес фонема сапасында қолданылмайды (құмық тілі). Н. А. Баскаков³³ *ә* дауыстысы қарақалпақ тіліне шығыс тілдерден (араб-парсы тілдерінен) енді деп қорытады. Проф. С. Кеңесбаев³⁴ *ә* дыбысы фонема ретінде қазақ тіліне бергі кезде пайда болды деп түсіндіреді. Араб, иран тілдерінде әлденеше фарингаль—көмей фонемалары бар. Мәселен, Н. В. Юшманов³⁵ араб тілінде енетін семит тілдерінен алты көмей дыбысын көрсетеді. Семит тілдерінде көмей — фарин-

³³ Баскаков Н. А. Қарақалпақский язык. М., 1952. Ч. 2. С. 34.

³⁴ Кеңесбаев С. Осы күнгі қазақ тілінің дауысты дыбыстары // Халық мұғалімі. 1949. № 5.

³⁵ Юшманов Н. В. Семито-хамито-яфетическне сжаторганые // Язык и мышление. М.; Л., 1958. Т. 11. С. 395.

галь дыбыстарымен тетелес келген өзге дауысты дыбыстар үнемі жіңішкеру (палатализация) қасиетіне ие болады. Семит тілдеріндегі осындай жағдай екінші бір тілдерге енгенде не жіңішкелік, не жуандық дыбыстарымен беріледі.

Қазақ тіліне өте жақын қарақалпақ тілінде *ә* көбінесе көмей дыбысы (*h*) бар жерде кездеседі: *әкім, әрекет, әһмиет, мәһәл, әзір, бәрһә, бәһәр*, т. б. Ал осы тәрізді араб, парсы сөздерінде қазіргі *ә*-нің орнында *о* баста *а* дыбысы болғаны айқын. Семит тілдерінде *а* дыбысы көмей дыбысының әсерінен жіңішкеру (палатализация) қасиетіне ие болған. *А*-ның жіңішке *ә* дауыстысын туғызғанын көреміз. Мүмкін, *ә* әуелі *а*-ның жіңішке фонетикалық варианты есебіне жүрген болуы керек. Тілдегі дыбыстың фонетикалық варианты тілдің даму барысына байланысты кейде фонемаға өтетін сияқты *ә* дауыстысы соңғы кезде дербес фонема сапасына ауысқан болуы керек. Қазіргі кейбір түркі тілдерінде *ә* дербес фонема сапасында қолданылса, ал кейбіреулерінде олай емес, дербес фонема бола алмайды, *а*-ның жіңішке фонетикалық варианты есебінде жүргізіледі. Демек, қарақалпақ тіліндегі *ә* дауыстысын бергі кезде жасалған туынды фонема деп білеміз. Бұған екі дәлеліміз бар: біріншіден, қарақалпақ тілінің сөздерінде *ә* фонемасы көбіне сөздің бас буынында ғана кездеседі, ал, қосымшада ұшырамайды. Екіншіден, *ә* көбіне шығысы өзге тілдерден болған (араб, парсы) сөздерде қолданылады.

Тіл алды ашық езу фонемасы: *е* — тіл алды таңдайдың шеніне жуықтаудан жасалатын (палаталь жіңішке) ашық-орта, езу фонема. *Е* фонемасы сөздің барлық шенінде келе береді: *еркек, ерке, мереке* т. б. *Е* фонемасы сөздің анлаут позициясында ашық дифтонг сапасында айтылады: *йәрте* (ерте) *йәр* (*ер*), *йәртек* (*ертек*), *йәреже* (*ереже*) т. б. *йә* иотациясы қарақалпақ ноғай тілдерінде де кездеседі, ол тілдерде *йә* иотациясы қазақ тіліне қарағанда күштірек айтылады. Әсіресе, екпінді позицияда дәл екі дыбыстың құрамы ретінде келеді: *йәкі* (*екі*), *йәр* (*ер*), *йәне* (*ене*), *йәшкі* (*ескі*), т. б. Кейбір түрік тілдерінде, мәселен, қырғыз түрікмен тілдерінде *е* сөз басында ашық дифтонг түрінде кездеспейді. Татар, башқұрт, сондай-ақ хакас тілдерінде *е* дыбысының орнында түбірде *и* (*е—и*), аффиксте *ә/е ә/а* айтылады. Өзбек және ұйғыр тілдерінде *е* орнына түбірде де,

дарын (*қап-ы — қабы, терек-і — терегі, балық-ы — балығы*) қатаң «п, к, қ» фонемаларының ұяң комбинаторлық варианттары деп танығанымызда, «*бала, гүл, қағаз*» сөздеріндегі ұяң «*б, г, ғ*» фонемаларының акустико-артикуляциялық ерекшелігі назарға алынбай, күңгірт қалып қояды. Лингвистикада едәуір уақыттан бері фонетика және фонология болып жарысып айтылып келеді. Соссюр²⁶, қала берді С. Н. Трубецкой²⁷ фонетика мен фонологияны екі түрлі нәрсе деп қараған. Фонетика сөзі кеңінен таралып, қалыптасты. Ал енді фонология аты лингвистиканың Прага мектебімен байланысты таралды. Олардың айтуынша, фонетика тіл дыбыстарының жасалуын, қасиетін, түрін, жігін тексереді, осы жайды фонология атқарады деп көрсеткен. Күні бүгінге дейін фонетика мен фонология арасын жіктеушілік, екеуін екі түрлі зат деп танушылық етек алып келеді. Марксистік тіл ғылымы екеуін тұтас бір зат деп қарайды. Лингвистиканың бір саласына енеді. Фонетика көбіне тіл дыбыстарының артикуляторлы-акустикалық кезеңіне, фонология болса, тіл дыбыстарының атқаратын қызметіне аса назар аударады.

Фонологияның теориясы, әдістері функционалды лингвистикаға байланысты туылды²⁸. Фонетиканың ең басты мәселесі — тілдің фонемалар жүйесін, фонемалар құрамын айқындау. Фонеманың сырын ашу туралы бірнеше көзқарас, теория бар. Фонема — сөздің мағыналық жағын ажырататын кішкене кесек, дыбыс типі. Фонема теориясы да дамып келеді²⁹.

Фонетиканың теориялық мәні ерекше. Тіл тарихы, этимология, тіл туыстығының, тілдердің қарым-қатынасының толып жатқан шым-шытырман мәселесі фонетикасыз шешілмейді. Тіл-тілдегі дыбыстық ұқсастықтар мен ортақ жайларды және жеке, нақты заңдылықтарды ғылыми тұрғыдан білмейінше, жеке бір сөздің шығу, даму, өзгеріс жолдарын білу, ол сөздің басқа сөздермен байланысын ашып, айқындау мүмкін емес.

Фонетиканың практикалық мәні де айрықша. Фонетикасыз ана тілі дыбыстарын дұрыс айта білу, шет тілін үйреніп, ол тілде сөйлей білу, алфавит жасау, орфография, орфоэпия заңдары мен қағидаларын қалыптастыру

²⁶ Соссюр. Труды по языкознанию. М., 1977.

²⁷ Трубецкой С. Н. Основа фонологии. М., 1960.

²⁸ Новое в лингвистике. М., 1962. Вып. 3.

²⁹ Сонда. 4-шығ.

мүмкін емес. Әдетте, бір тілдің дыбысы екінші тілде сөйлейтін адамға жат болып көрінеді. Әр халыққа өз тілінен басқа тіл — «тіл емес, бірдеңе» сияқты көрінеді. Ал екінші тілді білген адамға олай емес. Соған көз жеткізетін нәрсе — сол тілдің фонетикасын меңгеру. Тіліміз әр түрлі дыбыстық үзіктерден құралады. Сөйлеудің дыбыстық үздіктерінің ең қысқасы — дыбыстық единица, яғни дыбыс. Дыбыстардан буын құралады. Буындарды, дыбыстарды айтудың тақтысы, яғни сөйлеу тақтысы болады. Сөз ішіндегі дыбыстар (фонемалар) — тілдің материалдық бөлшегі. Дыбыстардың сөз ішінде тіркесуінде белгілі бір заңдылықтар, сәйкестіктер болады. Фонетика тіл дыбыстарына қатысты осындай ерекшеліктерді тексереді.

Дәлірек айтсақ, фонетика — тіл дыбыстары, яғни фонемалар туралы, тіл-тілдегі дыбыстық ерекшеліктер мен заңдылықтар туралы ілім.

Тіл дыбыстары — күрделі құбылыс. Өйткені әр дыбысқа тән басты үш ерекшелік (қасиет) болады: бірі — дыбыстың акустикалық (физикалық) ерекшелігі, екіншісі — дыбыстың физиологиялық (анатомиялық) ерекшелігі, үшіншісі — дыбыстың қоғамдық (яғни әлеуметтік) ерекшелігі. Бұл үш ерекшелік әр дыбысқа тән, әр дыбысқа бірдей, әр дыбысты айтқанда, қолданғанда, бір мезетте болатын (бірі — ерте, бірі — кеш пайда болмайтын) қасиеттер. Сондықтан тіл дыбыстарын сипаттағанда, оған әрі физик, әрі физиолог, әрі лингвист тұрғысынан қарауға тура келеді.

Осыған орай, фонетиканы — тіл дыбыстарын зерттейтін ілімді үш салаға бөледі: функционалды фонетика, артикуляторлы фонетика, акустикалық фонетика. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Мұның ішінде лингвистиканың басты объектісі — тілдің қоғамдық, яғни әлеуметтік жағы. Бұл — функционалды фонетиканың объектісі. Функционалды фонетиканы фонология деп те атайды. Функционалды фонетика тіл дыбыстарының адамдардың қатынас жасау процесіндегі әлеуметтік жақтарын, қалпын зерттеп, тексереді. Дыбыстың әлеуметтік (қоғамдық) мәні айрықша. Дыбыстардың өзіне тән белгілері сол тілде сөйлеушілердің тарихи-қоғамдық тәжірибесіне, ұзақ замандар бойы қалыптастырған дәстүрлеріне байланысты болып келеді. Өйткені бір тілде сөйлеушілердің қоғамдық дағдылары сол тілдегі дыбыстардың

циясында *oo*-ның дифтонг сапасында келуі қазақ, ноғай тілдерінде де бар, бірақ бұл тілдерге қарағанда, қарақалпақ тілінде *o*-ның дифтонгтік жағы күшті, әсіресе, екпінді позицияда айқын байқалады. Қазақ тіліндегі *yo* дифтонг орнында қазіргі чуваш тілінде екі дыбыс бар: Қазақ тілінде *yot*, чуваш тілінде *vut*, қаз. тілінде *yорын*, чуваш тілінде *выран*, қаз. тілінде *yол*, чуваш тілінде *yол*, *оол* т. б.

Кейбір түркі тілдерінде (мәселен, татар, башқұрт тілдерінде, сондай-ақ чуваш тілінің кейбір диалектілерінде) *o* дауыстысының орнында қысаң *y* дауыстысы айтылады: Қазақ тілінде *қол*, татар тілінде *кул*, қаз. тілінде *бол*, татар тілінде *бул* т. б.

Тіл арты, қысаң ерін фонемасы, *ү* — тіл таңдайдың артқы шеніне қарай жиырылуынан жасалатын (гуттураль — жуан) қысаң көтеріңкі, еріндік фонема. Қазақ тілінде *ү* фонемасы негізінде байырғы сөздердің бас буынында қолданылады: *құс*, *бұзау*, *құрал*, *ұлы*, *ұсы*, *ұзын*, *ұста*, *ұшқын*, т. б. Сөздің бас позициясында *o*, *ү* дыбыстарының біреуі келгенде ауызекі тілде сөздің екінші буынында (сирек үшінші) *ү*-ның айтылуы байқалады: *қолұмыз* (қолымыз), *жұлүн* (жұлын), т. б.

Тіл алды ашық ерін дауысты фонемасы. *Ө* — тіл таңдайдың алғы шеніне жуықтаудан жасалатын (палаталь — жіңішке) ашық орта, еріндік фонема. *Ө* фонемасы көбіне сөздің бас шенінде айтылады: *өрнек*, *көл*, *көйлек*, *көз*, *бөдене*, т. б. Сөздің анлаут позициясында *ө* фонемасы *e*, *o* дауыстылары сияқты, үнемі ашық дифтонг вариантында қолданылады: *үөш* (өш), *үөт* (өт), *үөмір* (өмір), *үөз* (өз), т. б. Мұндай жағдай қазақ, ноғай тілдерінде де бар. Бірақ олармен салыстырғанда қарақалпақ тілінде *ө*-нің дифтонгтік артикуляциясы күшті, әсіресе, екпінді позицияда айқын көрінеді. Дегенмен, *ө* фонемасының осындай позициялық вариантында фонематикалық *ө* дыбысының орнында татар, башқұрт және өзбек тілдерінде *y*-ға таяу дыбысы айтылады: қазақ. — *көз*, тат. — *куз*, т. б. (*ө*→*y*).

Сөздің бас позициясында *ө*, *ү* дыбысының біреуі келгенде кейде ауызекі тілде екінші және одан соңғы (кейде үшінші) буында *ө*-нің айтылатыны байқалады: *көйлөк* (көйлек), *жүрөк* (жүрек), *сүйөк* (сүйек), *көргөнде* (көргенде), *түйнөк* (түйнек), *гүрөк* (гүрек), *түйө* (түйе), *бөдөнө* (бөдене) т. б.

Тіл алды қысаң ерін *Ү* — тіл таңдайдың алдыңғы

шеніне жуықтаудан жасалатын (палаталь — жіңішке) қысаң-көтеріңкі, еріндік фонема. *У* фонемасы көбіне сөздің бас буынында қолданылады: *үлкен, күн, түн, бүгін*, т. б. татар және башқұрт тілдерінде дәл *ү* дыбысы кездеспейді, оның орнында *ө* дыбысына таяу дыбыс айтылады: қазақ. *үш, тат. өч*; қазақ. *күл, тат. көл* т. б.

Сөздің бас шенінде *ү, ө* дыбысының біреуі келгенде кейде ауызекі тілде сөздің екінші (сирек үшінші) буынында *ү* еріндігінің айтылатыны байқалады: *түлкү* (түлкі), *күлкү* (күлкі), *өмүр* (өмір), *көмүр* (көмір), т. б.

Бір айта кететін нәрсе, қазақ тіліндегі *ү, ө* фонемалары кейбір түркі тілдерімен (азербайжан, түрікмен) салыстырғанда созылық және артқы артикуляция базасымен айтылады, *ү, ө* ерін дауыстылары сөйлеу тілінде сөздің екінші, кейде үшінші буындарында айтыла береді: *ө, ұ, ү* ерін дауыстыларының сөздің екінші, кейде үшінші буындарында айтылуы.

И, у фонемалары. Фонема сапасында қолданатын дыбыстардың саны да, құрамы да тілде әлденеше түрлі бола береді. Тілде фонемалық дыбыс келте де, созылық да, жалаң да, күрделі де бола береді.

Қазіргі қазақ тіліндегі *и, у* (*би, ки, су, ту*) дауыстылары дифтонг фонемалар. Бұған дәлеліміз: біріншіден, артикуляция жағынан, *и, у* дауыстысының өзге дауыстылардан көрі ерекшелік жағы бар. Ол ерекшелігі *и, у*-дың күрделі артикуляциялы болуында: *и, у*-дың бүтін артикуляциясында белгілі тембр сақталмай, бір дыбыстан іле-шала екінші дыбысқа ауысып тұрғанынан байқаймыз. Бір дыбыстан басталып екінші бір дыбыс элементіне бітеді. Сонда *и*-дің бірінші компоненті фонетика жағдайына қарай *ы* не *і*, екінші көмескі компоненті — сонор *й*, ал *у*-дың негізгі компоненті фонетика жағдайына қарай *ү* не *ү*, ал екінші көмескі компоненті — сонор *у* (*тау*) — өте келте айтылады. Сөйтіп, *и, у* дауыстысының бірінші компоненті қысаң дауыстылар да, екінші көмескі компоненті сонор — *й, у* деп білеміз. *И, у* дауыстыларының бірінші негізгі компоненті дауысты екенін, екіншісі сонор екенін қалай байқауға болады? Дауыстылар артикуляциясында фонациялық ауа кедергісіз еркін шығады да, дауыссызда кедергілі мүкіс шығады. Осыған қарағанда, *и, у* артикуляциясында екі артикуляциялық басқышты көреміз (іштен келе жатқан фонациялық ауа кедергісіз басқышынан кедергілену басқышына өтіп шығады).

Проф. В. Богородицкийдің айтқанында³⁶ дауыстылар физиологиялық жағынан негізінде ауыз ашылатын дыбыстар да, дауыссыздар ауыз жұмылатын дыбыстар. Ал, *и, у* дыбыстарының артикуляциясында ауыз ашылуы да, жұмылуы да кезеңі бар: *и, у* дауыстылары артикуляциясының тесігі — шелі ашық түрінен қысаңға айналып тұрады. Олай болса қарақалпақ тіліндегі *и, у* дауыстыларында екі дыбыстың элементі табылатынын көреміз. Мұндай дауыстыны дифтонг тәрізді деп атауға болады. Дифтонг тәрізді дыбыстар тілде жалаң дауыстылардан күрделі артикуляциясымен өзгешеленеді. Бұлардың күрделі екендігін сан жағынан да байқауға болады (созылыңқы қасиеті бар). Екіншіден, *и, у* лардан кейін жалғанатын жалғау дауысты дыбыстан келетін жалғауға ұқсамайды, ал дауыссыздан кейінгі жалғаудай болып тұрады. Мәселен, дауыстыдан кейін *баласы, інісі* болып тәуелді жалғауы *-сы, -сі* түрінде ұшырайды да, барлық дауыссыздардан және *и, у*-дан кейін тәуелдік жалғауы *ы, і* түрінде ұшырайды: *суы, биі*, т. б. Сонда *и, у*-дың әрқайсысында екі дыбыстың элементі бар екендігін тағы да байқауға болады. Оның әуелгісі дауысты да, соңғысы сонор *й, у (тай, тау)*.

Үшіншіден, қазақ тіліндегі жалаң дауыстылардың дені бірыңғай не жуан, не жіңішке болып келеді. Дауыстылардың жуан, жіңішке болып келуі фонетикалық жағдайынан емес, фонематикалық жағдайынан туылған. Дауыстылардың жуаны мен жіңішкесінің әрқайсысы тілімізде дербес фонема, ал *и, у*-дың жуан, жіңішкелігі, негізінде, мағына айқындау кезеңіне емес, фонетика жағдайына байланысты. Осы қасиетіне қарай да *и, у* дауыстылары өзгелерден оқшауланады.

Ескі және қазіргі түркі тілдерінің материалдарына қарағанда бүгінгі қазақ тіліндегі *и, у* дауыстысының орнына екі дыбыс, не созылыңқы дауысты қолданылған³⁷.

Қазақ. *су*, ескі ұйғ., хакас, *суғ*, шор. *суг*, алт. *суу*, қырғ. *суу*.

Қазақ. *бұдай*, түрікменше *бугдай*, азерб. *буғда*, ұйғ. *бұғдай*, өзбек. *буғдой*, шор. *бугдай*, хакас. *пугдай*, қырғыз. *буудай*.

³⁶ Богородицкий В. А. Этюды по татарскому и тюркскому языкознанию. Казань, 1933. С. 11.

³⁷ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951; Енисейская письменность тюрков. М.; Л., 1952.

Қазақ. *ти*, чағ. *тег*, өзб. *тег*, ұйғ. *тег*, түрк. *дег*.

Қазақ. *би//бег*, чағ. *бег*, түрік. *бег*.

Қазақ. *тура*, ұйғ. *тогра*, чағ. *тоғру*, өзб. *туғра*, түрк-менше *догры*, якут. *туора*, түрік. *довры*, азерб. *доғру*, т. б.

Бұл жағдай қазақ тіліндегі *и*, *у* дыбыстарының тарихы өзге дауыстыларға қарағанда басқаша екендігін көрсетеді. *У* дифтонгінің орнында кей уақыт қазақ тілінде *ұғ* қосағы айтылады:

Қаз. *сурет*, *жуері*, *жуен*, *журады*, т. б.

Қаз. *сүгірет*, *жүгері*, *жүген*, *жүгіреді*, т. б.

И, *у* фонемаларының дифтонг тәрізді болуы қарақалпақ тілінде де бар. Мұндай жағдай осы тілдің даму тарихымен тығыз байланысты болуы керек.

Тілде дифтонг дыбыстардың екі жайы бар: біріншіден, кейбір тілдерде дифтонг дыбыстар фонема сапасында келсе, кейбір тілде екі дыбыстың құрамы ретінде айтылады.

Дыбыс элементтерінің өзара қатысына қарай, дифтонгтің тілде екі түрі бар: бір тілдерде дифтонгтегі екі дыбыс элементі де айқын айтылып, буын жасауда екеуі де тең жағдайда болады. Дифтонгтің мұндай түрін акад. Л. В. Щерба «истинный дифтонг» деп атайды. Дифтонгтің бұл түрі қазақ тілінде жоқ. Кейбір тілдерде дифтонгтегі екі дыбыс элементінің біреуі буын жасауда негізгі болып, айқын айтылады да, ал екіншісі көмескі түрде айтылады. Демек, ол элементтер тең жағдайда тұрмай, кем жағдайда тұрады. Дифтонгтің осы түрін Л. В. Щерба «ложный дифтонг» деп атайды. Дифтонг ішіндегі дыбыс элементтерінің өз ара тең, не кем болып келуіне қарай біріншісін — тең (истинный) дифтонг деп, екіншісін — кем (ложный) дифтонг деп атауға болар еді. Буын жасаушы элемент дифтонгтің қай шенінде келуіне қарай тілде дифтонгтің екі түрі бар: ашық дифтонг, тұйық дифтонг. Ашық дифтонгке *е*, *о*, *ө* фонемаларының анлаут позициясындағы дифтонг варианттары жатады. *И* фонемасы қысаң түрде езумен жасалады да *у* фонемасы ерінмен жасалады. *И* көбіне жіңішке түрде айтылады (*ки-кий*).

Сөйтіп, қазіргі қазақ тілінде он бір дауысты фонема бар. Дауыстылардың ішінде *ә* фонемасы қазақ тілінің бергі даму кезеңінде пайда болған. Артикуляциялық ерекшелігі бойынша *а*, *ә*, *е*, *о*, *ө*, *ұ*, *ү*, *ы*, *і* монофтонг фонемалар да, қалған екеуі *и*, *у* дифтонг фонемалар.

Дауысты фонеманың комбинаторлық варианты да болады.

Дауыстыларын жасалу жолына қарай (тіл мен иектің қатысына және ауыздың ашылу түріне қарай) үш артикуляциялық топқа жіктеледі.

1-таблица. Дауысты фонемалардың артикуляциялық таблицасы — кестесі

Тіл алды езу ерін	тіл ортасы езу ерін	тіл арты езу ерін
көтеріңкі-қысаң і	ы	ұ
Ұ (и) (у)	(и)	у
орта (ашық) е ө		о
төмен (мейлінше ашық) ә		а

1. Ашық дауыстылар: а, ә, е, о, ө.

2. Қысаң дауыстылар: ұ, ү, ы, і, и, у.

Дауыстылардың неше түрлі комбинаторлық өзгеру кезеңі — динамикасы не ашық дауыстылар, не қысаң дауыстылар көлемінде ғана болады: *бала — лар, қар — дың, терек — лер, көз — дінг*, т. б.

Қысаң дауыстылар абсолюттің сан жағынан (и, у-дан өзгелері) келте, ашық дауыстылар созылыңқы айтылады. Әлбетте, түрлі фонетикалық жағдайына байланысты ашық дауыстылардың өздері де сан жағынан әлденеше градациялық болып келетіні айқын.

Тіл-тілде дыбыстардың созылыңқы жағдайының екі түрі бар, біріншісі — фонетикалық созылыңқы, екіншісі — фонематикалық созылыңқы. Сөз ағымындағы әртүрлі фонетикалық жағдайға (көршілес дыбыстарға, екпінге, буын не сөз шеніне) байланысты дыбыстардың саны түрліше болады. Мысалы, тұйық буындағы дауыстылардан гөрі ашық буындағы дауысты біраз созылыңқы естіледі. Екіншіден, қатаңнан гөрі ұяң дыбыстың алдындағы дауыстылар созылыңқы айтылады: *ааз, өөз, еез*, т. б. Мұны дыбыстың фонетикалық созылыңқы түрі дейміз. Қазақ тілінде екпінді буындағы дауыстылар екпінсіз буындағыдан гөрі күштірек, айқын айтылады. Екпінсіз позициядағы дауыстылар күшті айтылмағандығынан әртүрлі редукция кезеңіне бейім болады. Әсіресе, қысаң

дауыстыларда мұндай жағдай көбірек кездеседі. Екпінсіз позицияда шұғыл мен ызың, не сонанттардың аралығындағы *ы, і* қысандары недәуір редукция басқышына енеді: *кісі, қызыл, тірек, білек, қызық, пышақ, тілі, тікен, кісен, шыбық*, т. б. Кейде қысандар фонетикалық нольге айналуынан фонематикалық күшін жоғалтады: *орын-ы — орны, ерін-і — ерні, ауыл-ы — аулы, мұрын-ы — мұрны*, т. б. Екпінсіз позициядағы қысандардың редукциялану кезеңдері қарақалпақ тілі мен қазақ тілінде бірдей емес. Біздің байқауымызша, қарақалпақ тілінде екпінсіз позициядағы қысандардың редукциялану кезеңі күштірек.

Нольдік редукцияның өзгеше бір түрі — екі сөз аралығында (Sandli) түйісіп тұрған екі дауыстының біріншісінің түсуі (элизия): *ала алмадым//алалмадым, қара ат//қарат, бере алды//бералды*, т. б. Кей уақыт сонор алдында да дауысты дыбыс толық редукцияланады: *сары май//сармай, торы ат//торат*, т. б. Дауыстылардың жоғарыдағы көрсетілген саны фонетикалық жағдайынан жасалғандықтан, үнемі тұрақты категория емес. Дыбыстың осындай фонетикалық жағдайынан жасалған созылыңқы түрінен басқа сөздің мәнімен сабақтасып жататын созылыңқы түрі бар. Осы жағынан бүгінгі күллі түркі тілдерін екі топқа жіктеуге болады: бірінші, дауыстыларда фонематикалық созылыңқы бар тілдер: қырғыз, алтай, шор, хакас, якут, түрікмен тағы басқа тілдер енеді:

қырғ. *маал* (уақыт, мезгіл), *мал* (мал мағынасында) т. б.

түркм. *аақ* (етістік), *ақ* (сын есім), т. б.

хакас. *хаас* (белбау), *қас* (қаз), т. б.

якут. *таас* (тас), *тас* (сырт, тыс), т. б.

шор. *бол* (ұл), *ол* (ол) т. б.

Ойрат. *коол* (қуыс ағаш), *қол* (қол), т. б.

Екінші, дауыстарында фонематикалық созылыңқы жоқ тілдер: қазақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық сияқты түрік тілдері енеді. Қарақалпақ тілі де (бірді-екілі сөзде спирант түсуімен созылыңқы *а* дауыстысы жасалатын кезеңді есептегенде: *саат* (са ат), *қанаат* (қана ат), *зұраат* (зұра ат), т. б. екінші топтағы тілдерге енеді.

Дәл ашық пен қысаң тәрізді қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың ерін мен езулік, жуан мен жіңішке болып қарама-қарсы қойылуының фонематикалық мәні бар.

Қарақалпақ тілінде жуан дауыстылар қандай фонемалық қасиетке ие болса, жіңішке дауыстылар да сондай фонемалық қасиетке ие. Қазақ дауыстылары жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік болып бөлінгенмен олардың аралық түрлері бар. Дауыстылардың қосақталып симметрия жолымен жіктелуі (дихотомиялық түрде болуы) шартты нәрсе. Дегенмен, екі-екіден жұптасып келген үш жақты классификация дауыстылардың динамикасы үшін үлкен мәні бар.

Қазақ тілінде дауыстылардың бірқатары сөздің бас шенінде көбірек кездеседі де, бірқатары сөздің барлық шенінде кездеседі. Байырғы сөздерде *ә, о, ө, ұ, у* дауыстылары көбіне сөздің бас буынында ғана кездесіп отырады. Қазақ сөздерінің екінші буындарында ұшырамайтын дауысты — *о*. Ал, совет-интернационалдық сөздердің барлық буынында *о* келе береді: *кино, зоология*, т. б.

Ө, ұ, ү ерін дауыстылары, айтылуда кей уақыт екінші (кейде үшінші) буындарда кездескенмен жазуда олар еленбейді. *А, е, ы, і, у, и* дауыстылары сөздің барлық буындарында айтыла береді.

Қазақ тілінің вокализмі, жалпы алғанда, осы күнгі қарақалпақ ноғай тілдерінің вокализмдерімен үйлес келеді. Мұның себебі ол тілдермен қазақ тілінің тарихи байланыстығынан, туыстығынан болуы керек. Біздің байқауымызша, қарақалпақ дауыстылары баяу және созылыңқы айтылады да, ал қазақ тілі дауыстылары батыл және келте айтылатын сияқты. Екіншіден, қарақалпақ тілі дауыстылары (сондай-ақ дауыссыздары) қазақ тілі дауыстыларынан гөрі алдыңғы артикуляция базасымен айтылады³⁸.

Дауыстылар үш түрлі фонематикалық топқа жіктеледі, олар фонематикалық оппозиция³⁹ делінеді: 1) ашық-қысаң, 2) жуан-жіңішке, 3) еріндік-езулік. Сөздің басқы буынында (парадигматикалық жағдайда) дауыстылар өздерінің фонемалық күшін сақтайды, өзге кезде (синтагматикалық жағдайда) өзінің фонемалық күшін толық сақтай алмайды. Оппозицияның күшті және әлсіз түрі болады. Агглютинативті тілдерде фонемалық оппозицияның екі түрін кездестіреміз. Фонематика-

³⁸ Малов С. Е. Каракалпакский язык и его изучение (Труды первой конференции по изучению производительных сил каракалпакской АССР). Л., 1934. Т. 2. С. 201—202.

³⁹ Трубецкий С. Н. Основы фонологии. М., 1960.

лық оппозиция мен сингармонизм бір-бірімен тығыз байланысты.

Қосымшаның дауыстыларын түбір сөз дауыстылары билейді: *бар—у—шы—лар—ға, бер—у—ші—лер—ге—*

б а р у ш ы л а р ғ а
б е р у ш і л е р г е

Мұнда «а, е» фонемалық оппозиция жасаса, қосымшадағы *ы-і, ғ-г, а-е* фонемалық оппозициясы байқалмайды. Фонемалардың алмасуын тудырып тұр.

2-таблица. Қазақ тілінің дауысты фонемалары

1. Артикуляциялық орнына қарай	тіл алды	тіл ортасы	тіл арты
2. Ерін қатысына қарай	ерін езу	ерін езу	ерін езу
3. Артикуляциялық жолына қарай	ү і		ұ
1. Көтеріңкі (қысаң)	у (и)	ы	у /и/
2. Орта (ашық)	ө е—э		о
3. Төмен (ашық)	ә		а

Ескерту: Жақша ішінде фонеманың комбинаторлық варианты алынды.

Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататыны көпке аян. Онда ноғай-қыпшақ дейтін майда тапты құрайды. О баста осы тілдерге тән негізгі негіз дауысты дыбыс болған⁴⁰ (*а, э-е, о, ө, ұ, ү, ы, і*). Сөздің бірінші буынында еріндік, кейінгілері қысаң дауыстылар болса, алдыңғылары соларға ықпал етеді (*ө-те — өте, бө-дене — бөдене, кө-бе-лек — көбелек, тү-тін — түтүн, жү-лын — жүлүн, бү-гін — бүгүн, ө-зі — өзү* т. б.)

Түркі тілдері сингармонизм жайына қарай әлденеше түрге жіктеледі; тіпті үндестік заң жоқ тілдер (өзбек, ұйғыр т. б. тілдер), үндестік заңы солғын тілдер (татар, башқұрт т. б.), үндестік заңы күшті тілдер (қырғыз, алтай т. б.). Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері үндестік заңы солғын тілдер мен күшті тілдердің аралығынан орын алады, түркі тілдерінде сингармонизм ертеден келе жатқан фонетикалық құбылыс. Алтай тілдерінің морфология құрылысымен тығыз байланысты. Бұл құбылыс ертедегі түркі тілдерінің жазба нұсқаларында сақталынған.

Түркі тілдерінде дауыстылардың созылыңқы және

⁴⁰ Radloff W. Phonetik der nördlichen Türk Sprachen, Leipzig, 1883.

созылыңқы емес түрі бар. Мәселен, тува, түркмен, якут, қырғыз, алтай тілдерінде дыбыстардың созылыңқы түрі фонематикалық мәнге байланысты. А. М. Щербактың көрсетуінше Махмуд Қашғари сөздігінде дауыстылардың созылыңқы айтылуы арнайы белгіленген. Созылыңқы дауыстылар түркі негіз тілінің жеке тілдерге ыдырауы дәуірінде жасалған ⁴¹.

Жалпы түріктік 8 дауыстан басқа туынды дауыстарды да атауға болады (*ә, у, и*).

«Ә, у, и» дауыстылары тілдің ұзақ уақыт ішкі заңдылықтарға сай дамуының, басқа тілдермен ұзақ байланыстарының нәтижесі. Дауыстылардың фонемалық мәнде тұрақты түрде жұмсалатын орны — түбір сөз, өзге жағдайда түбірдегі дауыстылардың әсерінен дауыстылар өзгеріп құбылып отырады. Қазақ тілінде сөздегі дауыстылардың фонематикалық мәні сингармонизмге байланысты айқындалады. Басқа буындағы дауысты сөз мағынасын айқындайды. Сондықтан сөз басын фонема айқындаушы позиция деп саптаймыз (парадигматикалық позиция).

Түбірдегі дауысты фонемаларды көне түркі тілдерінің материалымен салыстырғанда, көзге оқшау көрінетін дауысты — *ә* дыбысы. V—VIII ғасыр, сондай-ақ орта ғасырлардың алғашқы кезіндегі жазба нұсқалар тілінен «ә» дауыстысы байқалмайды. Қазақ тілінде «ә» дауыстысы шығыс тілдерінің әсерімен қалыптасты деген пікірді мойындаймыз.

Араб, парсы тілдерінің өзінде *ғ, х* немесе соларға жақын дыбыстардан басталатын сөздер қазақ тілінде «ә»-ден басталып қалыптасқан. Қазіргі тіліміздегі *әкім, әли, әлі* т. б. сөздердің шығыстық нұсқасына жақын түрі *хакім, ғали*. Оңтүстік қазақтары тілінде «ә» дауыстысы өте жиі айтылады. Бұл аймақта арабизм мен параизмнің ықпалы мол. *Әр* сөзінің бұрынғы түрі «ар» (*әркім, әр кез, әр түрлі*). «Әуел, әуе, әскер» сөздерінің бұрынғы түрі «ауал, ғауа, ғаскен».

Кейбір ретте екі сөздің бірігуінен кейінді ықпалмен байланысты «ә» дауыстысы пайда болады: *алып бер — әпер, алып кел — әкел, алып кет — әкет*, т. б. *жәй, шәй* сөздерінде «й» мен «ж, ш» дыбыстарының әсерінен жуан дауысты «а» жіңішке «ә» дауыстысына ауысады.

⁴¹ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970. С. 47.

Кейде жінішке «к, г» дыбыстарының әсерінен *a ə* түрінде айтыла береді: *Күләш, Күләнда, газет — гәзет*. т. б. «Ә» дауыстысы негізінде сөздің бас буынында айтылады да, көмекші морфемада кездеспейді. Ал көне түріктік сегіз дауысты сөздің барлық позициясында қолданыла береді.

Қазіргі қазақ тілінде «и, у» (*кій, қый, сұу, келуу*) дауыстылары дифтонг дыбыстардың қатарына жатады, бұлардың әрбірінде екі дыбыс барлығы, күрделі дыбыстар екені байқалады; (и $\overset{y}{i}$, у $\overset{y}{y}$ у):

Орхон-енисей жазба нұсқасында «сүг» сөзі қазіргі едәуір түркі тілдерінде «су» түрінде айтылады: *су—суғ, ту — туғ* т. б. «Үғ» айтылу түркі тілдерінің біразында байқалады (хакас, якут, өзбек, ұйғыр т. б.): Хакас. — *суғ*, тува, шор. — *сүг*, башқұрт — *ыу*, қырғыз — *суу*. Нәтижеде *үг — ыу уу у* дыбыс сәйкестігін анықтауға болады. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі «елу» сөзі көне түркі тілдерінде «елліг» болып айтылады, сонда «іг — у» сәйкестігі байқалады (у $\overset{f}{ig}$ у). Ол баста «и» дауыстысының орнында да екі дыбыс болған: *йығ→жи (ығ→и)*. Бір топ түркі тілдерде «ег» қосындысы «и» дыбысын туғызған ($\overset{per}{ber}$ бек, *би-бий, ығ—ег→и—ій*). Осы мәселе жайында келесі әңгімемізде толық айтылады. Қорыта келгенде «у, и» дауыстылары бұрынғы екі дыбыстың қосындысы, дамуының барысында түркі тілдерде әр түрлі сапаға ие болған (бірде созылық дауысты, бірде дифтонгті жасаған). Вокализмі 8 дауыстыдан тұратын жай — ерте көне түріктік дәуірден келе жатқан құбылыс.

ҚАЗАҚ КОНСОНАНТИЗМІ

Қазіргі қазақ тілінің консонантизмі төмендегі фонемалардан құралады:

Ерін (билабиаль) дауыссыздары: б, п, м, у. Б — еріннің бір-біріне жабысып, кенет ашылуынан жасалатын (эксплозиясы мен имплозиясы) бар шұғыл ұяң фонема: *бас, бес, бала, басқарма, билет, босаға, ботаника, асбап, хабар, баба, дорба, клуб*, т. б. Б фонемасы көбіне сөздің басы мен ішінде келеді де, фонетикалық жағдайына қарай әлденеше комбинаторлық вариантта айтыла береді:

а) Сөздің бас шенінде өзінің негізгі вариантын —

акустикалық сапасын толық сақтайды: *бол, бекем, бүгін, бірге*, т. б.

б) Екі дауыстының ортасында (интервокаль позицияда) *б* мен *в*-ның аралығында кездесетін жарым шұғылдық — спирант түрінде айтылады: *аБайла* (абайла), *са-Ба* (саба), *шаБақ* (шабақ), *қаБан* (қабан), *айта Бер* (айта бер), т. б. *Б* шұғылының спиранттық варианты қазіргі қазақ, ноғай және қырғыз тілдерінде де ұшырайды.

Қазақ тіліне орыс тілінен енген совет-интернационалдық сөздердің аяғында *б* ұяңы келгенімен, айтылуда қатаңданып, *п*-ға ауысады: *клуб* — айтылуы *клуп*, *штаб* — айтылуы *штан*, т. б. қазақ тілінде сондай-ақ өзге түркі тілдерінде *б*, *т*, *м* билабиальдары қосымша көлемінде де, екі сөз аралығында да өзара комбинаторлы түрде алмаса береді: *өгізбен, малмен, атпен, кім бе, ол ма, Мұрат па?*

Сөз тіркесінің алғашқы компоненті *п* қатаңымен аяқталғанда, одан кейінгі сөздің басындағы *б* ұяңы *п* мен комбинаторлы түрде алмасады: *қап нар* (қап бар), *алып перді* (алып берді), *жеп нар* (жеп бар), т. б.

Қарақалпақ тілінің сөз басындағы *б* ұяңы орнына кейде қазақ тілінде *м* сонанты айтылады: қарақалпақ — *бұның, бұны, бұнда* (көптеген түркі тілдерінде байқалады), қазақша — *мұның, мұны, мұнда* (сонымен бірге *бұның, бұны, бұнда* деген варианты да бар). Тарихи жағынан алғанда *м*-нан басталатын түрі бергі кезде пайда болса керек. Хакас, шор, сары ұйғыр, чуваш тілдерінде ылғи сөз басында *п* қатаңы жұмсалады (*б* ұяңының орнына):

Қазақ тілі *бас*, шор. *паш*, хак. *пас*, чув. *пус*;

Қазақ. *балық*, шор. *палық*, хак. *палых*, чув. *пула*;

— *балта*, хак. *палты*, чув. *пурта*;

— *бұлт*, шор. *пулт*, чув. *пелет*;

бір, шор. *пир*, хак. *пір*, чув. *пер*;

— *бер*, шор. *пер*, хак. *пир*, чув. *пар*;

— *біл*, шор. *пил*, хак. *піл*, чув. *пел*, т. б.

Оғуз тобындағы тілдерде (түркмен, азербайжан т. б. тілдерде) *б* шұғылы кейде спирант сапасында айтылса, кейде түсіп қалады: түр. (түрік тілі) *вер*, вермеуіп⁴², қазақша *бер*, *бермен*, қазақ. *бол*, азерб. *ол*, кейбір

⁴² Баскаков Н. А. Қ вопросу о классификации тюркских языков // Изв. АН СССР. Отд. литер. и языкозн. 1952. Т. 2. Вып. 2. С. 126.

түрік тілдерінде: *пол, пул*, т. б. Демек, түрік тілдерінің сөз басында *п—б—в* дыбыстарының үйлесімі байқалады.

П — еріннің бір-біріне нық жабысып, кенет ашылуынан жасалатын (эксплозиясы мен имплозиясы) бар шұғыл қатаң фонема. *П* фонемасы артикуляциялық орны мен жолына қарай негізінде *б*-мен үйлессе де, дауыс қатынасы жағынан өзгеше: *б* ұяң дыбыс та, *п* қатаң. *П* фонемасы сөздің барлық шенінде келе береді: *пікір, қапы, ана, палуан, қап, мектеп*, т. б. Бірақ *п* қатаңының сөз басында (сөздің өзге позициясына қарағанда) қолданылуы кем. Қазақ тілінің говорларында *п* мен *б* дыбыстары кей уақыт сөздің бас шенінде жарысып айтыла береді: *пышақ — бышақ, пұтақ — бұтақ, пу — бу, жипек — жибек* (әдеби норма — *пышақ, бұтақ, бу, жібек*) т. б.

Қарақалпақ тілінің сөз басындағы *п* қатаңы орнына қазақ тілінде кейде *б* ұяңы қолданылады:

қ а з а қ ш а	қ а р а қ а л п а қ ш а
<i>бәкі</i>	<i>пәки</i>
<i>бал</i>	<i>пал</i>
<i>бітті</i>	<i>питти</i>
<i>бітім</i>	<i>питим</i>
<i>болат</i>	<i>полат</i>
<i>бу</i>	<i>пу</i>
<i>бұта</i>	<i>пұта</i>
<i>бұтақ</i>	<i>пұтақ</i>
<i>бұқара</i>	<i>пұхара</i>
<i>бүтін</i>	<i>путин</i> т. б.

Екі дауыстының аралығында (интервокаль позицияда) *п* қатаңы ұяңдап, *б, у* дыбыстарымен комбинаторлы түрде алмасады: *жап-ы — жа-бы, көп-і — кө-бі, себең-і себебі, мектеп — мектеб-і, жап-а — жаба, ек-е — еге, қап алды (қаб алды), көп екен (көб екен), тап-ып — тауып, жап-ып — жауып, теп-іп — теуіп, сен-іп — сеуіп* т. б.

М — еріннің бір-бірімен жабысуынан жасалатын имплозивті мұрын жолды сонор не сонант фонема. *М* сонанты бұрын сөз басында сирек қолданылған, ал осы күнгі сөздік құрамда сөздің барлық шенінде айтыла береді: *мен, мал, мол, мұз, міндет, аман, кеме, там, адам, комсомол, синоним*, т. б. *М, б, п* билабиальдары қосымша

көлемінде де, екі сөз аралығында да комбинаторлы түрде бірімен-бірі алмасады: *ал-ма, жаз-ба, айт-па, ала ма? Алдың ба? Ол мäs не?* (м), (б), (п).

Говорларда *м, б, п* дыбыстары түбір сөздің ішінде де жарыса айтылады: *аспан — асбан, батпан — батман, кетпен — кетбен* (әдеби норма — *аспан, батпан, кетпен*), т. б. Ал кейбір түрік тілдерінде *батман, асман, кетмен, чекмен* түрінде айтылуы норма болып саналады.

Сөз аяғында тіл алды *н* соноры қосымша басындағы *б* ұяңы ықпалынан *м* ерін сонантымен комбинаторлы түрде алмасады: *нан-бады — намбады* (нанбады), *жан-ба — жамба* (жанба), т. б.

Кейбір түрік тілдерінің сөз басындағы *б* қазақ тілінде (сондай-ақ көптеген тілдерде) *м* сонорына ауысқан; түрк. *бен*, қаз. *мен*, түрк. *бин* — *мың* т. б. Орхон-енисей жазба нұсқасында *баңа, бен, бойун, буз, буң* сөздері қазақ тілінде *маған, мен, мойын, мұз, мың* түрінде айтылады. С. Е. Маловтың айтуынша, *мен* есімдігінің алғашқы түрі — *би*⁴³.

Олай болса, сөз басындағы *б* *м*-ға ауысқан. Қазіргі монғол, ноғай тілдерінде *мен* сөзі *би* түрінде қолданылады.

У (*у*) еріннің бір-біріне жуысуынан жасалатын ызын (фрикатив) ауыз жолды сонор фонема. Бұл фонема екі еріннің дөңгелене келіп, сүйірленуінен жасалады. *У* соноры көбінесе сөздің орта және аяқ шендерінде кездеседі, сөз басында қолданылуы сирек: *қауын, бауыр, тау, қырау, атау, қадағалау, уәде, уақыт* т. б. Анлауттағы ашық дифтонгтің бірінші көмескі компоненті көп жақтан *у* сонорына жақын тұрады: *уол* (ол), *уон* (он), *уотыр* (отыр), т. б. Қарақалпақ тілінің сөз басындағы *уа* дифтонгі кей уақыт қазақ тілінде *о* дауыстысының сапасын береді: қарақалп.: *уатан, уақыя, уайран*; қазақ.: *отан, оқиға, ойран* т. б.

У — сонанты алды не арты дауыстылармен бірге қосылып, дифтонг сапасын да жасайды: *тау, алтау, төртеу* т. б.

Қазақ тіліндегі сонор *у* өзге түрік тілдерінде түрліше дыбыстармен беріледі: *тау*, ноғ. (ноғай тілі). *тат.* (татар тілі), башқ. (башқұрт тілі), құм. (құмық тілі) *тау*, қырғ. (қырғыз тілі) *тоо, тау*, алт. (алтай тілі) *туу, тау, чув.*

⁴³ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951. С. 52.

(чуваш тілі) *ту, тев*, як. (якут тілі), *тыя*, азерб. (азербайжан тілі), түркм. (түркмен тілі) *дағ.*, тув. (тува тілі), хак. (хакас тілі), шор., ұйғ. (ескі ұйғыр тілі), МҚ (Махмуд Қашғари, Дивани Луғати ат түрік сөздігі), *тағ*, СС (куман тілі) *тау, тағ*; қазақ *бауыр*, ноғ., тат., башқ., *дауыр, бавыр*, қырғ. *боор*, тув. *баар*, хак., алт. *паар* (алтай тілінің оңтүстік диалектісі *буур*), чув. *певер*, як. *быар*, азерб., түркм., ұйғ. *бағыр*, ұйғх. (ұйғыр тілінің хами диалектісі) *баар, бегир*, шор. *пағыр*, орх.-ен. *бағур*, МҚ. *бағур*, т. б.

Ескі тіл арты *ғ* (г) қазақ тілінде (сондай-ақ кейбір түркі тілдерінде) *у* сонорына ауысқан.

Ерін мен тіс (лабиоденталь) дауыссыздары: *в, ф*.

В — астыңғы ерін мен үстіңгі күрек тістің жуысуынан жасалатын фрикатив, бір фокусты (жазық сызатты) ұяң фонема. *В* қазақ тіліне жаңадан енген фонема: *вагон, врач, вокзал, ванна, совет, совхоз, кровать, квартира, актив* т. б. Қазақ тілінде *в* бірнеше дыбыстық кезенді басынан өткізіп барып, дербес фонема сапасына айналды: *вагон — бәгән, Бәгән — вагон (в-б, Б-в)* т. б. Екі дауыстының аралығында пайда болатын шұғыл *б*-ның спирант варианты көп жақтан *в* лабиоденталына таяу айтылады: *жаБа* (жаба), *саБа* (саба) т. б. Буын аяғындағы *в* ұяңы сөйлегенде қатанданып, *п* мен комбинаторлы түрде алмасады: *сопхоз* (совхоз), *Малоп* (Малов), т. б.

Ф — астыңғы ерін мен үстіңгі күрек тістің жуысуынан жасалатын фрикатив бір фокусты (жазық сызатты) қатаң фонема. *Ф* — фонемасы қазақ тіліне орыс тілі арқылы келген сөздермен енді: *фабрика, ферма, буфет, флот, кафе, фонд, шкаф, цифр*, т. б. *Ф* ызыңы ауызекі тілде *п* шұғылымен де алмасады, *перме* (ферма), *пизика* (физика), *панар — фонарь* (фонарь) т. б. Қазақ тіліне совет-интернационалдық сөздердің енуімен байланысты жаңадан *в, ф* фонемалары пайда болды.

Тіл алды дауыссыздары: и, л, р, т, д, с, з, з (дж), ш, ч, ц. *Н* — тіл ұшы альвеолға тиюден жасалатын (импловивтік) мұрын жолды сонор фонема. *Н* дыбысын айтқанда *м* тәрізді фонациялық ауа мұрын арқылы шығады. Сөздің барлық шенінде келе береді: *нан, норма, қанағат, насихат, ниет, найза, қауын, жауын*, т. б.

Н сонорынан басталатын сөздердің тегі қазақ тіліне не шығыс тілдерден (монғол. араб-иран тілдерінен), не орыс тілінен енген сөздер: *намыс, наз, нан, нәзік, нәрсе*,

несибе, нұр, найза, нөкер, нефть, нотариус, нота, новелла, нашатырь, т. б.

Байырғы түбір сөздердің бас шенінде *н*-нің келуі өте аз (*не, неше*, т. б.), көбіне сөздің аяғы мен ішінде айтылады: *күн, тон, мұрын, енді*, т. б.

С. Е. Малов⁴⁴ түркі және монғол тілдерінің материалдарын салыстыра келіп, *мен, сен* дегендегі жіктеу есімдігінің *н* дыбысын бергі кезде пайда болған ингердиент деп көрсетеді. Сөз ішінде, сондай-ақ сөз аралығына *н* соноры қосымша басындағы не екінші сөздің басқы *қ, ғ, к, г* дыбыстарының ықпалынан тіл арты *ң* сонорына аусады: *тон-ға — тоңға* (тонға), *түн-гі — түңгі* (түнгі), *оң ғыз* (он қыз), т. б. Екіншіден, *н* соноры *м, б, п*, билабиальдарының алдында да *м* дыбысымен комбинаторлы түрде алмасады: *жан-ба — жамба* (жанба), *ом бес* (он бес), т. б.

Сөйлеу тілінде қосымшаның басқы *л* сонорының әсерінен түбір сөздегі *н* дыбысы *л*-мен алмасады: *тон-лар — толлар* (тонлар), *жүн-лер — жүллер* (жүнлер), т. б.

Аффикс басындағы *н, д, т* тілдің алдыңғы базасынан жасалатын дауыссыздар сөздің соңғы дыбысына қарай алмаса береді: *адам-ның, жаз-дың, хат-тың* (*н*), (*д*), (*т*), т. б.

Л — тіл алды альвеолға бір тегіс тиюден жасалатын ауыз жолды, бүйір (латераль) сонор фонема. *Л*-ды айтқанымызда тілдің алдыңғы шені бір тегіс ұзына бойына барып альвеолға тиеді де, фонациялық ауа тілдің екі қапталын аға шығады. Сондықтан *л* сонорын артикуляциялық жолына қарай бүйір немесе латераль фонемаға жатқызамыз. Бұл фонеманың жиі ұшырайтын жері сөз ортасы мен сөз аяғы болады. Байырғы түбір сөздердің басында *л* өте сирек кездеседі. Тегінде *л* сонантынан басталатын сөздердің алдынан қалайда *ы, и (і)* қысаңдарының бірі қосылып, протеза жасайды: *ылай* (лай), *ылашық* (лашық), *ылақтыр, ылаж, ылайық*, т. б. Қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздердің басқы — анлаут позициясында *л* айтыла береді: *ләззет, лебіз, лобия, логика, лампа*, т. б.

Қарақалпақ тілінде қатаң мен ұяң дыбыстардан кейін *л* (қосымшаның басында) соноры ассимиляциялан-

⁴⁴ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1952. С. 52.

байды (*ат-лар, ғаз-лар, адам-лар*, т. б.). Бұл ретте қарақалпақ тілі ноғай тілімен дәл үйлес келеді. Қазақ тілінде қатаңнан кейін қатаң, ұяңнан кейін ұяң дыбыстар үндесіп айтыла береді: *ат-тар, қаз-дар, адам-дар*, т. б. Қарақалпақ тілінің говорларында *н* мен *л* дыбыстары үндесіп, толық ассимиляцияланады: *күннер, күл-лер* (күнлер), *сеннер, селлер* (сенлер) немесе *адамнар* (адамлар), *тамнар* (тамлар), т. б. Көптік жалғаудың *нар* (нер) түрі кейбір түрік тілдерінде де бар: сары ұйғыр *ерен-нер* (ерлер), хак. *тон-нар* (тонлар), *үн-нер* (үнлер), т. б. Монғол тілінде көптік жалғаудың бір түрі — *нар*: *ах — нар* (ағалар), *бағшнар* (мұғалімдер), *эгчнар* (қарындаслар), т. б.

Ауызекі тілде *с*-дан басталатын қосымша жалғанумен байланысты кей уақыт етістік түбіріндегі *л* дыбысы түсіп қалып айтылады: *боса* (болса), *кесе* (келсе), *аса* (алса), *асын* (алсын), т. б.

Л дыбысының түсіп қалып айтылуы есімдіктерде де кездеседі: *бұл, бұның, бұған, сол, соның, соған, ол, оған, оны, бұ адам* (бұл адам), т. б. Сондай-ақ ескі түріктік *олтур* қазақ тілінде *отыр* түрінде *л* түсіріліп айтылады.

Р — тіл ұшы таңдайға дірілдеп тиюден жасалатын вибрациялық (діріл) ауыз жолды сонор фонема. Көбіне сөз аяғы мен ортасында қолданылады: *қара, ара, сары, терек, жүр, отыр, бар*, т. б. *Р*-дан басталатын сөздердің дені негізінде қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздер: *рахмет, рас, рет, рұқсат, рең, рақат, рапорт, радио, район, райком*, т. б. Ауызекі тілде *р* дірілінің алдынан кейде *ы, и (і)* қысаңдары қыстырылып айтылады (протеза): *ырахмет, ырас, ірет, ұруқсат, ірең, ырақат*, т. б.

Р-дан басталып айтылатын совет-интернационалдық сөздер қазақ тілінде бұрынғы айтылу нормасын сақтайды.

Т — тіл алды үстіңгі күрек тіске тиюі арқылы жасалатын шұғыл қатаң фонема. *Т* фонемасы жасалғанда тіл ұшы үстіңгі күрек тіспен жымдасып тұрады да (имплозиялық кезең пайда болады), содан соң екі мүше бірден кілт ашылып кетеді (эксплозивтік кезең жасалады). *Т* қатаңы сөздің барлық шенінде келе береді: *там, тамға, тамаша, ата, күтә, аманат, бұлт, төрт*, т. б. *Т* шұғылы қосымшада артикуляциялық орны жағынан ұялас *д, н, л* дыбыстарымен комбинаторлы түрде алмасып айтылады: *хат-тың, мал-дың, адам-ның*, т. б. *Т* фонемасының *д, н, л* фонемаларымен комбинаторлы алмасуы—

олардың артикуляциялық (орны мен жолының) жуықтығына байланысты.

Хакас, тағы басқа түрік тілдерінің сөз аяғындағы *т* дауыстыдан басталған қосымшаның әсерінен ұяңдап отырады: *ат-ы — ады* т. б.

Д — тіл алды үстінгі күрек тіске тиюі арқылы жасалатын шұғыл ұяң фонема. *Д* фонемасы көбіне сөздің басында және ортасында келеді де, сөз аяғында өте сирек ұшырайды: *дала, дән, дәме, дене, қадақ, адам, завод*, т. б. Совет-интернационалдық сөздердің аяғында *д* дыбысы келгенімен айтылуда қатаңданып, *т* түрінде естіледі, *завот* (завод), *парат* (парад), *доклат* (доклад), *парахот* (пароход), т. б. Қазақ тілінің говорларында *т*, *д* дыбыстары сөз басында кейде жарысып айтыла береді: *дизе — тизе, дүз — тұз* (әдеби норма — *дизе, дүз*), т. б. Сөз басында *т*, *д* дыбыстарының қатар жарысып келуі (дублет ретінде қолданылуы) қазақ тілінің говорларында да бар: *диірмен — тиірмен, теңіз — деңіс, түзу — дүзу*⁴⁵. Қазақ тілінің сөз басындағы *т* қатаңының орнында қарақалпақ тілінде кейде *д* ұяңы қолданылады:

қ а з а қ ш а	қ а р а қ а л п а қ ш а
түз	дүз
тұман	дұман
тізім	дизим
тізе	дизе
түзе	дүзе
төңірек	дөгерек
тұзақ	дұзақ т. б.

Оғуз тобындағы түрік тілдерінде (азербайжан, түркімен, түрік, т. б.) сөз басында көбіне ұяң дыбыстар (*д*, *г*) айтылады:

қ а з а қ.	а з е р б а й ж а н.	т ү р і к.
терең	дәрин	дерин
төрт	дөрд	дөрт
темір	дәмир	демир
тіл	дил	дил
теңіз	дәниз	дениз
тау	даг	даг, т. б.

⁴⁵ Малов С. Е. Древние и новые тюркские языки // Изв. АН СССР. О. ЛиЯ. 1952. Т. 2. Вып. 2. С. 138—139.

Ескі түрік тілдерінде кездесетін *рт, лт, нт* дыбыс тіркестері қазіргі қазақ тілінде *рд, лд, нд* түрінде беріледі: ескі түрік. *бардым, көртім, алтым, анта бардым, көрдім, алдым, онда, анда*, т. б. Түрік тілдерінде сөздің басы мен орта шенінде *т, д* дыбыстары үйлесіп келе береді, тарихи жағынан алғанда олар ұялас дыбыстар (*т//д*).

Қосымшада *д* ұяңы *т, н* дыбыстарымен комбинаторлы түрде алмасып отырады: *қыз-дың, бала-ның, тас-тың* (*д//т//н*), т. б.

С — тілдің ұшы астыңғы күрек тіспен жабыспай, жуысуынан жасалатын фрикатив бір фокусты (дөңгелек сызатты) қатаң фонема. Сөздің барлық шенінде келе береді: *сан, сазан, сүрен, масақ, таса, масса, тас, айтыс*, т. б. қазақ тілінің говорында кейде *с, ш* дыбыстарының жарысып айтылуы жоқ емес: *тас-таш, есек — ешек, бас — баш* (әдеби норма — *тас, есек, бас*), т. б.

С спирант сыбыры *ш* ызыңымен комбинаторлы алмасады. *Орыс-ша — орушша* (русша), *бас-шы — башшы* (басшы), т. б. Қазақ тіліндегі *с* орнына кей түрік тілдерінде *ш* айтылады (*с ш*): қазақ. *жас*, тат. *йәш*, тув. *чаш*, алт. *йаш*, шор. *чаш*, азерб., ұйғ., қырғ., өзб. *йаш*, орхон., ескі ұйғ., қум. *йаш*; қарақалп., қаз. *бес*, ноғ. *бес*, хақ. *пис*, як. *биэс*, түркм. *бәш*, азерб., алт., қырғ., құм., өзб., түр. *беш*, ұйғ. *бәш*, шор. *пеш*, тат., башқ. *биш*, чув. *пиллек*, т. б.

С орнына чуваш тілінде *л* қолданылады (ламбдаизм құбылысы):

қ а з а қ	ч у в.
<i>күміс</i>	<i>кемел</i>
<i>қыс</i>	<i>хер</i>
<i>есік</i>	<i>алак</i>
<i>алпыс</i>	<i>утмал</i>
<i>жетпіс</i>	<i>ситмал</i>
<i>тас</i>	<i>чул</i>
<i>тыс</i>	<i>тул, т. б.</i>

Қазақ тілінің *с* қатаңы башқұрт тілінің көмей спирантымен үйлесіп айтылады (*с→һ*):

қ а з а қ	б а ш қ.
<i>су</i>	<i>һыу</i>
<i>сары</i>	<i>һары</i>

<i>сөз</i>	<i>һуз</i>
<i>сау</i>	<i>һау</i>
<i>сақал</i>	<i>һақал</i>
<i>болса</i>	<i>булһа</i>
<i>барсын</i>	<i>барһын</i>
<i>атасы</i>	<i>атаһы, т. б.</i>

Демек, түрік тілдерінде *с, ш, л* дыбыстарының тарихи үйлесімі бар.

З — тіл ұшы астыңғы күрек тіске жуысуынан жасалатын фрикатив, бір фокусты (дөңгелек сызатты) ұяң фонема. Сөздің барлық шенінде келе береді: *зәре, зиян, азамат, аяз, жаз, т. б.*

З-ға біткен түбірге *с*-дан басталған аффикс жалғанғанда *з* дыбысы (түбір мен аффикс аралығында) *с* дыбысымен комбинаторлы түрде алмасады: *жаз-са — жас-са* (жазса), *жүз-сін — жүссін* (жүзсін) т. б.

Екіншіден, *з* ұяңы *ш* қатанымен (түбір мен аффикс аралығында) комбинаторлы түрде алмасады: *дүз-шы — дүшшы* (дүзшы), *колхоз-шы — колхошшы* (колхозшы), т. б.

Сөйлеу тілінде (говорларда) бірінші жақтағы жіктіктің көптігіндегі *з* ұяңы *с*-ға ауысып айтылу жағдайы жоқ емес: *барамыз* (барамыз), *келемиз* (келемиз), *айтамыз* (айтамыз), т. б.

Қазақ тіліндегі *з* орнына қазіргі чуваш тілінде *р* дыбысы жұмсалады (ротацизм құбылысы):

<i>қ а з а қ</i>	<i>ч у в.</i>
<i>қыз</i>	<i>хер</i>
<i>құндыз</i>	<i>хантар</i>
<i>қазан</i>	<i>хуран</i>
<i>мүз</i>	<i>пер</i>
<i>жаз</i> (етістік)	<i>сыр</i>
<i>өгіз</i>	<i>вакар</i>
<i>жұлдыз</i>	<i>салтар</i>
<i>отыз</i>	<i>ватар</i>
<i>жүз</i>	<i>сер</i>
<i>тоғыз</i>	<i>тохар</i>
<i>гуз</i>	<i>кер, т. б.</i>

Қарақалпақ тілінің бірен-саран сөздерінде *з* мен *р* дыбыстары алмасып та келеді: *семіз — семір, көз — көр* (сөз мағынасын ажыратады).

Кейбір түркі тілдерінде з дыбыс орнына қатаң с дыбысы айтылады:

Қаз. *қыз*, якут. *қыыс*, алт., тув., шор., хак. *қыс*;

Қаз. *дұз*, *тұз*, якут. *туус*, тув., шор., хак. *тус*, т. б. Қысқасы, түркі тілдеріндегі з, р, с дыбыстарының тарихи үйлесімі байқалады (*қыз* — *қыс* — *хер*).

Ж (*дж*) — тіл алды таңдайдың алдыңғы бөлегіне жуықтауынан жасалатын фрикатив, екі фокусты ұяң фонема. *Ж* фонемасы сөздің барлық шенінде келе береді: *жаңа*, *же*, *жарма*, *ажар*, *маржан*, *журнал*, *стаж*, *этаж*, т. б. Қазақ тілінде спирант *ж* фонемасының аффрикат түрінде (*дж*) айтылатын варианты бар. Аффрикат *дж* тіл алды — жіңішке көбіне үлкендердің тілінде естіледі: *джол*, *джер*, *джылым*, *джапалақ*, *джаңылтпаш*, *джетінші* т. б. Аффрикаттың бұл түрі кейбір түркі тілдерінде де (қарақалпақ, ноғай т. б. тілдер) бар. *ДЖ* аффрикаты қазақ тіліне қарағанда қарақалпақ тілінде жиі қолданылады, көбіне сөздің басында сақталады, сөз ішінде (инлаутта) келуі сирек: *джыл*, *джақсы*, *джерек*, *жеті*, *джылан*, *джаурын*, *джаға*, *ходжайын*, *марджан*, *арджағында*, *олджа*, т. б. *Дж* аффрикатында екі дыбыстың элементі бар, оның бірінші элементі — көмескі шұғыл *д* дыбысы да, екінші элементі — спирант *ж*. Демек, артикуляциясының жасалу жағынан екі кезеңі бар: біріншісі, екі мүшенің аздап жабысуы, екіншісі, екі мүшенің жабыспай, жуықтасуы. Олай болса, *дж* аффрикатын дәл не шұғыл, не ызың дыбыс деп айта қою қиын. Бірақ шұғылдық мүшесінен көрі ызыңдық қасиеті басым. Қазақ тілінде, сондай-ақ қарақалпақ тілінде *дж* аффрикатының дербес з фонематикалық сапасы жоқ. Осы себептен *дж* өз алдына жеке фонема бола алмайды, оны *ж* спирантының позициялық варианты деп қараймыз. Қазақ тілінің говорларында *ж* ~ *дж* ~ *и* дыбыстарының үйлесімі де байқалып отырады: *жақсы* — *джақсы* — *йахшы*, *жаға* — *джаға* — *йаға*, *жақында* — *джақында* — *йақында* (*йакынна*, *йақылла*), *жаңа* — *джана* — *йаңа*, *жарым* — *джарым* — *йарым*, *жел* — *джел* — *йел*, т. б. Қазақ тілінде *ж*, *дж* (кейде *й*) орнына өзге түрік тілдерінде басқа дыбыстар қолданылады (*ж* — *дж* — *й* — *ч* — *дь* — *ç* — *с*): қазақ. *жол*, *джол* (*йол*), тат. *йул*, түр. *йол*, шор. *чол*, алт. *дьол*, қырғыз. *жол*. чув. *сул*, як. *суол*, *жер*, *джер*, карач., балк., қырғ. *жер*, түр. *йер*, хак. *чир*, шор. *чер*, алт. *дьер*, чув. *сер*; қазақ. *жоқ*, *джоқ* (*йоқ*), тат. *йук*, түр. *йок*, қырғ. *жоқ*, шор.

чок, алт. *дьок*, чув. *сук*; қазақ. *жыл*, *джыл* (*йыл*), тат. *йыл*, алт., башк., ұйғ., өзб. *йыл*, оңтүстік батыс түрік тілдері *йыл*, орх. — ен., куман *йыл*, тув. *чыл*, як. *сыл*, монғ. *джыл*, т. б.

Ш — тіл алды таңдайдың алдыңғы бөлегіне жуықтауынан жасалатын спирант, екі фокусты қатаң фонема. Қазақ тілінде *ш* фонемасы сөздің барлық шенінде келе береді: *шаш*, *қашан*, *шелек*, т. б. *Ш* спирантының да аффрикат түрінде айтылатын (*ч—тш*) варианты бар. Тіл ұшы таңдайға тиюден *ч* аффрикаты жасалады. *Дж* аффрикаты сияқты көбінесе үлкендердің тілінде айтылады: *чапан*, *чолпан*, *чортан*, *чанышқы*, *чекпен*, *бесинчи*, т. б. Қазақ тілінде *ч* аффрикаты *дж* аффрикатына қарағанда аз қолданылады. Бұл *ч* аффрикатында да екі дыбыстың элементі бар: оның бірінші элементі — көмескі шұғыл *т* дыбысы да, екінші элементі — қатаң спирант *ш*. *Дж* аффрикаты тәрізді артикуляциясының жасалуы жағынан *ч*-ның да екі кезеңі бар: біріншісі, екі мүшенің аздап жабысуы, екіншісі, екі мүшенің жабыспай, бір-біріне жуықтауы. Олай болса, *ч* аффрикатын да дәл не шұғыл, не ызың дыбыс деп айта қою қиын. Бірақ шұғылдық мүшесінен гөрі ызындық мүшесі басым. Қазақ тілінде *ч* аффрикаты жіңішке түрде айтылып, екі дыбыстың құрамы сапасында естіледі (*т, ш*): *тшолпан* (чолпан), *тшанышқы* (чанышқы), *тшелек* (челек), *тшекпен* (чекпен), *тшолпы* (чолпы), т. б. Сөз ішінде (инлауфта) *ч* аффрикаты *н* мұрын сонорынан кейін де не *ы, и* (*і*) қысаңдарының алдында да айтыла береді: *бесинчи*, *көпчилик*, *жетинчи*, т. б. Осы позицияда жедел айтылғанда *ч* үнемі аффрикат сапасын береді де, жедел айтылмай, жай айтылғанда жалаң спирант *ш* сапасын көрсетеді. Дегенмен, *ч* аффрикатының дербес фонематикалық мағынасы жоқ, осы себептен оны *ш* спирантының позициялық варианты деп қараймыз. *Дж, ч* аффрикаттары интеллигенттердің, колхоз активтерінің және оқушы жастардың тілінде сирек кездеседі.

Қазақ тіліндегі *дж, ч* аффрикаттарын өзге тілдің әсерінен деуге болмайды. *Дж, ч* аффрикаттарының жайы қазақ тілінің тарихымен тығыз байланысты. *Дж, ч* аффрикаттары тек бір ғана қазақ тілінде емес, қыпшақ тобындағы тілдердің көбінде кездеседі. Сондай-ақ бұл аффрикаттар қазақ тілімен тарихи байланысы бар ескі қыпшақ тілінің жазба нұсқаларында да байқалады (Махмуд Қашғаридің сөздігі, Кодекс Куманикус, XV

ғасырдағы қыпшақ тілінің грамматикалары). А. Н. Бернштам ⁴⁶ ескі кездегі түрік тайпаларының бір тобы (батыс түрік қағанаты, VI ғасыр) *дж* аффрикатымен сөйлегенін көрсетеді. Қазақ халқының тегі батыс түрік қағанатына енген. Сондықтан тіліндегі *дж*, *ч* аффрикаттарын өзге тілдердің әсерінен деп түсінбей, осы тілдің жасалу тарихымен байланысты тануымыз керек. Қазіргі қазақ тілінде (говорларында) *ш*, *ч* дыбыстарының жарысып айтылуы кездейсоқ құбылыс емес.

Қазақ тіліндегі *ш* орнына кейбір түрік тілдерінде *ч*, *с* дыбыстары қолданылады: қаз. *үш*, азерб., қырғ., түркм., ұйғ., *үч*, як. *үс*, хак. *үс*, қаз. *шығар*, *чығар*, қырғ., *чығар*, өзб. *чиқар*, балк. *чығар*, тат. *чығар*, кр—тат. (қырым-татар тілі) *чықар*, ұйғ. *чиқар*, азерб. *чыхар*, түркм. *чыкар*, карач. *чыгъар*, алт. *чыгар*, башқ. *сығар*, хак. *сығар* (*ш* ~ *ч* ~ *с*), т. б.

Ч — тіл алды, қатаң аффрикаттық жаңа фонема. Мұның ұяң жұбайы *дж*. Аффрикат *ч* фонемасы қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздер арқылы қалыптасуда. Сондықтан *ч* фонемасы тек совет-интернационалдық сөздерде ғана кездеседі: *чемпион*, *чех*, *почта*, *чек*, *чертеж*, *летчик*, *счет*, *очерк*, *печь*, *Чехов*, т. б. Совет-интернационалдық сөздерде естілетін *ч* мен говорларда ұшырайтын *ч*-ның арасында артикуляциялық жақтан айтарлықтай өзгешелік байқалмайды.

Ц — тіл алды үстіңгі күрек тіске соқтығуынан жасалатын тістік (денталь) жаңа аффрикаттық фонема. Бұл фонема тілге орыс тілі арқылы келген сөздермен енді: *революция*, *концерт*, *процент*, *цилиндр*, *центнер*, *циркуль*, *цемент*, *цех*, т. б. *Ц* аффрикаты сөзде біркелкі айтылмайды: *ц* аффрикаты сөз басында (*центнер*, *цирк*, *циркуль*, *цех* т. б.) дауысты дыбыстан кейін немесе екі дауыстының ортасында (*механизация*, *доцент*, *делегация*, *декорация* т. б.) сөйлеуде екі дыбыстың құрамы *тс* түрінде айтылады. Ал кейде дауыссыздан кейін, әсіресе, сонордан кейінгі позицияда *с* спирантына айналады. *Франсия* (Франция), *стансия* (станция), *функсия* (функция), т. б.

Тіл орта дауыссыздары: й, к, г. Й — тіл қатты таңдайға жуысуынан жасалатын спирант (бір фокусты)

⁴⁶ Бернштам А. Н. О древнейших словах джекonia в тюркских языках Средней Азии. М.; Л., 1938.

ауыз жолды сонор фонема. Көбіне сөздің аяғы мен ортасында ұшырайды: *айақ* (аяқ), *сайа* (сая), *қайық*, *тай*, *сай*, т. б. Кейбір одағай сөздер мен жалғаулықтар болмаса, байырғы түбір сөздердің басында *й* соноры қолданылмайды (*йа*, *ямаса* — *я*, *ямаса*, т. б.). Сонор *й*-мен басталатын сөздер негізінде қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздер болып саналады: *йад* (яд), *йар* (яр), *ящик*, т. б. Говорларда кейде *ж* (*дж*), *й* дыбыстарының сөз басында жарысып айтылуы жоқ емес: *жақсы* — *йахшы*, *жоқ* — *йоқ*, *жол* — *йол*, *жыл* — *йыл*, *жас* — *йаш*, т. б. Сөз басында кейде *ж//дж//й* дыбыстарының алмасып келуі — осы тілдің тарихымен тығыз байланысты. Спирант *й* сөз аяғында дауыстымен бірге келгенде акустикалық жағынан тұйық дифтонгтарды жасайды: *тай* (ай), *той* (ой), *сүй* (үй), т. б. Сөздегі *й* спирантының орнында кейбір түрік тілдерінде басқа дыбыстар айтылады: Қаз. *айақ*, шор., хак. *азак*, як. *атак*, орх. *адак*, чув. *ура*, монг. *адаг* (соңы, ақыры); қарақалп. *құйрық*, шор. *кузурук*, тув. *кудурук*, як. *хутурук*, чув. *хуре*, монг. *кудурга*, қазақ. *қоян*, тув. *кодан*, хак. *хозан*, шор. *козан*, қазақ. *қой* — өзге түркі тілдерінде — *код*, *куот*, *коз*, *хур* түрінде кездеседі. Түркі тілдеріне *й//з//д//т//у* дыбыстарының алмасып айтылуы — осы тілдердің даму тарихымен байланысты. Қазіргі *айақ* (аяқ), *қой* сөздері ескі түркі тілдерінде *адак//атак*, *код* түрінде кездеседі. Қазіргі тілімізде *ада* сөзі (*ада болды*) аяқталды мағынасында қолданылады. Монгол тілінде *адаг* сөзі *аяғы*, *соңы* деген мағынаны білдіреді (*д й*). Ескінің ізі болған *з й*-ге ауысуы да тілімізде бар құбылыс (*сөйле*, *сөзле*, *жайлау*, *жаз*), т. б.

К — тіл ортасы қатты тандайға нық тиюден жасалатын шұғыл қатаң фонема. Түрік тілдерінде *к* дыбысының табиғаты біркелкі емес. Мәселен, қарақалпақ, қазақ, ноғай т. б. түркі тілдеріне қарағанда карлук, оғуз тобындағы түркі тілдерінде *к* қатаңы алдыңғы артикуляциямен айтылады. *К* шұғылы жіңішке дауыстылармен бірге келеді: *күн*, *кел*, *екі*, *терек*, т. б. Қазіргі сөздік құрамда *к* шұғылының *а*, *о* тәрізді жуан дауыстылармен тіркесіп айтылуы жоқ емес: *кадр*, *комсомол*, т. б. *К* фонемасы сөздің барлық шенінде болады: *көк*, *көз*, *керек*, *түлкі*, т. б. Қазақ тілінің сөз басындағы *к* қатаңы орнына оғуз тобындағы тілдерде *г* ұяңы қолданылады: қазақ. *кир*, түр., түркм., *гир*, қарақалп. *көл*, түр., түркм. *гөл*, қарақалп. *кел*, *күн*, түркм., азерб., *гел*, *гүн* т. б.

К қатаңы екі дауыстының аралығында ұяңдап, г-мен комбинаторлы түрде алмасады: *терек-і — терегі, көг егіс* (көк егіс), *баласы гелді* (баласы келді), *қара гөз* (қара көз), т. б.

Г — тіл ортасы қатты таңдайға нық тиюден жасалатын шұғыл ұяң фонема. Г жіңішке, к қатаңының ұяң жұбайы. Қазақ тілінде г өзбек, ұйғыр т. б. түрік тілдеріне қарағанда артқы артикуляциямен айтылады. Г ұяңы көбіне сөз ішінде айтылады: *егін, бүгін, егер, кереге, келген*, т. б. Сөздің басы мен аяғында г ұяңы аз қолданылады. Сөздің бас, аяғында г келуі — көбіне қазақ тіліне өзге тілдерден енген — кірме сөздер: *газ, генетика, педагог*, т. б. Қазіргі қарақалпақ тілінде (говорларда) г, к дыбыстарының сөз басында кейде жарысып айтылуы жоқ емес: *гүз — күз, гөне — көне, гүрес — күрес, гилт — килт, гедей — кедей, гезек — кезек, гүмис — күміс* т. б. Мұның өзі қарақалпақ тілінің жасалу тарихымен байланысты болуы керек.

Қазақ тілінің байырғы лексикасында г ұяңы к тәрізді үнемі жіңішке дауыстылардың қосағында келеді. Қазақ тілінің сөз басындағы к орнына қарақалпақ тілінде кей уақыт г дыбысы айтылады:

қазақ тілінде	қарақалпақ тілінде
<i>кілем</i>	<i>гилем</i>
<i>керең</i>	<i>герен</i>
<i>кеуде</i>	<i>геуде</i>
<i>көбелек</i>	<i>гөбелек</i>
<i>көже</i>	<i>гөже</i>
<i>көне</i>	<i>гөне</i>
<i>күбі</i>	<i>гүби</i>
<i>күз</i>	<i>гүз</i>
<i>күзе</i>	<i>гүзе</i>
<i>күзек</i>	<i>гүзек</i>
<i>күман</i>	<i>гүман</i>
<i>күміс</i>	<i>гүмис</i>
<i>күн</i>	<i>гүн</i>
<i>күңгірт</i>	<i>гүңгірт</i>
<i>күнжара</i>	<i>гүнжара</i>
<i>күрек</i>	<i>гүрек</i>
<i>күрес</i>	<i>гүрес</i>
<i>күріш</i>	<i>гүриш</i>
<i>күпшек</i>	<i>гүпшек</i>
<i>күзет</i>	<i>гүзет</i>

кезек
кедей

гезек
гедей, т. б.

Тіл арты дауыссыздары: к, ғ, х, н. Қ — тілдің түбі таңдайдың артқы шеніне тиюден жасалатын шұғыл қа- таң фонема.

Сөйлеу тілінде кей уақыт қ мен х дыбыстары сөз ішінде жарысып та айтыла береді: тақта — тахта, тоқ- сан — тохсан, тақал — тахал, тоқта — тохта, шықты — шыхты (қ//х) т. б. Сөз ішінде не сөз аралығындағы интервокаль позициясында қ қатаңы мен ғ ұяңы комби- наторлы түрде алмасады: ақ-ы — ағы, орақ-ы — орағы, ақ ала — ағ ала, аз қара — аз ғара, т. б. Қазақ тіліндегі тіл арты қ дыбысының орнында қазіргі чуваш, хакас және тува тілдерінде үнемі х спиранты айтылады:

қазақ тілінде

қарын

қыз

құлақ

қырық

сақал

қуат

қала

ақ

құндыз

қазан

ақсақ

қап

қайғы

қазақ тілінде

қабырға

қағаз

қазан

қайда

қал

қанат

қамшы

қалың

қар

қара

қарағай

қарға

қарын

чуваш тілінде

хырам

хер

халха

херех

сухал

хила

хават

юх

хандар

хуран

ухсах

хып

хуйха

хакас тілінде

хабырға

хағас

хазан

хайда

хал

ханат

хамчь

халын

хар

хара

харағай

харға

харын

қоян	хозан
қой	хой
қол	хол
құйрық	хузурух
құрт	хурт
құлын	хулун
құс	хус
қыз	хыс
қырық	хырых
қысқа	хысха т. б.
қазақ тілінде	тува тілінде
қап	хап
қар	хар
қой	хой
қол	хол
қырау	хыраа
кеме	хеме
көл	хөл
күн	хүн
күл	хүл, т. б.

Ғ — тілдің түбі таңдайдың артқы шеніне тиюдан жасалатын ызың ұяң фонема. *Ғ* ұяңы сөз ішінде қолданылады, ал сөз басында сирек айтылады: *аға, жаға, тамға, ағза, маған, дағаз, суғарды, ғауға, ғалаба, ғалли, ғайрат*, т. б. Бірді-екілі сөздерде болмаса, *Ғ* сөз аяғында тіпті кездеспейді (*бағ* т. б.): *қ, Ғ* дауыссыздары кейде сөз басында жарыса айтылады: *ғаз — қаз, ғарры — қарры*, т. б. Демек, *қ, ғ, к, г* дыбыстары белгілі фонетикалық жағдайда өзара комбинаторлы түрде алмасып келеді: *бас-қа, жаз-ғы, бет-ке, гүл-ге, қақ-ы — қағы, көк-и — көги, жаза ғойды* (жаза қойды), *бері гелді* (бері келді) т. б.

Қазақ тілінде *к, г* тіл орта дауыссыздары мен *в* ляр *қ, ғ* дауыссыздары фонематикалық жағынан өзге дауыссыздардан ерекшеленеді. *Қ* мен *Ғ*-ның, *к* мен *г*-нің аралығында мағына айқындау кезеңі сөздің барлық шенінде бірдей емес: сөздің басы мен аяғында мағына айқындау жағы әлсіз: *жаза^к ойды, бере^ғ елді, педагог^к* т. б. *Г, ғ, к, қ* қатаңдарының комбинаторлық варианты секілді. Қатаңдардың *г, ғ* комбинаторлық ұяң варианттары тіліміздің даму барысында дербес фонемаға айналған болуы керек. Осы күнгі тілімізде *к* мен *г*-нің, *қ*

мен *ғ*-ның сөздің кейбір позициясында фонематикалық жағынан дифференциация жасалынбауы о бастағы бір туыстық жағдайдан болуы керек. Түрік тілдерінің материалдарына байланысты И. А. Батманов⁴⁷ пен Н. А. Баскаков⁴⁸ *қ* мен *к*-нің, *ғ* мен *г*-нің тарихи төркіні бір деген пікірді айтады.

Қазақ тілінің сөз басындағы *қ* орнына қарақалпақ тілінде кей уақыт *ғ* қолданылады:

қазақ тілінде:	қарақалпақ тілінде:
қайрат	ғайрат
қамқорлық	ғамхорлық
қам	ғам
кәрі, қарт	ғарры
қауға	ғауға
қаз	ғаз
қарға	ғарға
қашыр	ғашыр, т. б.

Қыпшақ тобындағы түркі тілдерінің оғыз тобындағы түркі тілдерінен бір фонетикалық ерекшелігі — сөз басында көбіне қатаң (әсіресе *т*, *к*, *қ*) дыбыстар қолданылады. Ал оғыз тобындағы түркі тілдерінде сөз басында ұяң дыбыстар айтылады.

Қазіргі қарақалпақ тілінің бірнеше фонетикалық ерекшелігі бар, соның бірі — қазақ тіліндегі сөз басында келетін қатаң *т*, *қ*, *к* дыбыстарының орнына қарақалпақ тілінде кей уақыт *д*, *ғ*, *г* ұяндарының қолданылу кезеңі. Бұл жағдай қарақалпақ тілінің даму тарихымен байланысты болуы керек.

Қалған, келген тәрізді сөздердегі *ғ*, *г* дыбыстары оғыз тобындағы түркі тілдерінде түсіріліп, қалан, гелен түрінде айтылады.

Сөз ішіндегі *ғ* дыбысы кейбір түркі тілдеріндегі *к*, *х* қатаңдарына үйлеседі: тоғыз — токкуз — тохар (*ғ*, *к*, *х*), т. б.

Ң — тілдің артқы шені түпкі таңдайға нық тиюден жасалатын имплозивтік мұрын жолды сонор фонема. *Ң* соноры байырғы сөздердің анлаут позициясынан өзге шенінде қолданылады: жаңа, теиз, теңиз, таң, аң, шаң, кең, соңғы, аңлатпа, аңқау, т. б. Тіл алды *н* соноры *к*, *г*, *ғ* үнсіздерінің алдынан тіл арты *ң* сонорымен комбина-

⁴⁷ Батманов И. А. Современный киргизский язык. Фрунзе, 1953. С. 95.

⁴⁸ Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. М., 1952. Ч. 2. С. 25.

торлы түрде алмасады: *түңги* (түнгі), *азаңғы* (азанғы) т. б.

Түрік тілдерінің бәрінде дерлік кездесетін тіл артың соноры чуваш тілінде ешбір қолданылмайды, оның орнына тіл алды *н*, не ретіне қарамай *м* билабиалы айтылады:

қазақ тілінде	чуваш тілінде
<i>аң</i>	<i>ан</i>
<i>жең</i>	<i>сана</i>
<i>теңіз</i>	<i>тинес</i>
<i>тең</i>	<i>тан</i>
<i>тыңла</i>	<i>танла</i>
<i>қалың</i>	<i>хулам</i>
<i>жеңіл</i>	<i>салал</i>
<i>тәң</i>	<i>там, т. б.</i>

Х — тілдің түбі мен артқы таңдайдың жуысуынан жасалатын увуляр, спирант қатаң фонема. *Х* фонемасы қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген сөздермен кірді: *химия, хроника, архив, техника, бухгалтер, паракход* т. б. *Х* спиранты мен *қ* шұғылының ерекшелігі негізінде артикуляциялық жолында: *қ*-ны айтқанда тілдің артқы бөлегі таңдайдың артқы шеніне нық жабысуынан жасалады, ал *х* фонемасы тілдің артқы бөлегі мен таңдайдың артқы шені жуысуынан жасалады. Сондықтан *қ* шұғыл да, *х* ызың. Қазақ тілінде *х* артикуляциялы дыбыс бұрын болмады десек, қате болар еді. *Х* дыбыс бұрын этимологиясы араб-иран тілдерінен енген сөздерде айтылатын *хабар, хат, хызмет, дихан, асхана* т. б. Ауызекі тілде *қ* шұғылының орнына кей уақыт *х* спиранты жұмсалады: *қабар* (хабар), *қат* (хат), *қызмет* (хызмет), т. б. *Х* дыбысы *қ* шұғылының акустикалық варианты ретінде айтылып, екеуінің арасында фонематикалық кезең байқалмайды. Бергі кезде қазақ тіліне совет-интернационалдық сөздердің енуімен *х* дербес фонемаға айналу күйінде.

Қазіргі қазақ тілінде фарингаль «*һ*» спиранты бірлі-жарым одағай сөздерде (*аһ, уһ, аһа, еһе, оһо, моһ-моһ*), сондай-ақ күншығыс (араб, иран) тілдерінен енген кейбір сөздерде ғана айтылады: *қаһарман, қаһар, аждаһа— айдаһар, гауһар, жаһан — жиһан, жаһаннам, жаһанкез, жиһангер, іждаһат, шаһар — шәһәр*. Бірақ осы дыбыстың артикуляторлы-акустикалық табиғаты жөнінде біркелкі пікір жоқ. Мәселен, қазақ тіліндегі «*һ*» спирантын

бірде қатаңға бірде ұяңға жатқызып, түрліше түсініп жүрміз. Осы тәрізді тюркологиялық еңбектерде «h» дыбысы бірде фарингаль⁴⁹, бірде ларингаль⁵⁰, ал тіпті кейде тіл арты — увуляр дыбыс деп айтылып жүр. Олай болуының басты бір себебі — түркі тілдерінің фонема жүйесі, фонетикалық құрылысы әлі күнге дейін эксперимент әдістерімен жете зерттелген емес. Эксперимент әдістерімен жан-жақты тексергенде ғана тіл дыбыстарының акустика-артикуляциялық сыры толық анықталатын болады. Л. В. Щерба тіл дыбыстарын үш түрлі аспекті бойынша (физикалық, биологиялық және лингвистикалық) зерттеуді талап етіп қойған болатын. Соңғы кезде тіл дыбыстарын, тілдің интонациясын әр түрлі электронды — акустикалық құралдар арқылы (осциллограф, спектрограф, рентген, кинорентген) зерттеу жұмысы өріс алып отыр.

Тіл дыбыстарына әртүрлі спектралды талдау⁵¹ жасаумен байланысты акустикалық фонетиканың басты мәселелері, қазіргі формант теориясындағы талас жайлар шешілмекші. Дихотомиялық фонологияның едәуір өзекті мәселелері де осы акустикалық фонетикамен ұштасып жатады. Сонымен қатар бұрыннан келе жатқан пневматикалық, палатографиялық әдістер күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан емес. Соңғы кезде жаңадан пневно-осциллографиялық әдіс те⁵² пайда болып, практикада елеулі нәтиже беріп отыр. Алдағы кезде техниканың өсуімен байланысты электронды-динамикалық палатография⁵³ кинорентген арқылы зерттеу жұ-

⁴⁹ Барашков П. П. Звуковой состав якутского языка. Якутск, 1953. С. 45.

⁵⁰ Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. М., 1952. Ч. 2. С. 70; Решетов В. В. Основы фонетики и грамматики узбекского языка. Ташкент, 1961. С. 44; Кононов Н. А. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., 1956. С. 30.

⁵¹ Чистович Л. А. Вопросы спектрального анализа звука слуховой системой // Тезисы докладов на симпозиуме по спектральному анализу звуков речи. М., 1959; Артемов В. А. Спектры фонем русского языка и их использование для машинного воспроизведения речи // Ученые записки первого Московского педагогического института иностранных языков. Т. 20. Экспериментальная фонетика и психология речи. М., 1950.

⁵² Якобсон Р., Фанти Е. Г., Халле М. Введение в анализ речи // Новое в лингвистике. М., 1962. Вып. 2.

⁵³ Жгенти С. М. Новый пневно-осциллографический метод изучения абруптивов (смычно-гортанных) и фарингальных согласных. Тбилиси, 1961; Ленинградта И. П. Павлов атындағы физиология институтының қызметкерлері жасаған құрал.

мысы жүргізіліп, тілдің фонетикалық құрылысы әржақты зерттеледі. Лингвистикалық әдебиетте фарингальдыбыстарын ларингаль — көмей дыбыстарының тобына енгізіп, екеуін біркелкі дыбыс деп қараушылық жиі кездеседі. Л. В. Щерба тіл дыбыстарының бұл екі түрін бір-бірінен ажыратып қарау қажет екенін әлденеше рет ескерткен болатын.

Жалпы фонетика⁵⁴ тамақ арқылы жасалатын дыбыстардың екі түрін көрсетеді: оның бірі — фарингаль (гректің *ραηϋϋϋ* деген сөзінен шыққан, қазақшасы — *жұтқыншақ*), екіншісі — ларингаль (гректің *λαρυνϋ* сөзінен алынған, қазақшасы — *көмей*) дыбыстар. Фарингальдыбыстар жұтқыншақтан, жұтқыншақ қуысының (полость глотки) тарылуынан пайда болады, яғни фарингальдыбыстарды айтқанымызда тілдің артқы түбі жұтқыншақ — фаринкс қабырғасына тиер-тимес болып жуысады, осыдан барып жұтқыншақ түтігі тараяды. Сол жұтқыншақ қуысының тараятын жеріне қарай жоғарғы және төменгі фарингальдыбыстар болып екі түрге жіктеледі. Жоғары фарингальдыбыстар күншығыс семит—хамит⁵⁵ тілдерінде жиі ұшырайды. Ал төменгі фарингальдыбыстары қазіргі ағылшын, неміс тілдерінде байқалады (Мәселен, немісше — *haben, halten*). Фарингальдыбыстардың қатаң-ұяң, шұғыл-ызың сияқты түрлері болады. Ларингальдыбыстар тамақтағы дауыс түтігі арқылы пайда болған салдырдан, дауыс шымылдығының бір-бірімен жабысып, кенет ашылуынан пайда болады. Оларды, екінші сөзбен — көмей шұғылдары (гортанные смьчные) деп атаймыз. Көмей шұғылдары түркі, монғол тілдерінде байқалмайды. Ларингальдыбыстарының өзгеше бір түрі — қазіргі грузин, авар тілдерінде кездесетін шұғыл көмейлері (смьчно-гортанные), олар үнемі қатаң болып айтылады. Ал қазақ тілінде «h» дыбысына келсек, бұл жөнінде мына жайды айтуға болады: Спирант «h» дыбысын айтқанымызда тілдің түбі фаринкс қабырғасына жуысады да, содан жұтқыншақ қуысы тараяды. Сондықтан қазақ тілінде h спирантын фарингальдыбысқа жатқызу дұрыс деп табамыз. Біздің байқауымызша, қазақ тіліндегі «h» спиранты жасалу орнына қарай жоғары фарингальды-

⁵⁴ Зиндер Л. Р. Общая фонетика. Л., 1960. С. 169.

⁵⁵ Юшманов И. В. Хамито-семито-яфетические сжатогортанные // Язык и мышление. М.; Л., 1948. Т. 2. С. 395.

бысқа ⁵⁶ жатады, «h» дыбысының артикуляциялық қызметі жұтқыншақтың жоғары жағында болады, тілдің түбі фаринкске ауысуынан фокус жасалады. Сондықтан жасалу жолына қарай «h» фарингалын ызың дыбыс деп білеміз. Жасалатын фокус түріне қарай *h* ызыңы дөңгелек саңлаулы (круглощелевые) дыбыс па, не жазық саңлаулы (плоскощелевые) дыбыс па, бұл жай алдағы кезде кинорентген, тонограф құралдарымен зерттеу арқылы шешіледі. Ленинград университетінің Л. В. Щерба атындағы эксперименттік фонетика лабораториясында қазақ тілінің дыбыстары кимограф және осциллограф құралдары ⁵⁷ арқылы жазылып зерттелді. Мұның екеуі де дыбыс толқынын жазады. Осциллограф дыбыс толқынын электр тогы арқылы көрсетеді. Кимограф болса, тамақ, ауыз және мұрын артикуляциясының қимылын — солардан жасалған дыбыс толқынын күйе қағазға түсіреді. Мұның екеуі де тіл дыбыстарының қатаң не шұғыл болуын, ауыз не мұрыннан жасалуын, дыбыстардың негізгі тонын, күшін, санын анықтайды. Сондықтан кимография немесе пневматика әдісі мүлдем істен шықты деген пікірге қосыла алмаймыз.

Кимограф және осциллограф құралдары арқылы зерттеуге қарағанда қазақ тіліндегі *h* фарингалы сөздің инлаут позициясында үнемі ұяң болып айтылады. «h» фарингалы ұяң дыбысқа, ұяңның ызыңына жатады. Мұның жуан-жіңішке түрде айтылатын фонетикалық варианты да жоқ емес (*жаһан — жиһан, аһа — еһе*). Оңтүстік аудандардағы қазақтардың тілінде бірді-екілі сөздерде *h* фарингалы сөздің бас шенінде де (анлаутында да) айтыла береді: *һеш, һәр* (әдеби норма — *еш, әр* — спиранты түсіріліп айтылады). Бірлі-жарым одағай сөздердің аяқ шенінде (ауслуатында) фарингалы кейде қатаңданып естіледі (*аһ, уһ*).

Түркі тілдерде «h» спиранты көбіне күншығыс (араб-иран) тілдерінен ауысқан кірме сөздерде кездеседі. Бірақ бұл тілдерде «h» спирантының қолданылу жайы мен айтылу күйі, фонетикалық қасиеті біркелкі емес. Мәселен, түркімен, татар, құмық, ноғай тілдеріне қара-

⁵⁶ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954. 135-б. Үлкен кимограф жылдамдығы 200—250 мм/сек, дикторлар — Ленинград теміржол институтының студенті Бақытжан Сатаев және аспирант Оразбай Әбділдин.

⁵⁷ 102 маркалы электронды осциллограф, киноплёнканың жүру тездігі — 500 мм/сек.

ғанда, қазіргі азербайжан, өзбек, ұйғыр тілдерінде «h» ызыңы күншығыс тілдерінен енген кірме сөздерде жиі айтылып, дербес фонема сапасында қолданылады. Яғни сөздің мағынасын ажыратуға себебі бар — фонемалық дыбыстың бірінен саналады. Ал екінші бір топ түркі тілдерде (чуваш, хакас, тува, алтай, гагауз, қырғыз, қараим, балқар тілдері) спиранты дербес фонема сапасында қолданылмайды. Өзге түркі тілдерінің байырғы сөздерінде келетін *с* қатаңы қазіргі башқұрт және якут тілдерінде көбіне «h» спирант түрінде айтылады: башқұрт тілінде: *һау* (су), *һайлау* (сайлау), *һау* (сау), *һин* (сен), *һары* (сары), *һуқыр* (соқыр), *һакал* (сақал), *һайыр* (сиыр), *һабын* (сабын), *һан* (сан), *һоло* (сұлы), *һөй-эк* (сүйек), *һорау* (сұрау), *булһа* (болса), якут тілінде: *киһи* (кісі), *қыһын* (қысын), *баһа* (басы), *түһэбин* (түсемін) т. б.

3-таблица. Қазақ тілінің дауыссыз фонемаларын жіктеу:

		Ерін		Тіл алды			Тіл орта	Тіл арты	көмей (фарингаль)	
		ерін (билабиаль)	ерін мен тіс (лабиоденталь)	тіс — альвеоляр	алдыңғы қатты таңдай					
Үнсіздер	Ызындар	шұғылдар		қатаң ұяң	п б	т д		к к	г	
		бір фокустілер	жазық фокустілер	қатаң ұяң		ф в			х	ғ
			дөңгелек фокустілер	қатаң ұяң		с з				
		екі фокустілер	қатаң ұяң				ш ж			
		аффрикаттар	қатаң ұяң		ц	ч (дж)				
сонанттар	Ызындар — ауыз	шұғылдар (имплозив) мұрын жолды			м	н		ң		
		орталық — спирант бүйір — латераль			у	л		й		
		діріл — вибрациялы						р		

Өзге түркі тілдерде⁵⁸ (күншығыс тілдерінен ауысқан сөздерде) айтылатын *h* спиранты қазіргі қазақ тілінде бірде қатанданып тіл арты *қ* — *х* дыбыстарына ауысса, бірде мүлде түсіп қалып айтылады: азербайжан тілінде — *һазыр*, өзбек тілінде — *хайзон*, ұйғыр тілінде — *һайуан*, қарақалпақ тілінде — *һайуан*, *хайуан*, *айуан*, қазақ тілінде — *айуан*, *хайуан*; қазақ тілінде — *шәрі*, *шаһар*, *шәһар*, қарақалпақ тілінде — *шәһәр* т. б.

Қарақалпақ тіліндегі дауыссыз фонемалар дауыспен салдырдың қатысына қарай үш топқа жіктеледі: а) сонор фонемалар: *р, л, й, у, м, н, ң*.

Сонорларды айтқанда дауыс басым болады да, салдыр кем болады. Сонордың бірқатары ауыздан, бірқатары мұрыннан айтылатын болғандығынан бір түрін ауыз жолды, екінші түрін мұрын жолды сонорлар деп атаймыз (ауыз жолды сонорлар: *у, й, р, л* мұрын жолды сонорлар: *м, н, ң*).

2) Ұяң фонемалар: *б, в, д, г, з, ғ, ж*. Ұяңдарда дауыстан көрі салдыр басым болады;

3) Қатаң фонемалар: *п, т, к, қ, с, ш, ф, х, ч, ц*. Қатаңдар бірыңғай салдырдан жасалады да, негізінде дауыстың қатысы болмайды. Қазақ тіліндегі ұяң мен қатаң фонемалар жұп-жұбымен қосарланып келеді: *п—б, ф—в, т—д, с—з, ш—ж, к—г, қ—ғ, х—ғ*. Осындай ұяң мен қатаңдардың жұп-жұбымен қосарланып келуі, олардың комбинаторлық алмасуы үшін қажеті бар. Екіншіден, ұяң мен қатаңның айырмашылығы жалғыз дауыстың қатысу-қатыспауына байланысты ғана емес, сонымен бірге фонациялық ауаның түрлі лебіне де байланысты. Фонациялық ауаның шығу лебі қатаңдарда күшті, қарқынды болады да, ұяңдарда күшсіз, қарқынсыз болады. Осы себептен қатаңдарды күшті, не қарқынды, ұяңдарды күшсіз, не қарқынсыз фонемалар дейміз⁵⁹.

2. Салдырдың жасалу жолына қарай дауыссыздар (аффрикат дыбыстардан өзгелері) екі топқа жіктеледі:

1. Шұғыл дауыссыздар — шұғыл дауыссыздардың үнсіз (салдыр) және үнді түрі бар. Үнсіз шұғылдар: *б, п, д, т, г, к, қ*. Үнсіз шұғылдардың жасалуында үш

⁵⁸ Түркі тілдерде табиғаты біркелкі дыбыстардың әр түрлі таңбалармен берілуін қолайсыз деп табамыз, *әзір-қазір-хозир Ғьазир -хезир (-х-х-гы)*.

⁵⁹ «Қарқынды, қарқынсыз» терминдері І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары» («Халық мұғалімі». 1948. № 11. 51-бет) деген еңбегінен алынды.

түрлі артикуляциялық фаза болады. Мәселен, *п* шұғылын айтқанда, біріншіден, астыңғы ерін мен үстіңгі еріннің бір-бірімен жабысу кезеңі, екіншіден, жабысып тоқтайтын кезеңі, үшіншіден, астыңғы ерін мен үстіңгі еріннің айрылу кезеңі байқалады. Демек, әрбір үнсіз шұғылдардың жасалуында бірінің ізінен бірі келіп отыратын үш түрлі артикуляциялық кезең (фаза) болады: бірінші, дыбыстау мүшесінің бір-біріне жымдасу не жабысу фазасы, мұны имплозия дейміз, екінші, екі дыбыстау мүшесінің бір-бірімен жабысып тұрған кезеңі (имплозияның жалғасы), үшінші, дыбыстау мүшелерінің жабысу кезеңі бітіп, бір-бірінен кенет айрылу кезеңі, мұны эксплозия дейміз. Үнді шұғылдарға *м, н, ң* сонорлары жатады. Үнді шұғылдарда эксплозив фазасы жоқ та, импловив фазасы бар. Сондықтан *м, н, ң* сонорларын импловивтік фонемалар дейміз.

2. Фрикатив не ызың дауыссыздар: *ф, в, с, з, ғ, ж, ш, х*. Ызың дауыссыздар дауыстау мүшеміздің жабыспай, жуысуынан пайда болады. Актив дыбыстау мүшеміз пассив дыбыстау мүшемізге жуысқанда екеуінің арасынан фонациялық ауа өтетін сызат (фокус) жасалынады. Мәселен, *ф* ызыңын айтқанда астыңғы ерін мен үстіңгі күрек тіс жабыспай жуысып, арасынан фонациялық ауаны өткізетін сызатты (фокусты) жасайды. Ал *с* ызыңын айтқанда тілдің алдыңғы бөлегі үстіңгі күрек тіске жабыспай жуысып, фонациялық ауаны шығаратын сызатты жасайды. Ызың үнсіздер дыбыстау каналында бір кезеңдегі салдыр туғызушы кедергілерінің санына қарай екі топқа жіктеледі: бір фокусты ызыңдар (*в, ф, с, з, ғ, х*), екі фокусты ызыңдар (*ж, ш*).

Бір фокусты ызыңдардың артикуляциясында жасалатын сызаттың екі түрі бар: *в* ызыңын айтқанда астыңғы ерін үстіңгі күрек тіске жуыса, фонациялық ауаны өткізетін (астыңғы ерін мен үстіңгі күрек тістің ұзына бойына жазылып жатқан) сызатты жасайды. Осы себептен мұндай дыбыстарды жазық сызатты ызың дейміз. Жазық сызатты ызыңдарға: *в, ф, ғ, х* фонемалары жатады.

Екіншіден, *з* ызыңын айтқанда алдыңғы тіл бөлегінің үсті альвеолға, не үстіңгі күрек тіске көтеріліп, тіл тістің екі қапталына тіреліп, орталығынан ауа өткізетін сызатты жасайды. Мұндағы жасалатын сызат жазық сызаттай ұзына бойына кетпей дөңгелектеніп тұрады. Сондықтан сызаттың осындай екінші бір сирек кездесетін түрін дөңгелек сызат дейміз. Дөңгелек сызат ерінмен

де, тіл алдының арқасымен де жасалады. Қарақалпақ тіліндегі дөңгелек сызатты ызындарға *з, с* дыбыстары жатады. Екі фокусты ызындарға *ж, ш* дыбыстары жатады. Осындай екі фокусты ызындарда екі сызат болады.

Ызындардың екінші бір тобы — сонанттар. Сонант дыбыстарында да салдырдың қатысы болғандығынан жасалу жолында шұғылдың не ызынның белгісі болады. Ызың сонанттарға *й, у, л* дыбыстарын жатқызуға болады. Ызың сонанттар сызаттың жасалу түріне қарай екіге бөлінеді:

1. Орта ызың сонанттар — бұларға: *у, й* дыбыстары жатады: *й* ызыңын айтқанда тілдің екі қапталы тіс пен қатты таңдайға тіреліп, ортасынан ауа өткізетін сызатты жасайды. Сондай-ақ *у*-ды айтқанда астыңғы ерін мен үстіңгі ерін дөңгелене жуыса, ортасынан фонациялық ауа өткізетін сызатты жасайды. Сондықтан *у, й* дыбыстарын орта (серединные) ызың сонанттар дейміз.

2. Латераль (бүйір) ызың сонантқа *л* жатады. *Л* сонорын айтқанда тілдің ұшы альвеолға тіреліп, тілдің екі бүйірі азу тістен қашықтап арасынан ауа өткендей жол — сызат қалдырады. Фонациялық ауа тілдің осы екі бүйірінен ағылып өтеді. Сондықтан мұны бүйір (латераль) сонанты дейміз.

Шұғыл мен ызындарды айтқанда фонациялық ауа біркелкі шықпайды. Ал шұғылдарды айтқанда ауа үзіліп шығады да, ызындарда үзілмей сүзіліп шығады. Сондықтан шұғылды үздікті не үзілмелі, ызынды үздіксіз не сүзілмелі деп атаймыз⁶⁰.

Дж, ч, ц аффрикаттары күрделі артикуляциялы дыбыстар — шұғылдық та, ызындық та мүшелері болғандығынан не шұғыл, не ызың деп дәлдеп айту қиын.

Қазақ тілінде *р* сонантының салдыры өзге дыбыстардан басқаша жасалады. *Р* сонорын айтқанда тіл ұшы таңдайға бір тиіп, бір қашып дірілдеп тұрады. Сондықтан мұны діріл (вибрациялық) дыбысы дейміз.

Қорыта айтқанда, қазақ тілінде 25 дауыссыз фонема бар. Оның ішіндегі *в, ф, х, ч, ц* фонемалары қазақ тіліне орыс тілінен енді. Дауыссыз фонемалар түрлі фонетикалық жағдайына қарай комбинаторлық вариант-та айтыла береді. Қазақ тілінде, сондай-ақ өзге түрік тіл-

⁶⁰ «Үздікті-үзілмелі, үздіксіз-сүзілмелі» терминдері І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары» («Халық мұғалімі». 1948, № 11, 52-бет) деген еңбегінен алынды.

дерінде дауыссыздардың жуан не жіңішке болып айтылуы (чуваш тілінен басқалары) комбинаторлық жағдайға байланысты.

Мәселен, *ал, ел* сөздерінде *л* дыбысы дауыстының сапасына қарай бірде жуан (*ал*), бірде жіңішке (*ел*) айтылады. Олардың фонематикалық-мағыналық кезеңі болмайды. Сондай-ақ қазақ тілінде *ж* спирантының сөздің белгілі позициясында келетін аффрикаттық (*дж*) варианты бар. Мұны *ж* фонемасының позициялық варианты дейміз (*жақсы — джақсы*, т. б.) Н. А. Баскаков қазіргі қарақалпақ тілінде 27 дауыссыз фонеманың барлығын көрсетіп, *л*-дың жуанды-жіңішкелі айтылатын варианттарын жеке-жеке фонема деп түсінеді. Сонымен бірге *ж* спирантының аффрикаттық вариантын да өз алдына дербес фонема деп есептейді. Әрине, орыс тілінде жағдай өзгеше, орыс тілінде дауыссыздардың жуан-жіңішке түрде келуі — мағынамен, фонематикалық жаймен байланысты (*мел, мель*, т. б.). Қазақ тілінің консонантизмі өзге түркі тілдерінің ішінде әсіресе қазақ, ноғай тілдерінің консонантизміне жақын. Бұл жағдай осы тілдердің жасалу тарихымен тығыз байланысты болса керек.

Дауыссыздардың сөз шенінде қолданылу жайы біркелкі емес. Осымен байланысты ескеретін нәрсе мынау, біріншіден, сонант дыбыстар жалпы байырғы лексиканың бас позициясына тән емес. Сөздің бас шенінде тым аз қолданылады. Негізінде сонант дыбыстардан басталатын сөздер — өзге тілдерден енген кірме сөздер. Сонант дыбыстар көбіне сөздің алды мен ортасында айтылады. Екіншіден, байырғы лексиканың аяғында ұяң дыбыстар (*з*-дан өзгелері) кездеспейді. Қазіргі сөздік құрамдағы ұяң дыбыстармен аяқталатын кірме сөздер айтылуда қатаңданып кетеді: *клуб* (айтылуы *клуб*), *педагог* (айтылуы *педагок*), *пароход* (айтылуы *парохот*), т. б. Қатаң дыбыстар байырғы сөздердің қай шенінде болсын орын талғамай айтыла береді.

Байырғы түбір сөздерде сонор мен қатаңдардың мынадай тіркесі айтылады: *лт* (*балта, қалта, былтыр, жалт, шалт, балтыр, бұлт, алтын*, т. б.), *лк/лқ* (*түлкі, күлкі, салқын*, т. б.), *рт* (*төрт, серт, өрт, құрт, ұрт, жұрт, тарт, арт*, т. б.) *лш* (*балшық, шалшық*, т. б.);

РК/рқ (*арқа, серке, үркек*, т. б.);

рс (*құрсақ, тері-терсек*, т. б.);

рш (*бұршақ, ұршық*, т. б.);

ми (қамшы, тамшы, т. б.),
Нт (қант, кесент, ант, т. б.);
ңк/ңқ (күңк, мыңқ, т. б.)

Қарақалпақ тілінде түбір сөз ішінде біркелкі екі дауыссыз дыбыс тіркесі (геминат) кездеседі (қазақ тілінде бұл жағдай өте сирек кездеседі):

лл (миллет, пәлле, шилле, жыллы, мұғаллим, елли, ұллы, гүллән); *рр* (саррас, әррә, дәрру, зәрре, ғарры, дүрре, өрре, т. б.);

йй (таййар, аййар, т. б.);

нн (миннет, иннет, т. б.);

мм (әмме, т. б.);

зз (ләззәт, иззәт, т. б.);

дд (әдди, мүддет, сәдде, т. б.);

кк (жекке, беккем, дәкки, шөккиш, т. б.);

шш (нешше, ашшы, дүшшы, гешише, т. б.);

пп (шаппат, т. б.);

тт (птте, т. б.);

ққ (шаққан, шаққы, аққында, дыққат, т. б.);

сс (ыссы, қассап, т. б.).

Қарақалпақ тіліне орыс тіліне не орыс тілі арқылы енген сөздерде біркелкі айтылатын дауыссыздардың тіркестері жоқ емес: *коммунизм, грамм, грамматика, металл, миллион, класс, касса, комиссар, прогресс, аппарат, тонна* т. б. Біркелкі екі дауыссыз дыбыс қосағы жалаң дауыссыздан гөрі созылыңқы айтылады.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында дауыссыз дыбыстардың әртүрлі тіркестері бар: *психология, студент, трактор, склад, министр, цилиндр, текст, бригада, клуб, шкаф*, т. б.

ДЫБЫСТАРДЫҢ ОРФОЭПИЯСЫ

Кейде екпін мен интонацияны орфоэпияның міндетінен шығарып тастау жағы жоқ емес. Орфоэпия тілдің айтылу нормасын қарайды, сондықтан екпін мен интонацияны орфоэпиядан бөліп қарауға болмайды. Өйгені орфоэпия сөйлеумен байланысты. Мәселен, бірде жай, бәсең сөйлесек, бірде жылдам, шапшаң сөйлейміз. Л. В. Щерба сөйлеудің екі түрлі стилі бар екенін көрсетеді⁶¹. Оның бірі — толық стиль (полный стиль), екіншісі — ауызекі сөйлеу стилі (разговорный стиль). То-

⁶¹ Щерба Л. В. Фонетика французского языка. М., 1957. С. 20.

лық стильде сөзіміз жай бір қалыпты айтылады, сөздер анық естіліп, мағынасы түсінікті болады. Мәселен, радиодан сөйлеген сөз толық стильге жатады. Ал ауызекі стилі болса, мұнда сөздер тез айтылады, сөзіміздің айтылу қарқыны жылдам болады. Сөздер тез айтылғандықтан, ондағы дыбыстардың әр түрлі өзгеру жайы болады. Сөздегі дыбыстар кейде қысқарады, не түсіп қалады немесе бір-біріне ықпалын тигізіп, әр түрлі өзгеріске түседі. Орфоэпияда бұл жайлар ескеріліп отырады.

Қазақ тілінде екпінді буындағы дауыстылар үнемі жайдары, айқын айтылады.

Ш, ж и спиранттарымен тетелес келген *а* дыбысы кейде *ә*-ге жуық түрде айтылады *жәй* (жай), *шәй* (шай), т. б.

Сөздің ең бас шенінде *е* үнемі *иә* түрінде дифтонг сапасында айтылады: *йәртең* (ертең), *йәгіз* (егіз), *йәмен* (емен), *йәскі* (ескі), *йәр* (ер), т. б.

Қазақ тілінде *л, р* дыбыстарынан басталатын сөздердің алдынан *ы, і* қысандары селбесіп естіледі: *ыразы* (разы), *ырайласу* (райласу), *ырас* (рас), *ырахмет* (рахмет), *ырахат* (рахат), *іренжісу* (ренжісу), *іресми* (ресми), *ірет* (рет), *ірең* (рең), *ырызық* (рызық), *ылайық* (лайық), *ірәсуа* (рәсуа), *іренжу* (ренжу), *ылаж* (лаж), *ылай* (лай), т. б. Тілдегі мұндай құбылыс протеза деп аталады.

Л, р дыбыстарынан басталатын совет-интернационалдық сөздер қазақ тілінде, негізінде, бұрынғы орфоэпиялық нормасын сақтайды: *революция, рельс, реформа, логика, рецензия, редактор, реализм, рекорд, ремонт, радио, радиус, рапорт, регресс, ректор, реактив* т. б.

Л, р дыбыстарынан басталатын сөздердің алдынан кей уақыт *ы, і* қысандары естілгенімен, айтылуда орыс тіліндегі орфоэпиялық нормасы сақталуы тиіс: *ыспорт* (спорт), *ыстандарт* (стандарт), *ыскульптор* (скульптор), *ыспартак* (спартак), *ыстадион* (стадион), *ыстатистика* (статистика), *істенограмма* (стенограмма), *істенография* (стенография), *истиль* (стиль), *ыстратегия* (стратегия), т. б.

Совет-интернационалдық сөздердің екпін түспейтін буынында келетін кейбір ашық дауыстылар айтылуда *ы, і* қысандарына жақын естіледі: *ордыр* (ордер), *тырактор* (трактор), *редактор* (редактор), *ректір* (ректор), т. б.

Қазақ тілінде *ө, о* дауыстылары сөздің бас шенінде үнемі ашық дифтонг сапасында айтылады: *Отан* (Отан), *орақ* (орақ), *орамал* (орамал), *өмүр* (өмір), *өрүк* (өрік), *өрмек* (өрмек), *өнөр* (өнер), *өнүм* (өнім), *өкпө* (өкпе), т. б.

Қазіргі қазақ тілінде *и* (*ый, ій*), *у* (*ұу, үу*) тұйық дифтонгтары бар: *кій* (*ки*), *қый* (*қи*), *тый* (*ти*), *тій* (*ти*), *қағыйда* (қағида), *саясый* (саяси), *сұу* (су), *тұу* (*ту* — зат есім), *түү* (*ту* — одағай), *алұу* (алу), *берүү* (беру) т. б.

И, у дифтонгтарының жуан, жінішке түрде айтылуы фонематикалық мағынамен байланысты емес (*тый, тій, тұу, түү, сый* сөздерін есепке алмағанда). Қазақ тілінде *и, у* дифтонгтары созылықты түрде айтылады. *И, у* дифтонгтарына біткен сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанса, айтылуда олар кейбір өзгеріске ұшырап, екі буынға жарылады: *су—уы, сы—йы, тұ—уы*, т. б.

Элизия. Сөйлеу процесінде сөздер кей уақытта екпін мен интонацияға, сингармонизмге байланысты өзара тіркесіп, бір бүтін болып айтылуының орфоэпия үшін үлкен мәні бар. Мәселен, қатар, тетелес келген екі дауысты дыбыстың бірі түсіріліп айтылады: *а—а—а, алат* (ала ат), *қаралат* (қара ала ат), *айталады* (айта алады), *алмағаш* (алма ағаш), *атана* (ата-ана), *қарала* (қара ала), т. б.

е—е—е: барсекен (барса екен), *барамекен?* (барма екен?), *барыппекен?* (барып па екен?),

а—и—и: барсигеді (барса игі еді),

а—ө—ө: қарөзек (қара өзек), *қарөлең* (қара өлең), *қарөкпе* (қара өкпе);

а—ү—ү: арпұны (арпа ұны);

а—о—о: үлкен қарой (үлкен қара ой);

ы—а—а: Сарарқа (Сарыарқа), *Қандағаш* (Қандыағаш);

е—е—е: келсекен (келсе екен), *келседі* (келсе еді), *келемекен?* (келе ме екен?), *келермекен?* (келер ме екен?), *сөйлесекен* (сөйлесе екен), *көргенбекен?* (көрген бе екен?).

ы—е—е: Сарөзек (Сарыөзек);

і—е—е: келсигеді (келсе игі еді), *барсигеді* (барса игі еді), т. б.

Қазақ тілінің үндестік заңы бойынша сөз аяғы қатаң дыбысқа бітсе, қосымшаның басқы дыбысы қатаң дыбыстан басталынады (*хат-қа, тас-қа* т. б.). Егер сөз ая-

ғында *б, в, г, д* ұяң дыбыстары келетін болса, олар *п, т, к, ф* қатаң дыбыстарымен алмасып айтылады: *клуб* (клуб), *Асанып* (Асанов), *педагок* (педагог), *завот* (завод), *Ленинград* (Ленинград), *парат* (парад), *архиф* (архив), *коллективф* (коллектив), т. б.

Сөз басында *р* дыбысы сирек қолданылады. *Р* дыбысынан басталатын бір топ сөзде кейде алдынан *ы, і* қысандарын, не *ү, ұ, о* дыбыстарын протезаға бейімдейді: *ырахмет* (рахмет), *ырас* (рас), *ырай* (рай), *ірет* (рет), *ұрықсат* (рұқсат), *ұру* (ру), т. б.

П қатаңына біткен етістікке көсемшенің *-ін, -ып* жұрнағын қоссақ, айтылуда *п* қатаңы *у*-ға айналады: *жаып — жауып; теп-ін — теуіп, қап-ып — қауып, кеп-ін — кеуіп*, т. б. Осы сияқты *б, м* дыбыстары жарысып айтыла береді: *бұның — мұның, бағана — мана, бұны — мұны*, т. б.

Сөйлеу тілінде *б, п* дауыссыздары да қатар жарысып айтылады: *бәле — пәле, бал — пал, бұт — пұт, пісік — бісік, таба — тапа* т. б. Бұлардың *бәле, бал, бұт, пісік, таба* түрін орфоэпиялық норма деп танимыз.

Қазақ орфоэпиясының мәселесі дыбыстардың ассимиляциясына да байланысты. Себебі, ассимиляция құбылысы, дыбыстардың өзге комбинаторлық өзгеруі сөйлеу процесінде пайда болады.

Алғашқы сөздің соңғы дыбысы дауысты, үнді не ұяң болып, кейінгі дыбыстың басқы дыбысы қатаң *қ, к* болса, қатаң дыбыстар айтылуда ұяңдап *ғ, г* дыбыстарына ауысады: *ала гөл* (ала көл), *ала гөйлек* (ала көйлек), *қара ғой* (қара қой), *қой ғора* (қой қора), *боз ғұнан* (боз құнан), *атың гім?* (атың кім?), *Талдығорған* (Талдықорған), *қара гөлеңке* (қара көлеңке), *қара гер* (қара кер), *көзғарас* (көзқарас), *өзің ғара* (өзің қара), *жаңғалта* (жаңқалта), *қайдан геле жатырсың?* (Қайдан келе жатырсың?), *не ғыласың* (не қыласың), т. б.

Алғашқы сөздің соңындағы қатаң дыбыстардың әсерінен келесі сөздің басындағы *б, ғ, г* ұяңдары қатаңдап, *п, қ, к* дыбыстарына ауысады: *Жүніспек* (Жүнісбек), *Қамыспай* (Қамысбай), *жас қалым* (жас ғалым), т. б.

Түбір сөздің соңғы дыбысы *ш* болып, оған *с*-дан басталатын қосымша жалғанса, *с* айтылуда *ш*-ға ауысады: *қашша* (қашса), *ішшін* (ішсін), *ұшшын* (ұшсын), т. б.

Түбір сөздің соңындағы *с, з* дыбыстарына жалғанатын қосымшаның басқы *ш* дыбысының әсерінен айтылуда *с, з* дыбыстары *ш* дыбысына ауысады: *колхошшы*

(колхозшы), жұмышшы (жұмысшы), сөшшең (сөзшең), башшы (басшы), т. б.

Түбір сөздің соңғы дыбысы *қ, ғ, к, г*, дыбыстарының алдынан келсе, айтылуда өзгеріп, тіл арты *ң* дыбысына ауысады: *бір гуңгі* (бір күнгі), *Аймаңқұл* (Айманкүл), т. б.

Түбір сөздің соңғы *з* дыбысы қосымшаның басқы *с* дыбысының алдынан келсе, айтылуда *з* дыбысы өзгеріп, *с* дыбысына ауысады: *жасса* (жазса), *тұссыз* (түзсыз), *көссіз* (көзсіз), *сөссіз* (сөзсіз), т. б. Алғашқы сөздің соңғы дыбысы *қ, к, п* дыбыстарының бірі болып, одан соңғы сөздің бас дыбысы дауысты, үнді, ұяң дыбысы болса, *қ, к, п* қатарлары айтылуда ұяңдайды: *ағешкі* (ақ ешкі), *қабәкел* (қап әкел), *көгдөнөн* (көк дөнен), *көбжер* (көп жер), *керегекен* (керек екен), *көгорамал* (көк орамал), *ағыйық* (ақ иық), *көгала* (көк ала), *шегара* (шекара), т. б.

Сөз ішінде немесе сөз аралығында *н* дыбысы мен *к* дыбысы, *с* дыбысы мен *ж* дыбысы іргелес келсе, айтылуда *н* дыбысы *ң* дыбысына, *қ, к* дыбыстары *ғ, г* дыбыстарына, *с* дыбысы *ш* дыбысына, *ж* дыбысы *ш* дыбысына өзгереді: *Қазақғап* (Қазанқап), *Есеңгелді* (Есенгелді), *Амаңгелді* (Амангелді), *Дошшан* (Досжан), т. б.

Сөз аяғында келетін тіл алды *н* дыбысы қосымшаның басқы *м* дыбысының әсерінен *м* дыбысына алмасып айтылады: *жамбады* (жанбады), *сембеді* (сенбеді), *қамбады* (қанбады), *Мергембай* (Мергенбай), т. б. Бұл жағдай екі сөз аралығында да болады: *мүмкінбе* (мүмкін бе), *омбір* (он бір), *омбес* (он бес), *мем барам* (мен барам), *тоқсам бір* (тоқсан бір), *сексем бір* (сексен бір), *күм батыс* (күн батыс), т. б.

Қазақ тілінің екпіні көбіне сөз аяғында болатын күшті екпінге жатады: *балаларда, адамдардың* т. б. Қазақ тілінің екпіні, негізінде, қызметі жағынан сөз айқындауыш екпін, ол белгілі сөз шенінде де, белгілі фраза шенінде де болады. Сөздің екпінін бұзып айту — тіліміздің орфоэпия нормасына зиян келтіреді. Қазақ тілінде тұлғасы бір, қызметі бөлек гомоникалық қосымшалар акцентуациясы арқылы ажыратылады: мысалы, *біздің баламыз* (мұндағы — *мы* — тәуелдік жалғауы), *біз баламыз* (мұндағы — *мы* — жіктік жалғауы), *алма* (*ма* — болымсыз етістіктің жұрнағы), *алма* (*ма* — зат есімнің жұрнағы), *сен мынаны көрші* (*ші* — волунатив

мағынадағы етістік жұрнағы), *ол үй сізге көрші* (*ші* — агенатив мағынадағы зат есім жұрнағы); *менде* (*де* — жатыс жалғауы), *мен де* (*де* — шылау); *сіз баласыз* (*сіз* — екінші жақ, жіктік жалғауы), *ол кісі баласыз* (*сыз* — болымсыз есімдіктің жұрнағы); *атты кісі* (*ты* — сын есімнің жұрнағы), *ол мылтық атты* (*ты* — етістіктің өткен шақ қосымшасы); т. б. Демек сөздің екпінін ауыстырып айтатын болсақ, ол жағдай сөз мағынасының өзгеруіне, орфоэпиялық норма өзгеруіне әкеліп соғады.

Орыс тілінің не орыс тілі арқылы енген сөздер айтылуда өзінің бұрынғы акцентуациялық нормасын сақтайды: *алгебра, консул, лирика, градус, акробатика, конструктор, федерация, курорт, парашют, талант*. Егер ол сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жалғанатын болса, қазақ тілінің заңы бойынша екпін соңғы буынға ауысады.

Қазақ тілінің тарихы толық дәрежеде зерттелінбей келеді. Тіл тарихының басты міндеті — қазақ тілі дамуының ішкі заңдарын айқындау. Рас, қазақ тілінің тарихын зерттеуде әлденеше қиыншылық кездеседі. Біріншіден, қазақ тілінің тарихына байланысты нақтылы материалдар қолымызда тіпті аз. Қолымызда бар материалдардың өзі де әлі тиісті дәрежеде тексерілмеген. Екіншіден қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері толық анықталмай келеді. Үшіншіден, осы күнге дейін қазақ тілінің дыбыс жүйесі, грамматикалық құрылысы және сөздік құрамы өзге туыс түркі тілдерінің материалдарымен тарихи түрде салыстырылған емес. Олай болса, біздің алдымызда бірнеше міндет тұр. Ең алдымен қазіргі қазақ тілінің материалын жан-жақты зерттеп, дамуының ішкі заңдарын айқындауымыз қажет. Осы тілге тән өзіндік көне және жаңа элементтерді анықтауымыз жөн. Қолымыздағы қазақ тілінің көне материалдары тез арада зерттеу ісіне берілуі тиіс. Екіншіден, қазақ тілін өзге түркі тілдерінің материалдарымен тарихи ретпен жан-жақты салыстыра қаралуы қажет. Салыстырмалы-тарихи әдістің табысын толық түрде пайдалануымыз керек. Кейбір елеулі кемшіліктеріне қарамастан салыстырмалы-тарихи әдістің тілдердің туыстығын, тарихын зерттеуде үлкен маңызы бар. Оның олқы жақтарын жетілдіруіміз керек.

Көпке мәлім, қазақ тілінің көне заңдарын, тарихын жақсы білмейінше, оның қазіргі заңдарын, дамуын жақсы білуге болмайды. Тілдің тарихын зерттеуде сол тілге

тән, өзіндік ескі формалардан басқа туыс-төркіндес тілдердің маңызы үлкен.

Түркі тілдерінің туыстығы жөнінде ешбір талас жоқ. Мұны түркі тілдерінің материалы дәлелдеп отыр.

Қатаң және ұяң оппозициясы түркі тілдерінің барлығында дерлік сөздің кез келген шенінде байқалады: *бақа — баға, тізе — дізе, ашық — асық, ас — аз, кул — гүл* т. б. Алайда, дауыссыздар қатаң-ұяң болып жарыса келгенде, фонемалық мәнмен байланысты бола бермейді.

Зерттеушілердің біразы сөз басында ұяң дауыссыздардың қолданылуын түркі негіз тілінің ыдырау дәуірінде орныққан құбылыс деп есептейді⁶². Сөздің басындағы қатандардың ұяңдауы қатар айтылған екі сөздің алдыңғысының соңғысына әсері деп қаралады. Қалайда сөздің басында қатаң дыбыстардың айтылуы түркі тілдері тарихындағы өте ескі, ежелгі құбылыс⁶³. Қазақтың байырғы сөздері құрамында анлаутта ұяңдардан гөрі қатаң дауыссыздардың айтылуы жиірек. Бұнда әсіресе *қ, ғ, к, г, т, л, с, з* дыбыстары бір ғана архифонема *p*-ге тіреледі, оның әр кезеңдегі көріністері болып саналады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан қазіргі қазақ тіліндегі сөз ортасында, соңында айтылатын дауыссыз *й* дыбысының тағы бір ізін көруге болады. Ескі түркі тіліндегі *д* дыбысымен айтылған *едгү, іді, адығ, йад* сөздері қазақ тілінде *ййгі, ййе, айу жай* (етістік) түрінде айтылып дыбысталады. Алайда мына бір ерекшелікті ескеру орынды: басқа дыбыс сәйкестіктеріндей емес, қазақ тілінде *д ~ й* сәйкестігі *ада болу, адақтау, аяқтау* тәрізді екі-үш сөзде ғана байқалады.

Сонымен қазақ тіліндегі дауыссыз *й*-дің негізінен үш түрлі архетипін *з, д, г* бар екендігін айтуға болады. *Жай, бій, кій* сөздерінің құрамындағы *й* қазіргі тіліміздің заңдылықтары тұрғысынан бір ғана дыбыс бола тұрса да, тарихи тұрғыдан үш түрлі негізге қатысты болып шығады. ХІХ ғасырдан бастап түркі және монғол тілдері о баста туыс-төркіндес болған деген пікір де айтылып келеді. Әрине, қазақ тіліне туыстығы жағынан түркі тілдері біркелкі емес. Қазақ тіліне туыстығы жағынан ең жақын түркі тілдері де (қарақалпақ, ноғай т. б. тілдер),

⁶² Бұл жайында мына еңбекте толық талдау берілген: Шербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970. С. 77—99.

⁶³ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1952.

сондай-ақ ең алыс түркі тілдері де (чуваш, якут, т. б.) бар.

Соңғы кезде С. Е. Малов⁶⁴ түркі тілдерін тарихи жағынан төрт топқа жіктеп жүр:

1 — ең ескі түркі тілдері (булгар, сары ұйғыр, чуваш және якут тілдері);

2 — ескі түркі тілдері (орхон-енисей жазба нұсқаларының тілі, ескі ұйғыр тілі, хакас, шор және тувин тілдері).

3 — жаңа түркі тілдері (азербайжан, гагауз, өзбек, түркмен т. б. тілдер).

4 — ең жаңа түркі тілдері (қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, башқұрт, қырғыз, алтай т. б. тілдер).

Бұл классификацияда тіл материалынан басқа түркі халықтарының тарихы да ескерілген. Классификацияда қазақ тілі қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, башқұрт, қырғыз, алтай тілдерімен бірге ең жаңа түркі тілдерінің тобына енгізілген.

Негізінде қазақ тілінің құрылымы, дыбыс жүйесі қазіргі татар, башқұрт, қырғыз, алтай, құмық әсіресе қарақалпақ, ноғай тілдеріне жақын. Н. А. Баскаков⁶⁵ қыпшақ элементі басым болған түркі тілдерін өзара алыс-жақындығына қарай бірнеше майда топқа жіктейді. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерін өз алдына бөліп, оны қыпшақ-ноғай тобы деп атайды. Қазақ тілінің тарихын зерттеуде бұл классификациялардың маңызы зор.

Күні бүгінге дейін қазақ тілі тарихи фонетикасының мәселелері ешбір сөз болған емес. Осы мақалада қазақ тілі тарихи фонетикасының бір мәселесіне тоқталамыз.

С. Е. Малов⁶⁶ түркі тілдерін ескі және жаңа деп топ-топқа жіктегенде кейбір дыбыс заңдарына да сүйенген. Оның бірі қатаң дыбыстардың ұяң дыбыстарға айналуы, ұяңдауы (озвончения звуков), екіншісі — тіл арты — орта — *ғ*, *г* дыбыстарының ілгерінді — тілдің алдымен айтылатын дыбыстарға ауысуы (опереднения звуков) не түсіп қалуы. С. Е. Малов мұны ең алғаш — 1941 жылы «Якутский язык и его отношение к другим тюркским

⁶⁴ Малов С. Е. Древние и новые тюркские языки // Изв. АН СССР. ОЛия. 1952. Т. 2, вып. 2. С. 142—143.

⁶⁵ Баскаков Н. А. К вопросу о классификации тюркских языков // Изв. АН СССР. ОЛия. 1952. Т. 11, вып. 2. С. 128.

⁶⁶ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951. С. 5.

зыкам»⁶⁷ деген баяндамасында айтқан болатын. Мәселен, ескі түркі тілдерінде ұяң дыбыстарға қарағанда көбіне қатаң дыбыстар айтылған:

Қазақ тілінде	Ескі түрікше	Қазақша	Ескі түрікше
<i>алды</i>	<i>алты</i>	<i>мұрындық</i>	<i>мурунтук</i>
<i>барды</i>	<i>барты</i>	<i>жерінде</i>	<i>йірінте</i>
<i>жолда</i>	<i>йолта</i>	<i>тоғыз</i>	<i>токуз</i>
<i>жылда</i>	<i>йылта</i>	<i>сағындым</i>	<i>сақынтым</i>
<i>анда</i>	<i>анта</i>	<i>көңілде</i>	<i>конулте</i>
<i>бердім</i>	<i>бартім</i>	<i>келді</i>	<i>келті</i>
<i>өлтірдім</i>	<i>олуртім</i>	<i>жеріме</i>	<i>йерімке</i>
<i>көрдім</i>	<i>кортім</i>	<i>жаныма</i>	<i>йашымка т. б.</i>

Ескі түркі тіліндегі қатаң дыбыстардың орнына қазақ тілінде ұяң дыбыстар айтылған. Бұл мәселе, әрине, өзалдына жеке зерттеуді қажет етеді.

Көне түркі тілдеріне тән фонетикалық ерекшеліктердің бірі — сөздің аяғы мен ішінде көбіне тіл арты-орта—*ғ, г* дыбыстарының келуі. Көне түркі тілдерінің сөз ішінде келетін *ғ, г* дыбыстарының орнында қазіргі қазақ тілінде (сондай-ақ өзге кейбір түркі тілдерінде) көбіне *у, и* дыбыстары айтылады. Мәселен, сөз аяғында:

Орх.—ен. (орхон-енисей жазба нұсқаларындағы тіл) *тағ*, ескі ұйғ. (ескі ұйғыр тілі) *тағ*, МК (Махмуд Қашғари, Дивани Лұғати-ат түрік сөздігі). *тағ*, СС (Кодекс Куманикус) *тау//тағ* — қаз. (қазақ тілі) *тау*:

Орхон-енисей тілінде	Қазақ тілінде
<i>бозағу</i>	<i>бұзау</i>
<i>йадағ</i> , ескі ұйғ. <i>йадағ</i>	<i>жаяу</i>
<i>йағу</i> , МК. <i>йағе</i>	<i>жау</i>
<i>йайлағ</i>	<i>жайлау</i>
<i>адуғ</i>	<i>аю</i>
<i>азуғ</i>	<i>азу (тіс)</i>
<i>отағ</i> , ескі ұйғ. <i>отағ</i>	<i>отау</i>
<i>соруғ</i> , монғ. <i>сұрағ</i>	<i>сұрау//сұрақ</i>
<i>сағ</i> , СС <i>сағ//сау</i>	<i>сау</i>
<i>тоғ</i> , ескі ұйғ. <i>тоғ</i>	<i>ту</i>
МК. <i>тоғ</i> , СС <i>туғ</i>	
<i>алиғ</i> , ескі ұйғ. <i>алиғ</i>	<i>елу т. б.</i>

⁶⁷ Вестник АН СССР. № 5—6. С. 63—65.

Сөз ішінде:

орх.—ен. *бағур*, ескі ұйғ. *бағыр*, МК. *бағур*, ескі қыпшақ тілінде (XIII—XIV ғ. қыпшақ тілінің жазба нұсқаларында) *бағур*, *бағир*. СС. *багер багир*, қаз. *бауыр*; орх.—ен. — *ағруғ*, араб — фил. (П. М. Мелиоранский. Араб-филолог о турецком языке. СПб., 1900) *ағрығ*, қаз. *ауру*; орх.—ен. *ағлақ*, МК. *ағлақ*, қаз. *аулақ*; орх.—ен. *ағур*, ескі ұйғ. *ағур*, МК. *ағыр*, СС. *агер//ауұр агер* (аигр), араб—фил. *ағыр*, қаз. *ауыр*; орх.—ен. *ағуз*, ескі ұйғ. *ағуз*, СС. *агиси биле*, *аузу* (agisi bib, avzu) ескі қыпш. *ағиз* (agiz) қаз. *ауыз*; орх.—ен. *бұғра*, ескі ұйғ.

бұғра, ескі қыпш. *бұғра* (bugra) қаз. *бура*; орх.—ен. *йоған*, СС. *йоған//йогун* (yogun), араб-фил. *йуғун*, қаз. *жуан*:

орх.—ен. *тағуқу*, қаз. *тауық*;

орх.—ен. *соғуқ сұу* (Suу) ескі ұйғ. *соғық*, араб-фил. *сууғ*. қаз. *суық*.

орх.—ен. *суғун*. қаз. *суан*;

орх.—ен. *сағусқан*, ескі ұйғ. *сағусқан*, қаз. *сауысқан*;

орх.—ен. *суғар*. қаз. *суар//суғар* т. б.

Демек, сөз аяғы мен сөз ішінде келетін ескі түріктік тіл арты ғ (өте сирек ғ) дыбысы қазақ тілінде жарты дауысты «у»-ға ауысқан: *тағ* — *тау*, *бағур* — *бауыр*. Жарты дауысты «у» өзінен бұрынғы дауыстымен қосылып қазақ тілінде кейде тұйық дифтонг сапасын берген: *азуғ* — *азу*, *сатуғ* — *сату*, *ағруғ* — *ауру*, *бұғра* — *бура*, *тоғ* — *ту*. Өзге түркі тілдерінде:

Тув., хак., шор, ұйғ. *тағ*, өзб. *таг*, *тог*, азерб., түркм. *дағ*, қарақалп., ноғ., тат., башқ., құм. *тау*, қырғ. *тоо* — *тау*, алт. *туу* — *тау*, чув. *ту*, *тав*, якут. *тыа*;

Тув., хак. *суғ*, өзб. *сув*, қарақалп., ноғ., алт. тат. *су*, азерб. *су*, түркм. *суб*, башқ. *һыу*, чув. *шыв*, қырғ. *суу*:

Хак. *туғк*, өзб. *туғ*, ұйғ. *тоғ*, азерб., түркм. *доғ*., қарақалп. *ноғ*., *ту*, қырғ., алт. *туу*:

Шор. *пағыр*, азерб., түркм., ұйғ. *бағыр*, ұйғ. *баар* — *бегір*, қарақалп., ноғ., тат., башқ. *бауыр* — *бавыр*, қырғ. *боор*, тув. *баар*, хак., алт. *паар* (алт. тілінің оңтүстік диалектісі *буур*), чув. *невер*, якут. *быар*:

Ұйғ. *ағыз*, *ааз*, *егіз*, өзб. *оғиз*, түркм., азерб., түр. (түрік) *ағыз*, қарақалп., ноғ. *ауыз* (кейде қарақалп. тілінде *ағыз*), тат., башқ. *ауыз*, хак., тув. *аас*, қырғ. *ооз*, алт. *оос*;

Хак. *ағырығ*, тув. *ааруғ//аарығ*, өзб. *огрик*, қарақалп.

ауру, ноғ. *аврув*, тат. *ауру*, башқ. *ауырыу*, қырғ., алт. *оору* т. б. Екіншіден, ескі түріктік тіл орта *г* (өте сирек *ғ*) дыбысы қазақ тілінде жарты дауысты «й»-ге ауысып отырады:

Орх.—ен. *огрен*, ескі ұйғ. *огрен*, ескі қыпш. *огрен*, *огренди*, қаз. *үйрен*;

Араб-фил. *тугма*, қаз. *түйме*;

МҚ. *тегирмен*, қаз. *тиірмен*//*диірмен*//*дігірмен*; СС. *сегер*//*сийр* (*Seger*//*siyr*) МҚ. *суғур*, ескі қыпш. *сігір*//*сагір*//*сігір*//*сагір* араб-фил. *сығыр*, қаз. *сыыр*.

Ескі қыпш. *иігірмі* (*уігірмі*), қаз. *жиырма* (жігірма).

Ескі ұйғ. *бағла*, МҚ. *бағла*, ескі қыпш. *бағла*//*байла* (*bagla*//*baula*), СС, *бағла*, қаз. *байла* т. б.

Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімнің *-дай/-дей*, *-тай/тей* жұрнағы орхон-енисей жазба нұсқасында «таг» түрінде айтылады: Таңрі таг таңріда болмыш турк білга қаған бу одка олуртым⁶⁸.

Жарты дауысты «й» өзінен бұрынғы дауыстымен қосылып қазақ тілінде кейде тұйық дифтонг сапасын береді:

орх.—ен. *таг*, МҚ. *тігді*/*tigdi*/, ескі қыпш. *дәгді*, СС. *тегмас-теймас* (*tegmas-teymas*), қаз. *ти* (етістік);

ескі түркі. *боғдай*, қаз. *бидай*^{ег}_{оғ} и т. б. Ал кейбір түркі тілдерінде мынаны байқаймыз:

Хак. *угрен*, қарақалп. *үйрен*, алт., шор. *уурен*;

Хак. *пуғдай*, шор. *бугдай*, азерб. *бугда*, ұйғ. *бугдай*, ұйғ. *боғдай*//*буғдай*, *бугудай*, өзб. *боғдай*, қарақалп. *бу-дай* *бидай*//*бийдай*, қырғ., алт. *буудай*;

түр., түркм. *дугме*, өзб. *тугма*, қаз., ноғ. *түйме*;

Монғ. (монғол) *тегерме*, өзб. *тегирмон*, қарақалп. *дигирмен* *дийирмен* — *дегирмен* — *дигирмен*;

ұйғ. *йығырма*//*йігірме*, тат. *йегерме*, өзб. *йигирма*, қарақал. *жигирма*//*жыйырма*//*йигирма*;

өзб. *тегмок*, ұйғ. *тег*, қарақалп. *ти* т. б.

Бұл берілген материалға қарағанда көне түріктік тіл арты-орта *ғ*, *г* дыбыстары қазіргі түркі тілдерінде бір-келкі дамымай, әртүрлі дамыған. Мұны жоғарыда берілген мысалдардан да байқауға болады. Мәселен қазіргі бір топ түркі тілдерінде ескі түріктік *ғ*, *г* дыбыстары мол сақталынған (тувин, хакас, шор т. б. тілдер):

⁶⁸ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951. С. 27.

тувинше	қазақша	хакаша	қазақша
улуғ	ұлы, үлкен	муустіг	мүйізді (мал)
кандығ	қандай	оолығ	улы (яд)
сүттүг	сүтті	хайдағ	қандай
сүг	су	өліг	өлік
мыйыстығ	мүйізді	пәлалығ	балалы
қадығ	қатты	палыхтығ суғ	балықты су
сарығ	сары		
күштүг	күшті	настығ	басты, баспен
дырғак	тырнақ	пурдай	бидай
шағ	шақ	пуға	бұқа
буга	бұқа	пулуттығ	бұлтты
таттығ	тәтті	пуунгі	бүгінгі
уйғу	үйқы		
согур	соқыр	пызығ	пысық
харлығ	қарлы	хатығ	қатты т. б.

Сондықтан С. Е. Малов осындай ерекшелігіне қарай бұл тілдерді ескі түркі тілдерінің тобына енгізеді. Мұндай жағдай монғол тілдерінде де байқалады.

монғолша	қазақша
цаг	шақ (время)
сораг	сұрау//сұрақ
тэгш	тегіс
цэцэг	шешек (гүлшешек, бәйшешек)
булаг	бұлақ
мүгере	мөңре
бурунтаг	мұрындық
бурят—монг.	уураг
	уыз
	зусаг
	тұсақ
	азрага
	айғыр т. б.

Мәселен, ескі түркі тілдерінде табыс септік үнемі *ғ, г* дыбыстарына бітеді: *атығ, будунығ, торуг, кісіг, суг, чығанығ, азығ, адгуг, бадізчиг* т. б. Дәл осы жағдайды қазіргі монғол тілінен байқауға болады: *номыг* (ном — кітап), *ажлыг* (ажил — еңбек), *урцацыг* (урцаг — өнім), *хуттыг* (хутга — пышақ), *тоог* (тоо — сан, есеп), *чөлөөг* (чөлөө — еркін), *далайг* (далай — теңіз), *нохойх* (нохой — ит), *цагиүг* (шаг — шақ, уақыт)⁶⁹ т. б. Бұл әрине,

⁶⁹ *Тодаева Б. Х.* Грамматика современного монгольского языка. М., 1961. С. 62.

кездейсоқ ұқсастық емес. Мұның өзі түркі және монгол тілдерінің жақындығын, туыстығын көрсететін белгінің бірі.

Ескі түркі *ғ*, *г* дыбыстары өзге бір топ түркі тілдерінде басқаша дамып, созылыңқы дауыстыларға ауысқан, созылыңқы дауыстының сапасын берген (өзінен бұрынғы дауыстымен қосылып):

ескі түркі. *бағыр* — қырғ. *боор*, алт. *паар* (қаз. *бауыр*);
тағ — қырғ. *тоо*, алт. *туу* (қаз. *тау*);
боғдай — қырғ. *буудай*, алт. *буудай* (қаз. *бидай*);

ескі түркі. *сағ* — қырғ. *саа*, алт., тув. *саа* (қаз. *сау*);
алиғ — қырғ. *элүү* (қаз. *елу*);
суб — *суғ*, қырғ. *суу* (қаз. *шу*);
буғ — қырғ. *буу* (қаз. *бу*);
ағыз — қырғ. *ооз*, хак. *аас*, алт. *оос*, тув. *аас* (қаз. ауыз);
соғуқ — қырғ. *сууқ*, алт. *соок*, тув., хак., шор. *соок* (қаз. *суық*);
ағруғ — қырғ. *оору* (қаз. *ауру*);
ағыр — қырғ. *оор*, алт. *аар./уур*. хак., тув. *аар*, (қаз. *ауыр*);
сарығ — түркм. *саары* (қаз. *сары*) т. б.

Түркмен тілінде *ғ*, *г* дыбыстары полифтонгі сапасын берген: *суз* (қаз. *су*). Ал якут тілінде ерекше бір дифтонг түрінде айтылады: *тыа* (қаз. *тау*), *быа* (қаз. *бауыр*) т. б.

Үшінші бір топ түркі тілдерінде *ғ*, *г* дыбыстары «у, й»-ге ауысқан (бұған қазақ тілінен басқа қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт т. б. түркі тілдері енеді):

бағыр — қарақалп. *бауыр*. тат. *бавыр*, башк. *бауыр*, ноғ. *бауыр*;

түгме — қарақалп. *түйме*, ноғ. *түйме* т. б.

Тілде көне ерекшеліктер белгілі дәрежеде сақталынып, олардан тарихи іздер қалып отырады. Қазақтың қазіргі сөйлеу тілінде бұрынғы *ғ*, *г* дыбыстарының айтылуы кейде байқалады *сұғару* (суару), *кигіз* (киіз), *доғару* (туару), *азығу* (азу), *тозығу* (тозу), *тозығы жеткен* (тозуы жеткен), *жігірма* (жыйырма), *жегде* (жейде), *тігірмен* (диірмен) т. б. Мұның өзі кездейсоқ құбылыс емес, тілдегі ескінің ізі.

Қорыта келгенде, көне түріктік тіл арты-орта *ғ*, *г* дыбыстары қазіргі түркі тілдерінде біркелкі дамымаған:

	<i>тау</i> (қазақ, қарақалп., ноғай, татар, башқ. т. б. тілдер)
<i>Тағ</i>	<i>тоо</i> (қырғыз тілі)
	<i>туу</i> (алтай тілі)
	<i>тыа</i> (якут тілі)
	<i>үйрен//үйрөн</i> (қазақ, қарақалп. т. б. тілдері)
<i>Оғрен</i>	<i>уурен</i> (алтай, шор т. б. тілдері)
	<i>будай//бидай</i> (қарақалп. тілі)
<i>Боғдай:</i>	<i>и: бидай//бийдай</i> (қазақ, ноғай тілдері)
	<i>уу: буудай</i> (қырғыз, алтай тілдері)

Былай болуы — әр тілдің дамуының ішкі заңдарымен байланысты.

Ескі түркі тілдерінің сөз аяғында келетін *ғ, г* ұяңдары қазақ тілінде қатаң *қ, к* дыбыстарына ауысқан:

О р х о н - е н и с е й ш е	Қ а з а қ ш а
<i>айлуғ</i>	<i>айлық</i>
<i>башлуғ</i>	<i>бастық</i>
<i>йадуқлуғ</i>	<i>жазықтық</i>
<i>йоғ</i>	<i>жоқ</i>
<i>топрағ</i>	<i>топырақ</i>
<i>салуғ</i>	<i>салық</i>
<i>соруғ</i> (монғ. <i>сұрағ</i>)	<i>сұрақ//сұрау</i>
<i>қунуғ</i>	<i>құнық</i>
<i>қулуғ</i>	<i>құлық</i>
<i>қорлуғ</i>	<i>қорлық</i>
<i>құдұғ</i> (монғ. <i>қудағ</i>)	<i>құдық</i>
<i>чоғ</i> (монғ. <i>шоғ</i>)	<i>шоқ</i>
<i>тілег</i>	<i>тілек</i>
<i>өлүг</i>	<i>өлік</i>
<i>кег</i>	<i>кек</i> т. б. (<i>ғ—қ, г—к</i>).

Өзге тілдерден енген кейбір сөздерді есептемегенде («з, ж» ұяңдарына бітетін) қазақ тілінің сөз аяғында ұяң дыбыс айтылмайды.

Қазақ тіліне өзге тілдерден енген ұяң дыбыстарға аяқталатын сөздер де ретіне қарай қатанданып айтылады: *педагог* — *педагок*, *Ленинград* — *Ленинград*, *клуб* — *клуб*, *Асанов* — *Асанып* т. б.

Сөз аяғында ұяңдардың қатандап айтылуы (қатаң дыбыстармен алмасуы) қазақ тілінде күшті. Бұл заңдылық кейбір өзге түркі тілдерінде де байқалады. Мәселен,

қарақалпақ тілінде жіктік жалғаудың соңғы «з» ұяңы үнемі қатанданып «с» түрінде айтыла береді: *барамыз* — айтылуы *барамыс*, *келеміз* — айтылуы *келеміс*, т. б.

Ал қырғыз тілінде жіктік жалғау «т» түрінде (3-жақта) айтылады: *болот* (қаз. *болады*), *турат* (қаз. *тұрады*), *қалат* (қаз. *қалады*), *береті* (қаз. *береді*), *өзгөрөт* (қаз. *өзгереді*) т. б.

Түркі тілдерінде (сондай-ақ қазақ тілінде де) ұяң мен қатаң дыбыстар заңды түрде өзара алмасып айтыла береді. Түркі тілдерінде *к—г*, *қ—ғ* алмасуына бірнеше мысал келтірейік:

азербайжан	қазақ	түрікмен	қазақ
тілінде	тілінде	тілінде	тілінде
<i>халг</i>	<i>халық</i>	<i>баг</i>	<i>бақ</i>
<i>алмаг</i>	<i>алмақ</i>	<i>сораг</i>	<i>сұрақ//сұрау</i>
<i>горхаг</i>	<i>қорқақ</i>	<i>сылаг</i>	<i>сыйлық</i>
<i>будаг</i>	<i>бұтақ</i>		
<i>дараг</i>	<i>тарақ</i>	<i>ягшы</i>	<i>жақсы</i>
<i>ұзаг</i>	<i>ұзақ</i>	<i>гөк</i>	<i>көк</i>
<i>бағ</i>	<i>бақ</i>	<i>гөз</i>	<i>көз</i>
<i>узунлуғ</i>	<i>ұзындық</i>	<i>пагта</i>	<i>мақта</i>
<i>яхшылыг</i>	<i>жақсылық</i>		
<i>достуг</i>	<i>достық</i>	<i>гызыл</i>	<i>қызыл</i>
<i>арыг</i>	<i>арық</i>	<i>гүн</i>	<i>күн</i>
<i>чолаг</i>	<i>шолақ</i>	<i>гел</i>	<i>кел</i>
<i>тоюг</i>	<i>тауық</i>	<i>гит</i>	<i>кет т. б.</i>
<i>айлыг</i>	<i>айлық т. б.</i>		
қарақалп.	қазақ	қарақалп.	қазақ
тілінде	тілінде	тілінде	тілінде
<i>геуде</i>	<i>кеуде</i>	<i>гүріш</i>	<i>күріш</i>
<i>гөбелек</i>	<i>көбелек</i>	<i>гүрек</i>	<i>күрек</i>
<i>гөже</i>	<i>көже</i>	<i>гүрес</i>	<i>күрес</i>
<i>гөне</i>	<i>көне</i>	<i>гүбшек</i>	<i>күпшек</i>
<i>гүз</i>	<i>күз</i>	<i>бағ</i>	<i>бақ</i>
<i>гүзек</i>	<i>күзек</i>	<i>ғарға</i>	<i>қарға</i>
<i>гүміс</i>	<i>күміс</i>	<i>ғаз</i>	<i>қаз</i>
<i>гедей</i>	<i>кедей</i>	<i>ғайрат</i>	<i>қайрат т. б.</i>

Түркі тілдерінде осы заңдылық ерте кезден байқалады.

Ескі түркі тілдерінің сөз аяғы мен ішінде келетін «ғ, г» ұяңдары қазіргі қазақ тілінде кейде түсіріліп айтылады:

Орх.—ен. *торуғ*, қаз. *торы*;

Орх.—ен. *ұлуғ*, араб-фил. *улуғ*, қаз. *ұлы*;

Орх.—ен. *ачуғ*, қаз. *ашишы*;

Орх.—ен. *таруғ*, МК. *тариғ* (*tarig*), қаз. *тары*;

Орх.—ен. *құруғ*, МК. *құрұғ*, ескі қыпш. *құрұғ*, қаз. *құр* (жер);

Орх.—ен. *саруғ*, монғ. *саруғ*, МК. *сариг* (*sarig*), араб-фил. *сарығ*//*сару*, қаз. *сары*;

Орх.—ен. *татлуғ*, қаз. *тәтті*;

Орх.—ен. *құтлуғ*, қаз. *құтты*;

Орх.—ен. *атлуғ*, араб-фил. *атлығ*, қаз. *атты*;

Орх.—ен. *бұлұтлуғ*, қаз. *бұлтты*;

Орх.—ен. *йалға*, қаз. *жала*;

Орх.—ен. *тамғақ*, қаз. *тамақ*;

Орх.—ен. *қорұғсақ*, қаз. *құрсақ*;

Орх.—ен. *йуғла* МК. *йуғла*, қаз. *жыла*;

Орх.—ен. *оғрұ*, МК. *оғру*, СС. *огри* (*ogri*), қаз. *ұры*;

Орх.—ен. *оғул*, ескі ұйғ. *оғул*, араб-фил. *оғул*, СС. *огул* (*ogul*), қаз. *ұл*;

Орх.—ен. *күчлиг* (*küclig*) — қаз. *күшті*;

Орх.—ен. *көркүлүг* (*körklüg*), МК. *көркүлүг* (*körklüg*) қаз. *көрікті*;

кичиг (*kiçig*) қаз. *кіші*;

тириг (*tirig*) МК. *тириг* (*tirig*) КБ (Кудатку билиг) *тириг* (*turug*) қаз. *тірі* т. б.

Демек, сөз ішіндегі *ғ*, *г* ұяндары қазақ тілінде бірде қатаң *қ*, *к* дыбыстарына ауысса, бірде түсірілген. Қазақтың қазіргі сөйлеу тілінде бұрынғының қалдығы — яғни кейде *ғ*, *г* дыбыстарының айтылуы да жоқ емес:

Құмған (құман), *құтлуғ* (құтты), *бігіз* (біз), *шаңғырақ* (шаңырақ), *жаңғырар* (жаңарар: «Байдың қатыны өлсе, төсегі *жаңғырар*, жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырар» (Көбеев С. Қалың мал. Алматы, 1954, 3-бет).

Күні бүгінге дейін бір топ түркі тілдерінде *ғ*, *г* ұяндары сөз аяғында болсын, не сөз ішінде болсын мол қолданылып жиі айтыла береді:

Хақасша	Қазақша	Тувинше	Қазақша
<i>тағлығ</i>	<i>таулы</i>	<i>ажығ</i>	<i>ашишы</i>
<i>тастығ</i>	<i>тасты</i>	<i>аьттыг</i>	<i>атты</i>
<i>тістіг</i>	<i>тісті</i>	<i>даштыг</i>	<i>тасты</i>
<i>торығ</i>	<i>торы</i>	<i>дүктүг</i>	<i>түкті</i>

улуғ	ұлы	изиг	ыссы
харлығ	қарлы	улуғ	ұлы
аттығ	атты	хирлиғ	кірлі
сарығ	сары	күштүғ	күшті
		қулғақ	құлақ т. б.

Хақас, тувин, шор тілдерінде көбіне сөз аяғында *ғ, ғ* дыбыстарының айтылуы заңды құбылыс. Бұл тілдерде көне ерекшеліктер мол сақталынған. Сондықтан С. Е. Малов оларды көне түркі тілдерінің тобына енгізген. Мұны жоғарыда айтқан едік. Қысқасы көне — жалпы түріктік тіл арты-орта *ғ, ғ* ұяндары қазақ тілінде де біркелкі дамымаған. Қазақ тілінде (сондай-ақ өзге бір топ түркі тілдерінде) олар көбіне ілгерінді артикуляциялы — *у, й (и)* дыбыстарына ауысқан (опереднения звуков). Сонымен бірге, *ғ, ғ* ұяндары бірде түсіріліп фонетикалық нольге айналса, бірде олар *қ, к* қатаң дыбыстарына өткен (сөз аяғында). Міне жалпыкөне түріктік тіл арты-орта *ғ, ғ* ұяндарының қазақ тіліндегі даму жайы.

Тілдің дыбыс жүйесі де белгілі заңдармен дамып отырады. Әл тілдің өзіне тән даму заңдары бар. Орыс тілінде сөздің аяғындағы ұяндар үнемі қатанданып айтылады, мұны орыс тіл білімінде ұяндардың қатандану заңы деп атайды (закон оглушение звонких согласных в конце слова). Герман тілдерінің тарихында дауыссыздардың белгілі заңы бар (закон передвижения согласных). Бұл заң бойынша ескі индоевропа тілдеріндегі шұғылдық қатандар (взрывные глухие) герман тілдеріндегі ызындық қатандармен (фрикативные глухие) үнемі алмасып келеді: латын сөзі *pater* (әке — *отец*), неміс тілінде *vater*, латын сөзі *pesci* (мал — *скот*) — гот тілінде *fihu* т. б.

Міне тілдерде осы сияқты дыбыс заңдары толып жатыр. Дыбыс заңдары — тарихи құбылыс, тілдің тарихын зерттеудің нәтижесінде айқындалады. Туыс тілдер өзара салыстырылып, зерттелінуге байланысты ондағы неше түрлі дыбыстардың үйлесімі анықталады. Дыбыс заңдары, біріншіден, туыс тілдерде болатын дыбыстардың тарихи үйлесімін білдірсе, екіншіден, жеке тілдің әр кезеңіндегі дыбыстардың үйлесімін көрсетеді. Ендеше көне — жалпы түріктік тіл арты-орта — *ғ, ғ* ұяндарының қазақ тілінде — ілгерінді артикуляциялы *у, й (и)*-ге ауысуып не қатандануын белгілі заңдылық деп тануымыз керек.

Түркі тілдері туыс, о баста бір деректен шықты. Егер көне түркі тілдері негіз тілге жақын дейтін болсақ, онда жалпы түріктік — *ƒ, ɣ* ұяндарының — ілгерінді артикуляциялы *у, й (и)*-ге ауысуын не қатаңдануын дербес заңдылық деп табамыз. Бұл заңдылық қазақ тілінен басқа кейбір өзге түркі тілдерінде де байқалады (мәселен, қарақалпақ, ноғай т. б.). Тілде кейбір заңдар, заңдылықтар бір топ туыс тілдерге де ортақ болып келеді. Әрине, бұл тілдердің туыстығы жағынан бір-біріне тіпті жақын екенін көрсетеді. Негізінде, тіл арты *ƒ → у*-ға, тіл ортасы *ɣ → й*-ге ауысуы, ілгерілеуі XIV—XV ғ. бұрын болған заңдылық па деп ойлаймыз. XIII—XIV ғ. жататын куман тілінің жазба нұсқасында Codex Cumanicus *ƒ, ɣ* ұяндары бірде сақталып айтылса, бірде сақталмай, *у, й* түрінде айтылған: *ағыз ~ ауз, уйағ//уйау* (қаз. *оюу*) *йағлы ~ жаулы, тағ ~ тау, сағ ~ сау, сатуғ ~ сату, тоғ ~ ту, ағыр ~ аур, сегер ~ сйр, тегмас ~ теймас* т. б.

Фонетикалық өзгерістердің болу себебін қоғам өміріндегі белгілі тарихи-экономикалық жағдаймен байланысты қарауға болмайды. Мұның жарамсыз екенін Ф. Энгельс айтқан болатын⁷⁰: Фонетикалық өзгерістердің болу себебін тіл дамуының ішкі заңдарына байланысты іздеу керек. Тілдің әр саласының өз ерекшелігі бар. Тілдің сөздік құрамы қоғам өміріндегі өзгерісті, жаңалықты тікелей, бірден көрсете алады. Ал дыбыс өзгерістері болса, олай емес, олар жанама және күрделі сипатқа ие. Дыбыстардың өзгеруі өзге дыбыстардың әсерінен және әртүрлі лексикалық, грамматикалық процесстердің әсерінен туып отырады. Тілдің дыбыстық жүйесі грамматикалық, лексикалық жүйемен тығыз байланысты болады. Тілдің тарихи даму процесінде дыбыстардың өзара бір-біріне тигізетін әсерінің де маңызы зор. Мұны дыбыстардың ассимиляция мен диссимиляциясынан байқауға болады. Мәселен: *жер-лі, көз-ді, тас-ты (л//д//т)*. Біз жоғарыда қазақ тілі тарихы фонетикасының бір ғана мәселесіне тоқталдық. Әрине, мұны жан-жақты толық шештік деген пікірден аулақпыз.

СИНГАРМОНИЗМ ЖӘНЕ БУЫН ЖІГІ

Қазақ тілі, сондай-ақ өзге түркі тілдердің ең басты фонетикалық ерекшелігі сингармонизм құбылысы. Син-

⁷⁰ Маркс К., Энгельс Ф. Избранные письма. М., 1947. с. 423.

гармонизм қазақ тілінің морфологиялық құрылысымен байланысты. Қазақ тілі типологиясы жағынан агглютинативтік, қосымшалар мағыналы морфеманың тұлғасын өзгертпей, белгілі тәртіппен жалғанып отырады: «*жаз—у—шы—лар—ымыз—ға, іні—лер—іміз—дің*» дегендегі негізгі мағыналы «жаз», «іні» түбір морфемаларының соңына әлденеше қосымша жалғанғанмен тұлғасы ешбір өзгеріп тұрған жоқ. Қосымшалар белгілі тәртіппен түбір сөзге жалғанып, оған түрлі лексикалық не синтаксистік мағыналар қосқанмен түбірдің о бастағы тұлғасы бұзылмайды. Қосымшалардың түбір сөзге агглютинация процесі — дыбыстардың гармониясы болған — белгілі фонетикалық құбылысы арқылы жалғанады. Түбір буынның жуан не жіңішкелігіне қарай қосымша дыбыстары да жуан не жіңішкеленіп айтылып тұрады. Дыбыстардың гармониясы сөздегі агглютинативтік элементтердің арасын біріктіріп — тұтастырып, бір фонетикалық бүтінді жасайды. Сөз бен сөздің шекарасын айқындайды. Сөз бен сөздің шекарасын айқындау буын екпінімен де, интонациямен де болады. Бірақ, оларға қарағанда, сингармонизмнің қызметі өзгеше. Кейде дыбыстардың гармониясы — сөз тіркесіндегі (ритмикалық топ) түрлі элементтерді фонетикалық жағынан байланыстырып тұруға себепші де болады.

В: Радлов пен О. Бетлингтер сингармонизмді дауыстылардың гармониясы деп, дауысты дыбыстарға байланысты қарап, оны бүтін сөз көлемінде түсінген: түбір буындағы дауысты қандай болса, оған жалғанатын қосымшадағы дауысты да сондай болады деген.

Қазақ тіліндегі қосымшалар сөздің соңғы буыны, соңғы дыбыстарының ауанына қарай жалғанып отырады: «Ол ауылдан келген кезде, мен мектептен келген едім» деген сөйлемдегі «ауыл» сөзінің қосымшасы *-дан* өзінен бұрынғы тетелес буынмен үндесіп тұр, «мектептен» деген сөздегі *-тен* қосымшасы өзінен бұрынғы буынмен бұл да үндесіп тұр. Басқаша айтқанда «ауыл» буынындағы жуан дауыстының ықпалынан оған жалғанған *-дан* қосымшасындағы дауысты да жуандап тұр, «мектеп» дегеннің «теп» буынындағы жіңішке дауыстының ықпалынан *-тен* жалғауындағы дауысты да жіңішкеріп тұр. Ал, «ауыл» сөзінің ең соңғы дыбысы — сонор — «л», сондықтан *-дан* жалғауының басқы дыбысы да ұяндап тұр. «Мектеп сөзінің ең соңғы дыбысы қатаң *-п* сондықтан осындағы *-тен* жалғауының басқы дыбысы да қатаң

нан басталып, үндесіп тұр. Демек, негізгі сөздің соңғы буыны, дыбысына қарай бір морфемадағы фонемалар комбинаторлық ретпен алмасып тұр:

ауыл + да н (д//т, а//е).
мектеп + те

Осындай сөздің соңғы буыны, соңғы дыбысына қарай қосымша дыбысының үндесуін — комбинаторлық алмасуын сингармонизм деп танымыз. Сингармонизм — дыбыс ассимиляциясының өзгеше бір түрі. Сингармонизм — түбір мен қосымша арасындағы дәнекер. Түбір сөз дыбыстары, негізінде, тиянақты болады да, қосымша дыбыстары тиянақсыз болады.

Кейде қазақ тіліндегі сөздердің соңғы дыбысы қосымша басындағы дыбыстың әсерінен өзгеріп отырады: *кітап-ы — кітабы, жап-у — жабу, терек-і — терегі, жазса — жасса (жазса), орыс-ша — орысша* т. б. Дыбыстардың осындай үндесіп келуі тек бір сөз аралығында ғана емес, екі сөз аралығында да келеді: *қап алады — қаб алады, көк ат — көг ат, оқ атады — оғ атады, қап берді — қап перді, көп адам — көб адам* т. б. Сингармонизм — сөз ішіндегі немесе сөз бен сөздің арасындағы дыбыстардың бір-бірімен үндес-гармониялас келуі.

Екі сөз аралығындағы тетелес келген дыбыстардың осындай бір-бірімен өзара үндесіп отыруы, екінші жағынан, бір ритмико-мелодиялық бүтінді, бірлікті көрсетеді. Біздің байқауымызша, бір ритмико-мелодиялық бірлікке енген сөздер тобы дыбыстық жағынан да үндесіп отырады.

Қазақ тіліндегі сингармонизм дауыстыға да (прогрессивтік), дауыссызға да (прогрессивтік және регрессивтік) қатысты болады.

Дауысты буын құрайтын болғандығынан — дауыстылар үндестігін буын үндестігі дейміз⁷¹.

а) **Дауыстылар үндестігі.** Қосымшадағы дауысты сөздің соңғы буынына қарай екі түрлі жолмен үндеседі: 1) таңдай үндестігімен (палаталь гармония), 2) ерін үндестігімен (лабиаль гармония). Қазіргі қазақ тілінің күшті фонетикалық кезеңі — таңдай үндестігі. Таңдай үндестігі — сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай қосымша дауыстыларының жуан-жіңішке болуы—

⁷¹ Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тілі: Фонетика. Алматы, 1962.

жуан мен жіңішке дауыстылардың комбинаторлық ретпен алмасып келуі: *баланың, кемең, балалар, мектептер, театрға, доцентке*, т. б.

Бала +н+ ы нг (ы~і) бала мектеп +л+ е р (а~е)

дегенде, түбір сөздің соңғы буынындағы дауыстының жуан-жіңішкелігіне қарай қосымша дауыстылары да жуан-жіңішке болып үндесіп тұр. Қосымша вокализмі түбір сөз вокализміне байланысты айқындалады.

Қазақ тілінің байырғы сөздерінде тіл арты «к, ғ» дауыссыздары жуан дауыстымен, «к, г» тіл орта дауыссыздары жіңішке дауыстымен бірге айтылады.

Кейбір грамматикалық тұлғаларды: *паз* (ілімпаз), *стан* (тәжікстан), *хор* (сүтхор), *ныкі* (баланыкі), *кеш* (арбакеш), *мен* (баламен), *ник* (механик), т. б. есептемегенде палаталь гармония қазіргі қазақ тілінде өзінің толық күшін сақтайды.

Қазақ тілінде сөздің бірінші буынында ерін дауыстысының (о, ө, ұ, ү) біреуі келетін болса, одан соңғы екінші кейде үшінші (өте сирек) буындағы езу «е, ы, і» дауыстылары кейде сөйлеуде «ө, ұ, ү» ерін дауыстыларымен үндеседі — комбинаторлық түрде алмасып айтылады: *жүрек* (жүрөк), *көйлек* (көйлөк), *күрек* (күрөк), *бүйрек* (бүйрөк), *бөгет* (бөгөт), *бүйрен* (бүйрөн), *өзен* (өзөн), *өжет* (өжөт), *сүзек* (сүзөк), *түйнек* (түйнөк), *үшеу* (үшөу), *бөдене* (бөдөнө/бөдене) *түлкі* (түлкүі), *өмір* (өмүр), *түндегіден* (түндөгүден/түндөгіден), *толы* (толұ), *буны* (буны), *құлын* (құлұн) т. б.

Демек, «е» мен «ө», «і» мен «ү», «ы» мен «ұ» фонемалары комбинаторлық түрде алмасады.

Қазақ тіліндегі ерін үндестік кезеңін В. Богородицкийдің кестесімен бергенде, төмендегіше болады:

	а/е	ы/і
о		+
ө	+	+
ұ		+
ү	+	+

Оттан, отту (отты) т. б.

көлдө (көлде), көлдү (көлді) т. б.

қолда, қолдұ (қолды) т. б.

көшө (көше), күндү (күнді) т. б.

Бірақ, «ө, ұ, ү» ерін дауыстылары кейде сөздің екінші не үшінші (өте сирек) буындарында айтылғанымен, қазіргі орфографияда еленбейді. В. Богородицкий де «Законы сингармонизма в тюркских языках», «Этюды по татарскому и тюркскому языкознанию», (Казань, 1933. С. 75) деген еңбегінде кейбір түрік тілдерінде ерін үндестігінің әлсізденіп бара жатқанын көрсетпек.

4-таблица. Сөйтіп, казак тіліндегі дауыстылар гармониясын мына кестемен жинақтаймыз:

Сөздің соңғы буынындағы дауысты	Қосымшада	Мысалдар
а	а, ы	бала+лар, театр+да, бала+ны, театр+ды, т. б.
ы	ы, а	қыз+ы, қыз+дар, т. б.
е	е, і	кеме+ге, қызмет+ке, кеме+ні, т. б.
ә	е, г	
о	а, ы(ү)	қол+дан, қол+ды, (қолдү) т. б.
ұ	а, ы(ү)	ұн+нан, ұн+ды (ұндү) т. б.
ө	е(ө), і(ү)	көл+де (көлдө), көл-ді(көлдү), т. б.
ү	е(ө), т(ү)	күн+де (күндө), түн+ді (түндү) т. б.

б) Дауыссыздар үндестігі. Үндестік тек дауыстыларда ғана емес, дауыссыздарда да болады⁷². Мәселен, «жазға» (жазға шейін екі ай қалды), «күзге» (күзге жеттік), «қысқа» (Ораз қысқа келеді), «терекке» (терекке шықты) сөздеріндегі қосымша дыбыстары түбір сөз дыбыстарына үндесіп тұр, біріншіден, түбір буындағы дауыстының жуан-жіңішкелігіне қарай үндессе (қа—ға, ке—ге), екіншіден, түбір сөздің соңғы дыбысына қарай — ұяң не қатаң болып үндесіп тұр (жаз-ға, күз-ге, қыс-қа, терек-ке), үшіншіден, жуан «к, ғ» дауыссыздары жуан «а» дауыстысымен, жіңішке «к, ғ» дауыссыздары жіңішке «е» дауыстысымен үндесіп тұр. Мұны дауыссыздар үндестігі дейміз. Дауыссыздар үндестігі — дауыссыз фонемалардың комбинаторлық алмасуы:

жаз ғ
қыс + қ + а

⁷² Джүнісбеков А. Сингармонизм в казахском языке. Алма-Ата, 1980.

күз + г
терек + к + е (ғ ~ к, г ~ к, а ~ е)

Қазақ тілінде бір қосымша сингармонизмдік жағдайынан түрлі вариантта қолданылады. Жоғарыдағы мысалда бір барыс жалғауы төрт түрлі вариантта айтылып тұр (дауыстыға байланысты екі вариантта: Қ—ға жуан дауыссызға, к—ге жіңішке дауыссызға байланысты төрт түрлі вариантта: ға—қа, ге—ке). Дауыссыздардың үндестігі прогрессивті түрде апарылады.

Қазақ тіліндегі дауыссыз үндестігінің басты кезеңдері:

1. Сөз аяғы ұяң фонемалар болып келсе (з, ж), оған жалғанатын қосымша ұяңнан басталады: *колхоз-ға, этаж-дан, жаз-дым, жаз-дық*, т. б. Аяғы «б, в, д, г» ұяңдарына біткен совет-интернационалдық сөздер бұл заңға бағынбайды.

2. Сөз аяғы қатаң дыбыстар болып келсе, оған жалғанатын қосымша қатаңнан басталады: *мектеп-ті, тасқа, шаш-тан, шкаф-та*, т. б.

Ал қазақ тілінде қосымша басындағы «л» соноры түбір сөздің аяғындағы дыбысқа қарай үндеседі: *мектептер, тас-тар, шкаф-тар, колхоз-дар, этаж-дар*, т. б.

Осы ретте қарақалпақ тілі ноғай тілімен үйлес келеді, ноғай тілінде: *мектептер, тастар, колхозлар*, т. б.

4. Түбір сөздің соңғы дыбысына қарай билабиаль «м, б, п» дауыссыздарының үндесуі — алмасуы қазақ тілінен гөрі қарақалпақ тілінде тиянақты: дауысты және «й, д, л, р» — сонорынан кейін «м» (*бармақ, алмақ, саумақ, тоймақ*, т. б.) ұяң және «м, п, н, г» сонорынан кейін «б» (*жазбақ, жеңбек, ембек*, т. б.), қатаңнан кейін — «п» (*кетпек, ашпақ, кеспек, сеппек*, т. б.).

Ескерту: *паз, хор, кеш, кер, дар*, — сияқты қосымшалар сөздің соңғы дыбысымен үндеспейді: *ілімпаз, арбақеш, шайхор* т. б.

Дауыссыз дыбыстар үндестігінің бір түрі — дауыссыздар ассимиляциясы. Дауыссыздар ассимиляциясы — бір сөз ішіндегі (қосымшалы) не бір екпінге енген екі сөздің аралығындағы тетелес келген екі дыбыстың бір-біріне тигізген ықпалы. Дауыссыздардың бір-біріне тигізген ықпалы екі түрде (прогрессивтік және регрессивтік) болады.

1. Қазақ тіліндегі дауыссыздардың прогрессивтік ассимиляциясының басты түрлері:

1. Қосымша басындағы «с» дыбысы түбір сөз аяғындағы «ш»-ның ықпалынан айтылуда «с» «ш»-ға алмасады (с ~ ш): *ұш+са-ұшша* (ұшса), *қаш+са-қашша* (қашса), *іш+се-ішше* (ішсе), *шеш+се-шешше* (шешсе), *көш+се-көшше* (көшсе). Бірақ жазуда мұны елемейміз.

2. Дауыссыз дыбыстардың прогрессивтік ассимиляциясы сөз аралығында да болады: алғашқы сөздің соңғы дыбысы дауысты сонор, ұяңның ықпалынан, екінші сөздің бас дыбысы болған «к, к» қатаңдары айтылуда «ғ, г» ұяңдарымен алмасады (*к* → *ғ*, *к* → *г*): *ала кел — ала гел, жазғы күн — жазғы гүн, жаңа көйлек, — жаңа гөйлек, не керек — не герек, келе қой — келе ғой, ерте қайтты — ерте ғайтты, бара кел — бара гел, атың кім — атың гім, таң қалды — танг ғалды, көз көрген — көз гөрген, т. б.* Бірақ, жазуда мұны елемейміз.

3. Қатаң «п» дыбысына біткен сөзден кейін ұяң «б»-дан басталған сөз жедел айтылғанда «п»-ның ықпалынан «б» → «п»-ға алмасады. (*б* ~ *п*): *жеп бар — жеп пар, алып бер — алып пер* (эпер), *алып бар — алып пар* (апар), т. б.

Қазақ тіліндегі дауыссыздардың регрессивтік ассимиляциясының басты түрлері:

1. Дауыстыдан басталған қосымшаның ықпалынан сөз аяғындағы «к, к, п» қатаңдары жұбайлас ұяңдармен алмасады (*к* ~ *ғ*, *к* ~ *г*, *п* ~ *б*): *тарақ-ы — тарағы, жүрек-і — жүрегі, қап-ы — қабы*, т. б.

Мұндай жағдай екі сөз аралығында да келеді. Екі сөз аралығында «к, к, п» қатаңдарының ұяңдауы — ұяң жұбайлас дыбыстармен алмасуы — интервокал позициясында не «л, м, н, н, р, з, ж» дыбыстарының алдында болады: *тарақ алды — тарағ алды, тоқ ат — тоғ ат, қонақ үй — қонағ үй, керек еді — керег еді, қап алды — қаб алды, көк өгіз — көг өгіз, көп адам — көб адам, мен келдім — мен(ң) гелдім, ақ нан — ағ нан, ұзақ жол — ұзағ жол*, т. б. (Осы екі сөз аралығындағы кезең жазуда еленбейді).

2. Қосымша басталатын дауыстының ықпалынан түбір сөз аяғындағы «п» қатаңы «у» сонорымен алмасады: *тап-ып — та-уып, шап-ып — шауып*, т. б.

3. Билабиаль «б» ұяңынан басталған қосымшаның ықпалынан сөз аяғындағы тіл алды «н» соноры айтылуда билабиаль «м» сонорымен алмасады: *сөн-беді — сөм-беді, жан-бады — жамбады, қан-бады — қамбады*, т. б.

Мұндай жағдай екі сөз аралығында да болады: *он бір—ом бір, он бес — ом бес*, т. б. Бірақ жазуда мұны елемейміз.

4. Қосымша басталатын «ғ, г, қ, к» дауыссыздарының ықпалынан сөз аяғындағы «н» соноры айтылуда тіл арты «ң» сонорымен алмасады: *нан-ға — наңға, күн-гі — күңгі, сөн-ген — сөңген, көн-гіш — көңгіш, азан-ғы — азаңғы, жоңқа — жоңға* т. б.

5. Қосымша басталатын «ш» дыбысының ықпалынан түбір сөз аяғындағы «с, з» ызындары «ш» ызыңымен алмасып айтылады ($\overset{с}{з}$ —ш): *колхозшы — колхошшы, дұшы — дұшшы, башы — башшы, қосшы — қошшы* т. б. Бірақ жазуда айтылуы еленбейді.

6. Қосымша басталатын «с» қатаңының ықпалынан түбір сөз аяғындағы «з» ұяңы айтылуда «с» қатаңымен алмасады (*с—з*): *жазса — жасса, сезсін — сессін, дүзсыз — дүссыз, жүзсін — жүссін*, т. б. Бірақ жазуда айтылуы еленбейді.

7. Кейде алғашқы сөздің аяғындағы «з» спиранты екінші сөздің басқы «ж» дыбысының ықпалынан айтылуда «з—ж»-ға алмасады (*з—ж*): *бөз жүгері — бож жүгері*, т. б.

8. Сөз аралығындағы тетелес дыбыстар бір-біріне ықпалын тигізеді: *бүгін келді — бүгін гелді, мен келдім — мең гелдім, сен қалдың — сең ғалдың* т. б. Мұны толық ассимиляция дейміз.

Демек, дыбыстардың осындай заңдылық өзгеруі — алмасуы тұтас сөз көлемінде де, не екі сөз аралығында да болады. Біздің байқауымызша, сөз бен сөздің аралығындағы дыбыстардың үндесуі — синтагмадикамен байланысты.

БУЫН ЖІГІ

Күні бүгінге дейін буын және оның шегарасын тану — фонетиканың ең қиын мәселесі. Буын жөнінде лингвистикада бірнеше теория бар. Әдетте буынның ескі анықтамасы сөйлегендегі демнің жіктелуіне негізделінді. Тіл дыбыстарының дыбысталу кезеңін салыстыра жасаған буын теориясы да бар. Алайда, бұл теория буын жөніндегі қиындықтарды біржолата шеше алмады.

Кейінгі кезде акад. Л. В. Щерба буын және буынға жіктеу мәселесі жайында тың пікір айтты.

Сөзіміз әлденеше фонетикалық кесекке жіктеледі. Сөзіміздің бүтін бір кесегі — фраза. Фразаның өзі де әлденеше семантика-фонетикалық (синтагма, ритмикалық топ) мүшеге жіктеледі. «Балалар мектепке келді» сөйлемінде үш сөз бар. Осы сөйлемдегі сөздер естілу жағынан «ба-ла-лар мек-теп-ке кел-ді» болып әлденеше майда дыбыс тобына жіктеліп тұр. Сөздің мұндай жіктелуі оның морфологиялық жіктелуіне сәйкес келмей, акустико-артикуляциялық жіктелуімен үйлеседі. Сондай-ақ «Мен қант аламын» сөйлемінде де үш сөз бар. Естілу жағынан «мен қант-а-ла-мын» болып түрлі майда дыбыстық топқа жіктеліп тұр. Осындай дыбыстық топқа жіктелген сөз ағымының майда мүшесі буын делінеді. Сөз ағымындағы буындардың алмасу көрінісін кестемен көрсетсек, толқын сызығы тәрізді болар еді. Себебі, буын дегеніміздің өзі — сөз ағымындағы кілт бөлініп айтылатын дыбыс тобы, тұтасы. Осы кілт бөлініп шығатын дыбыс тұтасының бас-аяғы, біздің байқауымызша, айтылуы жағынан біркелкі емес.

Екінші мысалымызда алдыңғы екі сөз бір буыннан, кейінгі сөз үш буыннан құралып тұр. Демек, жеке буын сөз де бола алады.

Сөздің кішкене фонетикалық единицасы болған буын бір не әлденеше фонемадан құралады: «а-ла-мын, қант» сөздеріндегі буындарды алсақ, бірінші сөз үш буыннан, екінші сөз бір буыннан құралып тұр. Бірінші сөздегі бірінші буын бір фонемадан, екінші буын екі фонемадан, үшінші буын үш фонемадан құралса, екінші сөзде буын төрт фонемадан құралып тұр. Демек, буын — сөз ағымындағы бір немесе әлденеше фонеманың тобынан жасалған фонетикалық единица. Қазақ тіліндегі дыбыстар буын жасаудағы қызметіне қарай екі топқа жіктеледі: буын құраушы дыбыстар — дауыстылар, буын құрай алмаушы дыбыстар — дауыссыздар. Дауыстылардың үнемі буын құрауы — барлық тілдерге бірдей үйлесе бермейді. Кейбір тілдерде дауыссыздар да буын құрай алады (чех тіліндегі *vlk* «қасқыр» сөзі «l» дауыссызына байланысты буын құрап тұр. Қазақ тілінде буын құрайтын дауыстылар болғандығынан, олар жеке тұрып та, не алды-артына дауыссызды қосып та буын құрай алады. Қазақ тіліндегі буын өзгешелігінің бірі — буын жасаушы дауысты дыбыстар өзімен бір үйірлесе жүретін дауыссыздардың акустикалық көрсеткіші болып келеді. Егерде буындағы дауысты жіңішке болса, үйіріндегі

дауыссыздар да жіңішке болады, жуан болса, дауыссыздар да жуан болады (*бала, етік* т. б.).

Біздің байқауымызша, буын — әртүрлі дыбысталу күшінен құралған арнаулы фонетикалық комплекс. Мәселен, «тал» деген сөзде бір буын бар, осы сөзде үш фонема бар, оның алдыңғысы мен кейінгісі дауыссыздар. Осы дауыссыздар айтылуы жағынан бірдей емес, буын соңындағы дауыссыздан гөрі буын басындағы дауыссыз күштірек айтылады. Екіншіден, «қақ» деген сөзде де бір буын, үш фонема бар. Буынның екі ұшы да біркелкі фонема — «қ» дегенмен, осы екеуі айтылуы жағынан, біздің байқауымызша, біркелкі емес: буын соңындағы «қ»-дан гөрі буын басындағы «қ» дыбысы күштірек айтылып тұр.

Екіншіден, қазақ тілінде буын шегіндегі біртүрлі дауыссыздар (геминаттар) біркелкі күшті айтылады: *ыс-сы, қат-ты, тәт-ті, аш-шы*, т. б. Мұндай жағдайды тең күштілер (двухвершинные) дейміз. Қазақ тілінде сөз ішіндегі не сөз аралығындағы біркелкі дауыссыздар буын жігін көрсетеді, түбірде: *ләз-зат, із-зет, ыс-сы*, қосымшалы сөздерде: *жас-саң, хат-шы, сан-нан* т. б., екі сөз аралығында: *ат тұр, от тұ-тат-ты, сүт төк-ті (т—т), тегіс сенді, қас сыяқты (с—с), қыз зорлады (з—з), қой-йым маңырады, сиырым мәңіреді (м—м), шаш шықты, үш шарты (ш—ш), сұқ қол «адам» (қ—қ), әйнек көз (к—к)* т. б.

Демек, дауыссыздар бітеу буында әр түрлі экспирация басқыштарымен айтылады.

Дыбыстардың осындай айтылуы жағынан әртүрлі вариациясы буын құрамындағы дауыссыздардың айтылу формасының біркелкі еместігімен байланысты. Л. В. Щерба мен М. И. Матусевич осы жағдайды дауыссыздарға қолдана келіп, буын құрамындағы дауыссыздардың айтылу күшіне қарай үш түрлі түрін көрсетеді.

Буын ішіндегі дыбыстардан санына қарай қазақ тілінде буындар төрт түрлі болып келеді:⁷³

1. Дауыстыға біткен буынды ашық буын дейміз: *а-ла, ба-ла, сту-дент*, т. б. Жалғыз дауыстыдан құралған буынды жалаң буын дейміз: *а-(дам), о-(ның), у-(сы)*, т. б.

Совет-интернационалдық сөздердің буын жігіне байланысты ашық буынның басы кейде екі үнсіз дыбыстан

⁷³ Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962.

да құралады: *сту-(дент), сти-(лис-ти-ка), ста-(ха-но/в-шы-лар)*, т. б. Демек, қазақ тілінде ашық буынның *Ү, СҮ, СҮҮ* түрлері бар: (*а-ла, ста-ха-нов*), т. б. Ашық буынның *СҮ* түрі сөздің барлық шенінде келе береді: *те-ре-зе, қа-ла*, т. б. Ал ашық буынның өзге түрлері: (*Ү, ССҮ*) сөздің басында ғана келеді: *а-ла-ды, сту-(дент)*, т. б. Ашық буынның өз алдына сөз болуы өте сирек: (*же, ма, де, су, қу, бу, не*) т. б. Кейде сөйлеу тілінде сөздің соңғы дыбысы қысқартылыммен (*кел — ке, бұл — бу* т. б.) ашық буын жасалады.

2. Дауыстыдан басталып, дауыссызға біткен буынды тұйық буын дейміз: *ақ, өрт, ат, ұл*, т. б. Тұйық буын дыбыс құрамына қарай жай тұйық буын және ауыр тұйық буын болып екіге жіктеледі. Жай тұйық буын дегеніміз екі дыбыстан құралған: дауыстыдан басталып, жалғыз дауыссызға біткен буындар: *ат, ал, ас, өс, үш, ес, іс, ыс, от, оқ, ең, аз, ел, ау, ол, ән, үз, үн, ұн, ым, із*, т. т. жалаң тұйық буын көбіне түбір сөз түрінде кездеседі. Ауыр тұйық буын дегеніміз дауыстыдан басталып, дауыссыздарға біткен буындар: *ант, өрт, арт, айт*, т. б. Ауыр тұйық буынның жай тұйық буыннан айырмасы — ең кемі үш фонемадан құралады: дауысты сонор-салдыр — *ант, өрт, айт*, т. б. Қазақ тілінің байырғы лексикасында тұйық буынның *ҮС, ҮСС* түрлері бар: *өрт, айт, арт, қайт, ұрт*, т. б.

Қазақ тілінің буын жөніндегі бір ерекшелігі — буындар қалай болса солай келе бермейді. Жалаң ашық буын мен тұйық буын сөздің басында ғана кездеседі: *а-ла, ақ-сақ, өрт-ке*, т. б. Тұйық буынға жалаң буын қосатын болсақ, онда буын жігі өзгереді: *өрт-і — өр-ті, төрт-еу — төр-теу*, т. б. Осындай буын жігінің өзгеруінен: *қ/ғ, к/г* комбинаторлы алмасады: *оқ-ы — оғы, ақ-ы — ағы, еп-і — ебі, ек-іп — егіп*, т. б.

3. Дауысты дыбыс алды-артына дауыссыздарды қойып буын жасайды: *тал, төрт, бар, қас, бер, бұлт*, т. б. Тіліміздегі буынның осындай түрін бітеу буын дейміз. Бітеу буын тұйық буын тәрізді фонема құрамына қарай, жай бітеу буын және ауыр бітеу буын болып екіге жіктеледі:

1) жай бітеу буын дегеніміз — буын жасаушы элементтің екі жағы да — алды-арты жалаң дауыссыздан, не екі жағы кілең сонордан, не кілең салдырдан тұрады: *мал, нан, май, нар, мен, тас, бат, жаз, зат, хат, кет, кел, қар, нас, кең, жең*, т. б. Бір ескертетін жай тұ-

бірдің недәуірі осы кезең бітеу буынмен келеді: *қант, кет, тал, төс, төл, хат, бұл, ант, бес*, т. б.

Ауыр бітеу буын дегеніміз — бір жағы екі дауыссызға біткен буын: *төрт, бұлт, серт, жұрт, қант, тарт, метр, құрт*, т. б. Бітеу буынның екі түрі бар: 1) басы ауыр бітеу буын (ССҮС): *квас, флот, штат, штаб, квар-ти-ра*, т. б. 2) Аяғы ауыр бітеу буын (СҮСС): *төрт, қарт, тарс, қайт, бұлт, қант, жент, сорт, фонд*, т. б. Бітеу буынның СҮС түрін, кей уақыт өте сирек жағдайда СҮСС түрін кездестіреміз: *қарт, қант, төрт, құрт, бұлт, жент* т. б.

Совет дәуірі тұсында тілімізге көптеген совет-интернационалдық сөздердің енуімен байланысты буын құрылысында кейбір өзгеріс пайда болды. Буындағы дыбыстардың өзара қатысы да өзгере бастады. Сөздің небуынның басында, аяғында әлденеше дауыссыздардың тіркес келуі әдет болды: *флот, факт, сорт, склад, фронт, срок, фонд, парк* т. б. Бір айта кететін нәрсе, дауыссыздар сөз небуын шенінде тіркес келгенде сонор мен салдыр дыбыстардан (*қант, срок, фонд, парк*, т. б.), не кілең салдыр дыбыстардан (*квас, сквер, взвод, студент*, т. б.) келеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі екі, үш және көп буынды сөздерге:

1) морфологиялық жағынан өзінен басқаға жіктелмейтін негізгі түбір сөздер жатады: *дала, қала, бала, шағала, адам, балық, аман, сәлем, қағаз, таға, мектеп, отан, хауа, ақын, дара, декрет, делегат, депо, депутат, диплом, диспетчер, догма, миллион, микроб, митинг, мотор*, т. б.

Өзінен басқа морфологиялық мүшеге жіктелмейтін түбір сөздер негізінде үш буыннан аспайды: *шағала, терезе, мереке, береке* т. б.

2) Екі сөз қосылып, жаңа мәнді тудыратын біріккен сөздер жатады: *белбеу* (бел-бау), *желбау* (жел-бау), *ашудас* (ащы-тас), *бүгін* (бұл-күн) т. б.

3) Қос сөздер жатады: *бала-шаға, үлкен-кіші, құрт-құмырсқа, қазан-аяқ, жалт-жұлт, көрпе-төсек*, т. б.

4) Қысқартылған сөздер де жатады: *колхоз, комсомол, совхоз, райком, пединститут, минпрос*, т. б.

5) Қосымшалы сөздер жатады: жоғарыдағы сөздерге қосымша қосылумен екі және одан да көп буынды сөздер жасалады: *бардым, балаға, терезеге, мақташылық, колхозшылар, бала-шағасы, балықшылық* т. б. Жалпы морфологиялық жағына қарай біз жоғарыда екі және одан


да көп буынды сөздердің түрін көрсетіп өттік. Бұлардың әрбіреуіне жеке тоқтап отырудың ешбір қажеті жоқ. Негізінде бір буынды сөздерде фонемалардың саны мен өзара қатыстары қандай болса, екі және одан да көп сөздерде де сондай болады. Енді олардағы буындардың өзара қатыстарына келейік. Екі буынды қосымшалы сөздердегі дыбыстардың өзара қатыстарын — алмасуын қарасақ, төмендегі жағдайды көреміз:

1. 1. Ашық буынға $-CY + \begin{matrix} CY \\ CYC \end{matrix}$ жеті, бу—ды
жедім, бу—дым
буынжігі өзгермейді.

2. Ашық буынға $(CY)Y$ не YC буындары қосылмайды.

3. Сөз ішінде не сөз аралығында ашық буыннан кейін жалаң ашық не тұйық буындар келсе, буындар кірігіп, жігін өзгертеді: *екі-еу—екеу, алты-ау—алтау, қара ала — қа-ра-ла, ала ат — а-лат, сары ала ат — са-ра-лат*, т. б.

Демек, сөз ішінде не сөз аралығындағы тетелес келген екі дауыстының біреуі (біріншісі) нольге айналады (элизия): *екі-еу — екеу, оқы-у — оқу, торы ат — то-р-ат*, т. б.

I. Тұйық буын — YC , YCC 

$YC Y$: ат+ы=а-ты,
оқ+ы=о-ғы
із+і=i-зі,
іс+і=i-сі, т. б.


$YC YC$: ат+ым=а-тым,
оқ+ым=о-ғым,
із+ім=i-зім,
іс+ім=i-сім, т. б.

$YCC - Y$. өрт+і=өр-ті,
Арт+ы=ар-ты


$YCC - YC$: арт+ым=ар-тым т. б.

Буын жіктері өзгереді. Буын жігінің өзгеруімен интервокалда айтылатын «п, қ, к» қатандары тиісті ұяндармен комбинаторлы алмасады: *ақ-ы — ағы, бақ — бағы, сап — сабы, көк — көгі*.

оқ+ы=оғы,
өп+е=өбе,
ек+е=еге т. б.

2) Тұйық буын ҮС, ҮСС  буын жігі өзгермейді:

ҮС — СҮ ат+қа=ат-қа,
 ҮСС—СҮ өрт+ке=өрт-ке,
 арт+қа=арт-қа,
 ҮС—СҮС от+тан=от-тан,
 ҮСС—СҮС — төрт+тен=төрт-тен, т. б.

II. Бітеу буын — СҮС, СҮСС, ССҮС 

буын жіктері өзгереді.

1. СҮС — Ү: қап+ы=қа-бы,
 көк+і=кө-гі,
 қақ+ы=қа-ғы,
 мал+ы=ма-лы,
 жас+ы=жа-сы,
 тар+ы=та-ры т. б.
2. СҮСС — Ү: төрт+і=төрт-ті,
 бұлт+ы=бұлт-ты
 салт+ы=сал-ты т. б.
3. ССҮС — Ү: флот+ы=фло-ты,
 флаг+і=фла-гі,
 квас+ы=ква-сы,
 штаб+ы=шта-бы, т. б.
4. СҮС — ҮС: жет+ер=же-тер,
 бат+ар=ба-тар, т. б.
5. СҮСС — ҮС: төрт+еу=төр-теу,
 бұлт+ым=бұлт-тым.,
 құрт+ым=құрт-тым., т. б.
6. ССҮС—ҮС: флот+ым=фло-тым,
 флаг+ім=фла-гім,
 квас+ым=ква-сым,
 штаб+ым=шта-бым т. б.
7. СҮС — СҮ: хат+қа=хат-қа,
 бет+ке=бет-ке т. б.
8. СҮСС—СҮ: қарт+қа=қарт-қа,
 төрт+ке=төрт-ке,
 бұлт+ты=бұлт-ты т. б.
9. ССҮС—СҮ: флот+қа=флот-қа,
 квас+ты=квас-ты,

- штаб+ты=штаб-ты т. б.
10. СҮС—СҮС: төр+ден=төр-ден,
жең+ген=жең-ген
бар+ған=бар-ған т. б.
11. СҮСС—СҮС төрт+тен=төрт-тен,
бұлт+тан=бұлт-тан,
құрт+тан=құрт-тан т. б.
12. ССҮС—СҮС: флот+тан=флот-тан,
квас+тан=квас-тан т. б.

Екі буынды сөздерде буындардың өзара қатыстары қандай болса, үш және одан да көп буынды сөздерде де сондай болады. Сондықтан оларға жеке тоқталып жатудың қажеті жоқ. Мысалға: Ү, ҮС, СҮ, СҮС — буындары қосылған ҮССҮС немесе СҮС сөздерін алайық:

1. аш-қыш-ы аш-қы-шы,
ҮС — СҮС — Ү ҮС — СҮ — СҮ,
аш-қыш-ым аш-қы-шым,
ҮС — СҮС — ҮС ҮС — СҮ — СҮС т. б.

Мұнда екі буынды сөздердегідей екінші буынның шекарасы өзгеріп тұр.

2. аш-қыш-қа — аш-қыш-қа,
ҮС-СҮС-СҮ — СҮ-СҮС-СҮ.
аш-қыш-сыз — аш-қыш-сыз,
ҮС-СҮС-СҮС — ҮС-СҮС-СҮС — (буын жігі өзгермей тұр).

3. А-та-сы — а-та-сы,
Ү-СҮ-СҮ — Ү-СҮ-СҮ
а-та-сыз — а-та-сыз,
Ү-СҮ-СҮС — Ү-СҮ-СҮС т. б. (буын жігі өзгермей тұр).

4. Буындар әртүрлі фонетикалық жағдайға байланысты кірігеді, қысқарады: *а-ла-ат* — *а-лат*.
то-ры-ат — то-рат, кара-ала-ат
қа-ра-лат немесе орын-ы — ор-ны,
қа-рын-ы — қар-ны, е-кі-еу — е-кеу,
ал-ты-ау — ал-тау, т. б.

Қазақ тілінің буын құрылысы мен буынға жіктелу жағдайы дауыссыздардың өзара қатыстарына және сөз ішінде орналасуына табиғи байланысты. Буынға буын қосылғанда жіктелу сызығының өзгеру, өзгермеуінің недәуір маңызы бар. Әуелгі буында дауысты мен дауыссыз бірге келіп, одан кейінгі буын дауыстыдан басталса, онда әуелгі буынның алдындағы дауыссыз екі дауыстының аралығында қалып, буынға жіктелгенде соңғы буынға

жылысады. Мысалы: күн-ім — кү-нім, ат-ым — а-тым, жаз-ыл — жа-зыл, осындай буын сызығының бір-біріне ауысуына байланысты буын жігіндегі дауыссыздардың тіркесін және олардың бір-біріне ететін әсерін де қарауымыз жөн. Осымен бірге буын жігінің ауыспайтын және ауысатын жағдайын да анықтауымыз керек:

1. Ашық буыннан (С, СҮ) кейін келетін өзге буындарда буын жігі жылыспайды, ауыспайды.

Ү — СҮ Ү — СҮ: а-та,

СҮ — СҮ СҮ — СҮ: кі-сі,

СҮ — СҮС СҮ — СҮС: кі-тап т. б.

2. Тұйық пен бітеу буындардан кейін келетін буындар дауыссыздан басталғанда буын жігі ауыспайды:

СҮС — СҮС СҮС — СҮС: жас+тар,

ҮС — СҮС ҮС — СҮС: ақ+шыл,

ҮС — СҮ ҮС — СҮ: оқ+та,

СҮС — СҮ СҮС — СҮ: қол+да т. б.

3. Дауыссызға бітетін буындарға дауыстыдан басталған буын қосылғанда буын жігі ауысады:

ҮС — Ү СҮ: ат-ы — а-ты,

от-ы — о-ты,

ҮС — ҮС Ү — СҮС: ақ-ым — а-ғым,

СҮС — ҮС СҮ — СҮС: жап-ым — жа-бым,

ұрт-ы — ұр-ты.

Демек, буын жігінің ауысуы екі түрлі болады: бірінде, буындар жылысады, бірінде буындар кірігеді.

Жоғарыдағы көрсетілген буын жігіне байланысты дауыссыздардың орналасу жағдайынан мына кезеңді көруге болады:

1. Жігі ауыспайтын буындардың аралығындағы дыбыстардың тіркесі. Мұның үшін морфологиялық элементке жіктелінбейтін екі буынды сөзді аламыз: «аға» сөзі «а-ға» болып екі буынға жіктеледі. Екі дауыстының аралығындағы «ғ» дауыссыз соңғы дауыстымен бірге буын құрайды. Онда екінші буынның басы дауыссыздан басталады. Өзінен басқа морфологиялық элементке жіктелінбейтін сөз де екінші буынның басы дауыссыздың бәрінен де келеді:

а-бат, а-шық, а-ман,

а-ванс, а-на, а-ға,

а-гент, ә-ке, ке-нес,

а-дам, жо-ға-ры, а-ра,

а-жар, ма-са, а-ла,

а-зық, ке-ше, а-па,

а-ға, а-фи-ша, т. б.

2. Жігі ауысатын буындардың аралығындағы фонемалардың тіркесі (СҮС, СҮ — Ү, ҮС). Мұның үшін морфологиялық элементке жіктелінбейтін сөзді аламыз. Мәселен, дауыссыздарға біткен буынға дауыстыдан басталған буын қосылса, буын жігі ауысады, жылысады. Бірінші буынның соңғы дауыссыз элементі екінші буынға жылысады, демек, екінші буын дауыссыздан басталады: *ат-ы — а-ты, ант-ы — ан-ты, бас-ы — ба-сы, қан-ы — қа-ны, шаш-ы — ша-шы, төр-і — тө-рі, мал-ы — ма-лы, жал-ы — жа-лы, сай-ы — са-йы, тау-ы — та-уы, қап-ы — қа-бы, жап-ы — жа-бы, сабақ-ы — саба-ғы, ұсақ-ы — ұ-са-ғы, құлақ-ы — құла-ғы, жақ-ы — жа-ғы, төсек-і — тө-се-гі, терек-і — те-ре-гі, көк-і — кө-гі, тап-ып — та-уып, шап-ып — ша-уып, теп-іп — те-уіп* т. б.

Екінші буын басындағы «п, к, қ» қатарлары интервокал позициясындағы жағдайынан тиісті ұяндармен комбинаторлы алмасады: *п/б/у, қ/ғ, к/г*.

Төл лексикада бір буында түбір, сөздердің аяғында «б, ж, д, ғ, г» ұяндары келмейді⁷⁴. Демек, жанағы ұяндар жігі ауысқан екінші буынның басында келмейді. Ал кейде буынға жіктелу сызығы ауыспайтын сөздегі екінші буынның басында «д, ж, ғ, г, б» ұяндары келеді:

қада — қа-да, ада — а-да,
сада — са-да, жүдә — жү-дә,
бажа — ба-жа, ажар — а-жар,
аға — а-ға, саға — са-ға,
шеге — ше-ге т. б.

Буын жігі ауысатын сөздерде (*қап-ы — қа-бы, бақ-ы — бағ-ғы, көк-і — кө-гі* т. б.) екінші буынның басындағы «б, ғ, г» ұяндары «п, к, қ» қатарларымен комбинаторлы алмасып отырады. Буын жігіндегі фонемалардың бір-біріне тигізетін әсері белгілі зерттеуді керек ететіндігінен, оған тоқталмаймыз. Буын жігіндегі дауыссыздардың тіркесін қарастырғанда (морфологиялық жағынан екінші мүшеге жіктелінбейтін сөздерді аламыз) мынаны байқаймыз:

1. буын жігінің екі жағы да біркелкі қатаң фонемадан: *ыссы* (*с-мен с* тіркесі) немесе *баққын* (*қ-мен қ* тіркесі) т. б.

2. Буын жігінің екі жағы да қатаң фонемадан:

⁷⁴ Қайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986.

басқа (с-мен қ тіркесі),
өкше (к-мен ш тіркесі),
жақсы (қ-мен с тіркесі),
ышқы (ш-мен қ тіркесі) т. б.

3. Буын жігінің екі жағы да ұяң фонсмадан:

жағдай (ғ-мен д тіркесі)

іззет (з-мен з «—»)

жабдық (б-мен д «—»), т. б.

4. Буын жігінің екі жағы да біркелкі сонордан: *нап*.

5. Буын жігінің екі жағы да сонордан: *алма* (л-мен м тіркесі), *балуан*, *палуан* (л-мен у тіркесі), (*лр*, *лн*, *лң*, *лй* — тіркесі кездеспейді) т. б. *Қырман* (р-мен м тіркесі), *тырна* (р-мен н тіркесі), *жарлы* (р мен л тіркесі), *қаруан* (р мен у тіркесі), (*рнғ*, *рй* — тіркесі кездеспейді) т. б. *Қаймақ* (й-мен м тіркесі), *айна* (й-мен н тіркестері), *Хайуан* (й-мен у тіркесі), *айран* (й-мен р тіркестері), *сайлап* (й-мен л тіркесі) *йнғ*, *йл* тіркесі кездеспейді.

6. Буын жігінде сонордан кейін үнсіз—салдыр фонемалар келеді: *балдақ* (л-мен д тіркесі), *олжа* (л-мен ж тіркесі), *таңба* (г-мен б тіркесі), *қанша* (н-мен ш тіркесі), *кеңсе* (ң-мен с тіркесі), *алты* (л-мен т тіркесі) т. б.

Біз жоғарыда қазақ тілінің буын жігі құрылысы жайында әңгіме еттік, әрине, еңбекте дыбыстардың тіркесімі, дистридуциясы толық шешімін тапты деген пікірден аулақпыз. Сөздің буын құрылысы зерттеліне бастады. Революциядан кейінгі өзге тілдерден енген сөздер қазақ тілінің буын нормасына негізінен бейімделіп отырды. Бейімделудің нәтижесінде, сөзсіз, әртүрлі фонетикалық өзгерістерге енді: *Самовар* — *самаурын*, *стол* — *үстел*, *бутылка* — *бөтелке* т. б. Соңғы кезде орыс тілінің кең тарауына байланысты кірме совет-интернационалдық сөздер өз айтылу нормасын сақтап қалу кезеңі күш алып отыр. Оған басты себеп мынау: орыс графикасының негізінде жасалған қазақ тілінің қазіргі дамуы. Сөздің буын құрылысы мен дыбыстар тіркесімі едәуір өзгерді: біріншіден, қазақ тіліне жаңа *в*, *ф*, *ч*, *ц*, *щ* дыбыстары енді, екіншіден, сөз аяғында *д*, *г*, *ж*, *б* ұяндары қолданылу заңдылығы жасалды: *парад*, *педагог*, *филолог*, *пейзаж*, *гараж*, *клуб*, *шкаф* т. б., үшіншіден, «р, л» сонорының сөз басында айтыла беруі норма болды: *революция*, *роль*, *лагерь*, *логика*, т. б., төртіншіден «д, г»

ұяңдарының сөз басында келуі бұрынғыдан гөрі жиі ұшырайтын болды: *газета, гектар, госпиталь, грамм*, т. б., бесіншіден, бұрын сөзде көздеспейтін сынық буындар пайда болды (жіңішке дауыссыз бен жуан дауыстыдан қосылған): *декабрь, газета, Гоголь, Горький* т. б., алтыншыдан, әлденеше дауыссыздардың тіркесімі жасалды: *метр, план, студент, транспорт, спорт, взвод, флот, склад, кодекс, цифр*, т. б.

ҚАЗАҚ ПРОСОДИКАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

Фонетика ғылымы тек фонемаларды ғана емес, сонымен қатар тілдің өзге дыбыстық қабығын — екпінді, сөйлемнің интонациясын¹ және оның ритмико-интонациялық мүшеленуін қарастырады. Дыбыс тілінің осы кезеңдерін қарастырудың практикалық та, теориялық та маңызы бар. Әсіресе, мұның өзі қазақ әдебиет тілінің орфоэпиялық нормасын айқындауда және оны қалыптастыруда, тілдің интонациялық заңдылықтарын білуде аса маңызға ие. Л. В. Щерба² айтқандай тілдердің интонациялық кезеңі күні бүгінге дейін өте аз зерттелінген мәселе.

Қазақ просодикасы жайына тоқтағанымызда, мына екі мәселенің бетін ашуымыз керек: оның біреуі — ритмика, екіншісі — интонация немесе мелодика. Л. В. Щерба интонация орнына мелодия терминін қолданған Мелодика — бүтін фраза не сөйлем көлеміндегі дауыстың музыкалық қозғалысын қарастырса, ритмика — екпін мен паузаны қарастырады. Екпін мен пауза — бүтін мелодия ішіндегі елеулі интонациялық белестер. Қазақ тілі сөз ағымының фонетикалық мүшеленуі — осы екпін мен паузаға, сондай-ақ мелодияға тәуелді болады.

Қазіргі сөздік екпіннің фонологиясы жағынан тілдердің үш тобын көрсетуге болады: біріншіден, бір топ тілдерде екпін сөздің мағынасы мен морфологиялық тұлғасын айқындап тұрады. Мысалы, орыс тілінде «мука — мука, замок — замок, хлеба — хлеба, руки — руки, па-

¹ Лингвистикада интонацияның табиғатын тануда әр түрлі пікір бар.

² Щерба Л. В. Фонетика французского языка. 1948. С. 120.

ритель — паритель» сөздеріндегі екпін сөздің мағынасы мен морфологиялық тұлғасын айқындап, фонематикалық қызмет атқарып тұр. Мұндай тілдерде екпіннің орны тұрақсыз — сөздің барлық шенінде келе береді. Екпін орнының тиянақсыздығы — оның фонематикалық қызметімен байланысты.

Екіншіден, енді бір топ тілдерде екпін сөз бөлшектерін жинап, оны бір бүтін етіп, сөз бен сөздің шегін бөліп, жігін ажыратудың құралы болады. Мұндай тілдерде екпіннің орны негізінде тиянақты (сөздің белгілі бір позициясында) болады: поляк тілі (екпін сөздің ең соңғы буынның алдындағы буында), монғол тілі (екпін сөздің бірінші буынында), чех тілі (екпін сөздің бірінші буынында), армян тілі (екпін сөздің аяғында), фин — угор тілдері (екпін сөздің бас буынында), түрік тілдері (екпін көбіне сөздің аяғында) т. б.

Үшіншіден, енді бір топ тілдерде сөз екпіні болмай, фразалық екпін ғана болады. Мұндай тілдерде екпін мағыналық бірлікке енген бір сөз тобын осындай екінші сөз тобынан бөліп отырады. Мұндай екпінді тілдерге француз, тағы басқа тілдер жатады.

Біз жоғарыда тілдердегі екпін функциясының үш түрін көрдік. Ал енді екпіннің фонетикалық табиғаты жағынан қандай ерекшелігі бар — соған келейік. Екпін дегеніміз — сөздегі бір буынның (кей уақыт екеу де) өзге буындардан ерекше айтылуы. Екпінді буынның өзге буыннан ерекше айтылуы — тілдерде үш түрлі амалмен апарылады:

Біріншіден, сөздегі бір буын өзге буындардан гөрі недәуір күшпен айтылады.

Екпіннің осы түрін фонетика ғылымында динамикалық күшті екпін деп жүргізеді. Мұны қазақ тілі фонетикасында лебизді екпін деп атайды. Динамикалық екпінге тілдердің көпшілігі жатады.

Екіншіден, сөздегі бір буын өзге буындардан гөрі көтеріңкі тонмен ерекшеленеді. Екпіннің мұндай түрін фонетикада музыкалық немесе тоникалық екпін деп жүргізеді. Музыкалық екпіннің политоникалық және монотоникалық түрі де бар. Политоникалық екпін үнемі фонематикалық мағынамен байланысты болады. Музыкалық екпінді (политоникалық) тілдерге серб, хорват, швед, қытай, латыш, япон, т. б. тілдері жатады.

Үшіншіден, кейде сөздегі бір буын өзгелерден дауысты дыбыстың созылыңқы айтылуына, санына қарай өз-

гешеленеді. Екпіннің осы түрін фонетикада квантитативтік екпін деп жүргізеді. Екпіннің сапасы дауысты дыбыстың санына байланысты болады. Дегенмен, квантитативтік екпін алғашқы көрсетілген екпіндердің біреуімен байланысты келеді. Мысалы, орыс тілінің екпіні негізінде динамикалық болғанымен, оның үстіне, квантитативтік сапасы да жоқ емес. Екпінді буындағы дауысты өзге екпінсіз буындардағы дауыстыдан фонетикалық санымен ерекшеленеді. Ал неміс тілінде екпін, негізінде, орыс тіліндегідей динамикалық. Сонымен қатар, екпіннің музыкалық жағы да бар. Демек, жоғарыдағы айтылған екпіннің фонетикалық типтері тілдерде араласып та келіп отырады.

Қазақ тілі екпіні фонологиялық жағынан негізінде, екінші топтағы тілдерге енеді: сөз бен сөздің жігін ажыратады, демек, сөзді айқындайды. Кейде синтаксистік бірлігіндегі бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін де ажыратып тұрады. Оның үстіне екпін сөздегі агглютинативтік элементтерді тарқатпай, матастырып ұстау үшін қызмет етеді.

Сөздегі агглютинативтік элементтерді тарқатпай матастырып тұратын фонетикалық категорияның бірі — екпін. Екіншісі — сингармонизм. Қазақ тілінде екпін мен сингармонизм сөз шегін айқындап, фонетикалық жағынан сөзді жасайды. Екпін мен сингармонизмнің сөздегі агглютинативтік элементтерді тарқатпай матастырып, сөз шегін айқындап тұру қызметін мына мысалдардан байқауға болады:

1. *Су ал маған.*
2. *Су алмаған.*
3. *Суалмаған (сиыр), т. б.*

Сөйтіп, фонология жағынан қазақ тілі екпіні негізінде сөз айқындаушы да, орыс тілі екпіні мағына айқындаушы (*замок — замок, хлеба — хлеба, руки — руки*) т. б.

Мұның себебі — қазақ тілі екпіні орнына қарай негізінде тиянақты да (көбінесе сөздің соңғы буынында), орыс тілі екпіні тиянақсыз, сөздің барлық шенінде келе береді.

Орыс тіліндегі екпіннің тиянақсыз жылжымалы болуы, ал қазақ тілі, сондай-ақ басқа түркі тілдерінің екпіні негізінде тиянақты (көбінесе сөздің соңғы буынында) болуы — қазақ тілі материалына байланысты

І. К. Кеңесбаев³ айтқандай, екі тілдің типологиялық (қазақ тілі агглютинативтік, орыс тілі флективтік) өзгешелігі мен байланысты болуы керек. Орыс тілі фонематикалық екпінінің есесі қазақ тілінде жұрнаққа түседі немесе сөздің лексикалық тұлғасы әртүрлі болып келуімен байланысты болады.

Қазақ тілі екпіні — динамикалық: сөздегі бір буын өзге буындардан гөрі күштірек айтылады. Бірақ, буынның күштірек айтылуы — фонациялық ауаның мол шығуына байланысты емес. Сондықтан фонетика ғылыми динамикалық екпінді — экспираторлық екпін деп атауды теріс деп табады⁴. Қазақ тілі мен орыс тілі екпіндері фонология жағынан екеуі екі түрлі болғанымен, фонетикалық ерекшелігі бойынша екеуі де динамикалық екпінге жатады. Бірақ екпінді буындағы фонациялық ауа күші екеуінде бірдей емес, екі түрлі модификацияда.

Қазіргі қазақ әдебиет тілінің динамикалық екпіні өзге түркі тілдеріндегідей көбіне сөздің соңғы буынына түседі. Бірақ орыс тілі арқылы енген мыңдаған совет-интернационалдық сөздер қазақ тілінің бұрынғыдан келе жатқан акцентуация нормасына кейбір жаңалық енгізді.

Қазақ тілінде сөз айқындаушы динамикалық екпіннен басқа кейде музыкалық немесе тоникалық екпін де кездеседі.

Біріншіден, музыкалық екпіннің ұшырауы — фразалық мелодияда, екіншіден, көп буынды сөзде динамикалық екпінмен бірге музыкалық екпін де байқалады.

XX ғасырдың басына дейін түркологияда түркі тілдерінде екпін үнемі сөздің соңғы буынында (кейбір екпінсіз аффикстер мен энклитикалық сөздерді қоспағанда) ғана болады деген пікір үстем болып келді. Мәселен, Н. Ф. Катанов⁵ урянхай тілінің екпіні жөнінде айта келе, «Урянхай тілінде сондай-ақ басқа түркі тілдерінде екпін сөздің үнемі соңғы буынында болады» деген қағиданы уағыздады. Н. Ф. Катановтың мұнан жарты ғасыр бұрын айтылған қағидасын тіліміздің бергі даму процесін еске алмай, қазіргі қазақ тіліне дәл енгізетін

³ Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің екпін категориясы // Изв. АН КазССР. Серия лингвист. 1948. Вып. 5. С. 19.

⁴ Матусевич М. И. Введение в общую фонетику. М., 1948. С. 71.

⁵ Катанов Н. Ф. Опыт исследования урянхайского языка. Казань, 1903. Т. 1. С. 35.

болсақ, онда біз қазақ тілінің дамуын оның ішіндегі акцентуациясын елемеушілік келіп шығар еді. Тюркологияның ірі уәкілінің бірі Н. Ф. Катановтың екпін түркі тілдерінде сөздің үнемі соңғы буынында болады деген қағидасын қазіргі қазақ тілінің өз сөзі болып кеткен жаңа лексика пластысы: *атом, атлас, ария, аффикс, армия, физика, химия, август, адрес, алгебра, тонна, автор, карта, касса, катер, кафедра, кворум, кофе, кризис, лагерь, лампа, логика, максимум, маршал, митинг, миссия, музыка, норма, нота, округ, папка, партия, рота, синтаксис, техника, термин, тактика, табель* (екпін сөздің бас буынында), *академия, акустика, анархия, анкета, антенна, аптека, арифметика, археология, авария, генератор, биология, грамматика, ботаника, бухгалтер, гармония, география, гимнастика, дедуция, дезинфекция, диалектика, дивизия, дидактика, динамика, династия, дискуссия, диспетчер, индукция, инспекция*, т. б. (екпін сөздің орта буындарында) — сияқты сөздердің акцентуация нормасы үйлес келмейтінін айқын көруге болады. Мүмкін, Н. Ф. Катановтың дауыс екпіні түркі тілдерінде, сондай-ақ қазақ тілінде сөздің үнемі соңғы буынында (кейбір екпінсіз аффикстерді және шылау сөздерді қоспағанда) болады деген қағидасы қазақ тілінің негізгі сөздік қорына үйлесуіне біздің дауымыз жоқ. Қазақ тілінде екпіннің кейде сөздің соңғы буынында болмауы, біріншіден, акцентуация нормасы өзгеше болған жаңа лексикалық пластымызға байланысты, екіншіден, кейбір екпін алмайтын морфемаларға, үшіншіден, екпіннің ең соңғы буынынан бас буындарға көшуі түрлі эмоциялық оттеноктарды білдіретін сөздерге байланысты. Біздің байқауымызша, қазақ тіліндегі жай шақыру — лепті айтылған сөздердегі соңғы буында келетін негізгі екпіннің музыкалық тоны жағынан күшеюі байқалады. Өте лепті айтылғанда негізгі екпін бас буынға өтеді. Сондай-ақ, түркі тілдерін зерттеуші ғалымдардың көпшілігі мәнерленіп айтылған (экспрессив, эмфазис түрде) сөздерде екпіннің соңғы буынынан басқы буынға ауысуын көрсетеді (екпіннің депласациялануы). Мысалы, «Әлия жұмысқа ерте кетті» деген сөйлемдегі «Әлия» сөзінің дағдылы екпіні оның соңғы буынында тұр. Ал, вакатив сөйлемінде екпін бас буынға көшеді. Императив райындағы — *оқы!* (оқы), *Тоқта!* (тоқта). Эмфаза жағдайында екпін соңғы буыннан бас буынға көшеді. Түркі тілдерінде дауыс екпіні тек лебізбен (динамика-

лық) ғана байланысты деген бұрынғы түркологтардың (О. Бетлинг, Н. И. Ильминский, В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, Н. Ф. Катанов, т. б.) пікірлерін недәуір түркологтардың (Н. Қ. Дмитриев, И. А. Батманов, т. б.) кейінгі еңбектері, сондай-ақ монғол тілі жөнінде жазылған акад. Б. Я. Владимирцовтың еңбегі дұрыс деп таппай, түркі тілдерінде қосымшаға түсетін лебизді екпінмен барабар, негізгі түбірдің соңғы буынына түсетін екпін музыкалық екпін екендігін көрсетеді. Б. Я. Владимирцовтың монғол тілі мен түркі тілдерінің материалдарын салыстыра келе түркі тілдерінің ең ескі бір даму кезеңінде екпін қазіргі монғол тілі сияқты сөздің соңғы буынында болмай, сөздің түбірінде — бас буында болғанын айтады. Б. Я. Владимирцовтың айтуынша, түркі тілдеріндегі көп буынды сөздердегі көмекші екпін әрі динамикалық, әрі музыкалық болып келуі, мәнерлі (эмфазистық) сөйлемдерде екпіннің орын алмасуы (депласация), дауысты дыбыстың гармониясы — мұның бәрі тіліміздегі екпіннің бір кезде сөздің алғашқы буынында болғанына шек келтірмесе керек. Сондай-ақ Е. Ф. Қорште өзінің «Слово «балдақ» и долгота гласных в турецком языке» («Живая старина». СПб., 1909. Вып. 2—3. С. 161) деген еңбегінде недәуір сөздердің екінші буынындағы қысаң дауыстылардың редуциялануын — сөздің екпіні о баста бірінші буында болғандығының нәтижесі деп көрсетті. Негізінде қазақ тілі материалының тұрғысынан қарағанда, жоғарыдағы айтылған Б. Я. Владимирцов пен Ф. Қорш пікірлерінің шындығы жоқ дей алмаймыз.

Қазіргі қазақ тіліндегі түбір дауыстылары аффикс дауыстыларын өзіне үндестіреді. Осыған қарап, тарихи жағынан алғанда қазіргі көбіне формантта келетін негізгі күшті екпін тіліміздің ерте бір даму кезеңінде сөздің бас буынында болуы мүмкін нәрсе. Негізгі күшті екпіннің түбірден — бас буыннан аффикстерге — сөздің соңғы буынына ауысуы агглютинативтік элементтердің туылуына жалпы агглютинативтік құрылысқа байланысты жасалған тіліміздің соңғы бір тарихи кезеңіндегі жемісі болуы керек. Тіліміздегі «балаларымыздың, оқушыларымыздың» сияқты ұзыннан шұбап айтылатын сөздердегі агглютинативтік элементтерді тарқатпай, тұтастырып тұратын және оны сөйлемдегі осындай екпіні бар өзге бір мүшеден шегін айқындап, бөліп тұратын құралдар, біріншіден, тіліміздегі сингармонизм құбылысы болса,

екіншіден, екпін. Шынында, қазақ тілінде, сондай-ақ, өзге түркі тілдерінде екпін мен сингармонизмнің тарихи-төркіні байланысы бар нәрсе.

Екіншіден, қазіргі қазақ тіліндегі түбір сөздің екінші бітеу буынындағы қысаң дауысты тәуелдік аффиксі жалғануымен нольге айналады — редукцияланады: *орын-ы — орны, қарын-ы — қарны, мұрын-ы — мұрны, ерін-і — ерні, ауыз-ы — аузы, ерік-і — еркі, бөрік-і — бөркі*, тағы басқалар. Мүмкін, Ф. Қорш айтқандай, түбірдің екінші бітеу буынындағы қысаң дауыстылардың редукциялануы (нольге айналуы) бір жағынан негізгі күшті екпіннің өзінен соңғы буынға ауысуынан да болуы керек.

Сөйтіп, жаңағы позициядағы қысаң дауыстылардың редукциялануы — екпіннің соңғы буынға көшуінің ізі, сарқыншағы болуы керек.

Қазақ тіліндегі көтеріңкі айтылатын (яғни түрлі эмоционалдық оттеноктарды білдіретін) сөздерде (*жолдас-тар, Жаным, Сейтназар* т. б.) негізгі екпіннің соңғы буынынан бас буынға көшуі тіліміздегі кездейсоқ құбылыс емес. Біздіңше, бұл да тіліміздегі екпіннің ертедегі бір тарихи кезеңінде сөздің бас буынында болғанын көрсетсе керек.

Қазіргі қазақ тіліндегі кейбір сөздерде екпін сөздің бас буынына түсетінін байқаймыз. Мысалы, *қайсы, қайда, қайдан, қалай, нешінші, отыз, тоғыз, жеті, екі*. Әсіресе мұндай жағдайды қазақ тілімен типологиясы бір, акцентуация системасы көп жақтан жақын болған ұйғыр тілінен де байқауға болады.

Қазіргі қазақ тіліндегі екпіннің сөздің соңғы формантына, демек, аффикстерге түсе беруі үнемі бола беретін заң емес. Осы күндері тіліміздегі кейбір аффикстер екпінге ие емес. Олардың тіліміздегі басты-басты түрлері мыналар:

1. Ұқсастық және салыстыру сияқты мән беретін «ша—ше» элементі: *балаша, стахановша, адамша, сенше, оларша*, т. б.

2. Болымсыздық етістікті жасайтын «ма—ме» элементі: *отырма, жатпа, келтірме, алма, барма*, т. б.

3. Жіктік жалғауға екпін түспейді: *жазамын, жазасың, жазамыз, жазасыз, айтыңыз*, т. б.

4. Бұйрық рай аффиксі: «сын—сін»: *барсын, жазсын, келсін, оқысын, кетсін*, т. б.

5. Қалау рай аффикстері *-йын/-йін, -йық/-йік, -лық/*

-лік: барайын, келейін, барайық, келейік, баралық, кетелік, т. б.

6. Тілімізде Октябрь революциясынан кейін енген «ик», «ев, ов, ева, ова», «ка» аффикстерінде екпін болмайды: *техник, механик, Ибадуллаев, Асанов, Бекмұратова, Қалбаев, комсомолка*, т. б. Кейде «ев-ов» элементі екпінді түсіретін жерінде өзінің сапасын сақтайды: *Малов, Седов, Белов, Стрелков*, т. б.

7. Волунтатив мағынадағы «шы—ші» етістік элементі: *көрші, айтшы, берші, қарашы, жазшы*, т. б.

8. Салыстыру, тенеу мағынасын беретін «-дай/-дей, -тай/ -тей» элементі: *баладай, үйдей, таудай*, т. б.

9. Болжау-ұйғарымды мағынасын беретін «-ды/-ді, -мыс/-міс» элементтері: *ол барған-ды, жазған-ды, көрген-ді, айтыпты-мыс, келіпті-міс*, т. б.

Демек, негізгі сөзге жоғарғы элементтердің бірі қосылғанда, екпін қосылған элементке түспей, оның алдындағы буында болады. Мүмкін, мұндай жағдай олардың семантико-морфологиялық қызметінен де болар. Н. К. Дмитриев⁶ айтқандай, жоғарыдағы элементтердің шылау мен аффикстер аралығындағы кезенді басынан өткізіп жатқан, яғни, жарты аффикстік сапасынан да шығар. Біздің оған таласымыз жоқ. Дегенмен, негізгі сөзге жоғарыдағы элементтердің бірі қосылғанда, екпін жаңағы қосылған элементке түспей, ал оның алдындағы буынында — түбірде болуы, біздіңше, көбіне екпін түсетін сөздің соңғы форманты — аффиксте сөзіміздің морфологиялық дамуының кейінгі бір продуктысы. Аффикстер де туынды құбылыс. Ондай болса, қазіргі екпіннің көбіне сөздің соңғы буынында — формантында орны тиянақты болуы, негізінде, қазақ тілінің типологиясына, агглютинативтік құрылысына және оның орыс тіліндегідей басым семантико-морфологиялық қызметінің жоқтығына байланысты болуы керек. Сөйтіп, қазіргі қазақ тіліндегі, сондай-ақ өзге түрік тілдеріндегі көбіне сөздің соңғы буынына түсетін дауыс екпіні о баста сөздің бас буынында болды деген. Ф. Қорш пен Б. Я. Владимирцов пікірлерін негізінде теріс дей алмаймыз. Сонымен бірге, қазақ тіліндегі *ма, ме, ба, бе, па, пе, да, де, та, те, ша, ше, ғой, қой, ғана, қана, шейін (дейін), үшін* сықылды шылау сөздеріне екпін түспейді. Осындай шылау сөздер өзінен бұрынғы негізгі сөздің екпініне қарайды да, тү-

⁶ Грамматика кумыкского языка. М.: Л., 1940. С. 53.

тас бір комплекс жасайды: *Ол келе ме? Сен мектепке барасың ба? Менің балам да келді. Асан да оқуына кірісті. Ол жаңа ғана қазудан келді. Ал, сен ше? Қарағым, енді маған айта ғой. Сен маған ертең келе ғой. Мен саған берейін. Сен оған үндемей-ақ қой, мен оны оқуға ғана жіберейін. Іске келгені біреу ғана. Маған осыған шейін ешнәрсе айтпады. Қоңыратқа шейін атпен барды да, оның аржағына қайықпен кетті, т. б.*

Қазақ тіліндегі мына екі жағдайда екпін негізгі түбірден бұрынғы буынға ауысады:

1. Сын есімді қайталап, фонетика жағынан деформацияланған күшейткіш буындары екпінді өзіне тартып, негізгі мағыналы сөзді энклитикаға айналдырып жібереді: *үп-үлкен, қып-қызыл, жап-жақсы, сап-сары, қап-қара, ұп-ұзын, т. б.* Сондай-ақ, күшейткіші бірігіп кеткен *аппақ, көкпеңбек* сөздерінде де екпін бірінші буынға түседі.

2. Есімдіктің алдынан қосылатын *еш, әр* морфемалары сөздің басқа буынынан екпінді өзіне тартады: *әркім, әрбір, ешкім, ешбір, ешнәрсе, т. б.*

Қазақ тіліндегі екпіннің үнемі сөздің соңында болмауы, яғни жоғарыдағы тәрізді форманттардың, элементтердің екпінді бойына тарта алмауы (энклитика ретінде кездесуі) екпін категориясының кей уақыт сөз тұлғасын ажыратуға, дәлдеп айтқанда, сөзді семантикоморфологиялық жағынан дифференциация жасауға маңызы бар. Біздің байқауымызша, ондай жағдайлар төмендегілер:

1. *-Ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе/* аффиксі — етістіктен жасалған зат есімнен екінші жақтық бұйрық рай ажыратылады:

Зат есім	Етістік	Зат есім	Етістік
<i>жарма</i>	<i>жарма</i>	<i>көргізбе</i>	<i>көргізбе</i>
<i>басқарма</i>	<i>басқарма</i>	<i>тапсырма</i>	<i>тапсырма</i>
<i>бөлме</i>	<i>бөлме</i>	<i>қатырма</i>	<i>қатырма</i>
		<i>айналма</i>	<i>айналма</i>
<i>сүзбе</i>	<i>сүзбе</i>	<i>тартпа</i>	<i>тартпа</i>
<i>баспа</i>	<i>баспа</i>	<i>үйме</i>	<i>үйме</i>
<i>үйме</i>	<i>үйме</i>	<i>шығарма</i>	<i>шығарма</i>
<i>көрсетпе</i>	<i>көрсетпе</i>	<i>құйма</i>	<i>құйма</i>
<i>түйме</i>	<i>түйме</i>	<i>таспа</i>	<i>таспа, т. б.</i>

2. *-Сыз (-сіз)* аффиксімен туылған сын есім мен көпше екінші жақтық жіктік жалғау ажыратылады:

1. *Баласыз* (әйел), (сіздер) *баласыз*.
2. *Сізсіз* (бармаймын), (мұны алған) *сізсіз*.
3. *Керексіз* (нәрсе), (сіз маған) *керексіз*.
4. *Гүлсіз* (өсімдік), (сіз өсіп тұрған) *гүлсіз*.
5. *Анасыз* (бала), (сіз оған) *анасыз*, т. б.

3. -*Да/-де, -та/-те* морфемасы арқылы жатыс септік пен жалғаулық ажыратылады:

1. *Сенде* (менің кітабым бар).

2. *Ертең үйде боламын.*

3. *Жазда ауылға барамын.*

4. *Атта жүген бар.*

5. *Совхозда мал өте көп.*

6. *Жұмагүлде жұмыс көп.*

1. *Бүгін сен де мектепке бардың ба?*

2. *Менде үй де, мал да бар.*

3. *Жаз да шықты.*

4. *Онда ат та бар.*

5. *Біздің республикада совхоз да көп.*

6. *Жұмагүл де механик.*

4. -*Мыз (-міз)* аффиксі. Бірінші жақтық тәуелдік пен жіктік жалғауды ажыратамыз:

1. *Біздің баламыз.*

2. *Біздің анамыз.*

1. *Біз әлі баламыз.*

2. *Біз анамыз.*

5. -*Ңғыз/-ңгіз, -ыңғыз/-іңгіз/* аффиксі. Екінші жақтық тәуелдік пен жіктік жалғау ажыратылады:

1. *Сіздің атыңыз кім?*

2. *Сіздің басыңыз*

ауырмады ма?

3. *Өтіңіз жарылды ма?*

1. *Сіз атыңыз.*

2. *Сіз шөпті басыңыз.*

3. *Сіз көпірден өтіңіз, т. б.*

6. -*Ты (-ті)* аффиксі. Септіктің табысы мен етістіктің өткен шақ жалғауы ажыратылады:

1. *Мен атты көрдім.*

2. *Осы іске басты*

ауыртым.

1. *Ол мылтықты атты.*

2. *Мені суға басты.*

7. -*Ды (-ді)* элементі. Септіктің табысы мен есімшеге қосылып, шылауды ажыратады:

1. Сен жазғанды айттың.

2. Ол болғанды ғана айтты.

1. Ол жазған-ды.

2. Олар кеше болған-ды, т. б.

8. Мен/(бен, пен) элементі. Септіктің көмектес жалғауы мен жалғаулықты ажыратады:

1. Нәжіммен бірге Сәнім келді.

1. Нәжім мен Сәнім келді, т. б.

9. -Шы (-ші) — агентив мағынадағы зат есім жұрнағы мен волунтатив мағынадағы етістік жұрнағы ажыратады:

1. Көшербай — қойшы.

2. Жұмабай — тілші.

1. Көшербай, қойшы.

2. Жұмабай, тілші, т. б.

Н. К. Дмитриев айтқандай, қаратпа сөздерде екпін әдеттегі қалпын бұзып, сөздің соңынан басына ауысуы (екпіннің депласациясы) да морфологиялық қызметіне

байланысты: *Сапар, Сапар, Жаным, Жаным*, т. б.

Жоғарыдағы тәрізді тұлғасы бір, қызметі бөлек гомоникалық форманттардың — морфемалардың екпін арқылы ажыратылу жағдайын Н. К. Дмитриев⁷ түрік тілінен 9 түрін, И. А. Батманов⁸ қырғыз тілінен 5 түрін, А. Ғ. Гуломов⁹ өзбек тілінен 21 түрін, І. К. Кеңесбаев¹⁰ қазақ тілінен 7 түрін көрсетеді.

В. Радлов сөз ішіндегі дауысты дыбыстарды динамикалық екпінге байланыстыра қарап, оларды негізгі екпінге ие дауысты, көмекші екпінге ие дауысты, екпін түспейтін дауысты деп үшке бөлген.

ат-лар

ат-лар-ға

ат-ла-ры-ма

ат-ла-ры-мыз-ды

⁷ Дмитриев Н. К. Строй турецкого языка. 1939. С. 15—16.

⁸ Батманов И. А. Фонетическая система современного киргизского языка. 1946. С. 62.

⁹ Гуломов А. Ғ. Өзбек тилида урғу. Ташкент, 1947. 1—13, 14, 15, 16-б.

¹⁰ Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің екпін категориясы // ҚазССР. Ғылым академиясының Хабарлары. Лингвист. сер. 1948. № 77.

Қа-рын-дас-ла-рым-ды

Қа-рын-дас-ла-рым-нан

Демек, В. Радлов¹¹ «ат», «қарындас» деген сөздердің буындарын қосымша арқылы көбейтіп, көмекші екпін (Half Ton) ең бас буында, негізгі екпін (vollen Ton) ең соңғы буында болады деп түсінді.

Қазақ тілі материалына қарағанда көп буынды сөздерде (негізінде үш буыннан артық болған) көбінесе сөздің соңғы буынына түсетін негізгі динамикалық екпіннен басқа көмекші екпін де пайда болады.

Кейбір түркі тілдерін зерттеуші ғалымдар көбіне сөздің соңғы буынына түсетін негізгі екпіннен басқа көмекші екпін де туылады, ол көмекші екпін екі буынды¹², сондай-ақ үш буынды¹³ сөздерде де болады дегенді айтады. Мүмкін, көмекші екпіннің екі-үш буынды сөздерде де болуы сол тілдердің жеке акцентуациялық ерекшеліктерінен шығар.

Біздің байқауымызға қарағанда, қазақ тіліндегі көмекші екпін негізінде үш буыннан артық болған сөздерде ғана кездеседі:

жәрдем

жәрдемдес

жәрдемдесті

жәрдемдестіріл

¹¹ «Чтобы этого достигнуть, в тюркских языках каждый комплекс слогов, склеенный в одно слово, включает два ударяемых слога, а именно: первый (корневой) слог имеет, восходящее полуударение, в то время как конечный слог имеет полное нисходящее ударение. Между этими обоими ударяемыми слогами не ударяемые слоги образуют ряд равномерно выделяемых гласных». В. Радлов негізгі екпінді (vollen Ton), көмекші екпінді (Half Ton), екпінсіз буынды (○) тақбасымен көрсетеді.

¹² Гуломов А. Ғ. Өзбек тілінің екпіні жөнінде: «... Лекин хамма куп бұғинли — түрт ға ұндан ортик бұғинли сузда иккинчи дарадали ургунинг бұниши шарт емес. Масалан: этигимизнинг сүзи беш бұғинли бұлишига карамай, ұнда иккинчи даражали ұргү иукдир. Шүннингдек, бұнинг акси бұлиши да мүмкин: базан үч хатта икки бұғинли сүз хам иккинчи даражали урғи ола билади», — дейді. (Аталған еңбегі, 18-бет).

¹³ «В трех сложных словах ударение в киргизском языке не уклоняется от общих правил: главное ударение падает на последний слог, а второстепенное — на первый (напр.: балдарға; китепте, т. т. д.). (Жоғарыдағы аталған еңбегі, 63-бет).

жәрдемдестірілген["]

жәрдемдестірілгендік["]

жәрдемдестірілгендіктен["]

Буыны үштен артық болған сөздерде көмекші екпіннің туылуы қазақ тіліндегі кездейсоқ жағдай емес. Негізінде төрт буыннан кем болмаған сөздерде негізгі екпіннен басқа көмекші екпіннің жасалуы кейбір түркі тілдерінде де¹⁴ бар.

В. Радлов түркі тілдерінде көмекші екпін әрдайым бас буында болады деп көрсеткен. Бұл пікір қазіргі қазақ тілінің фактілеріне сәйкес келмейтіндігін байқаймыз. Біздің байқауымызша, қазақ тіліндегі көмекші екпін негізгі түбірдің соңғы буынына түседі. Демек, үш буыннан артық болған сөздер — аффикстер арқылы жасалатындықтан, негізгі екпін аффикстерге түседі де, көмекші екпін негізгі түбірдің соңғы буынына түседі:

Жолдaстарым["]

Жолдaстарымыз["]

Жолдaстарымызда["]

Жолдaстарымыздағы["] 15

Екіншіден, жаңағы негізгі түбірдің соңғы буынына түсетін динамикалық көмекші екпін қазақ тілінде дауыстың көтерілуіне үйлесетін тәрізді. Осыған қарағанда, қазақ тіліндегі көмекші екпіннің әрі динамикалық, әрі музыкалық жағы бар ма деп ойлаймыз. Ондай болса, аффикстерге түсетін лебізді екпінмен барабар, негіз-

¹⁴ Мәселен, татар тілінің материалынан *Шараф Ф.* (Сонорная длительность татарских гласных. 1926. 66-бет); түрікпен тілінің материалынан *Поцелуевский А. П.* Фонетика түркменского языка. Ашхабад, 1936. 37-б.; Қазақ тілінің материалынан *Кеңесбаев І. К.* Аталған еңбегі, 21-б.; Балқар тілінің материалынан *Филоненко В. И.* Грамматика балкарского языка. Нальчик, 1940. С. 17.

¹⁵ И. А. Батманов кыргыз тіліндегі үш буынды сөзде негізгі екпін соңғы буынға, көмекші екпін бас буынға түседі деп келіп, төрт-бес буынды сөзде көмекші екпін негізгіден бір буын, алты немесе одан көп буынды сөзде негізгіден екі буын бұрын тұрады дегенді айтады (жолдаштору, жолдоштору — бұз, жолдос — тордоғуларда, т. с.) — аталған еңбегі. 63-б. Ал өзбек тілінде тіпті мұнан басқа жағдайды, көреміз (А. Гуломовтың аталған еңбегінің 23-бетін қараңыз). Мүмкін, бұл алалықтың бәрі аталған тілдердің акцентуациялық ерекшеліктерінен болар.

гі түбірдің соңғы буынына түсетін екпін музыкалық екпін болады деген монғол тілі материалы негізінде айтылған Б. Владимирцовтың пікірі, сондай-ақ, кейбір түркі тілдерінің материалына байланысты айтылған Н. К. Дмитриевтің (түрік тілі), И. А. Батмановтың (қырғыз тілі) пікірлері, біздің байқауымызша, қазіргі қазақ тілі материалына да үйлесетін тәрізді.

Осы екеуінің (сөз динамикалық екпін мен музыкалық екпін жөнінде) әртүрлі комбинацияларын да, сондай-ақ олардың күшеюі мен әлсіреу басқыштарын да зерттеу жұмысы эксперименталь құралмен шешіледі¹⁶. Бұл жай алдағы кездің мәселесі.

Қазақ тілінде екі екпіннің барлығынан (негізгі мен көмекші екпін) екпінсіз буындағы дауыстылардың күшті редуциясы дәл орыс тіліндегідей байқалмайды. Түбірдегі көмекші екпіннің туылуы көбіне сөздің соңғы буынына түсетін негізгі екпіннің әлсізденуіне байланысты.

Негізгі екпінге тоқтай келіп, В. Радлов кейбір түркі тілдерде болатын негізгі екпін мен көмекші екпіннің жайын әңгіме еткен¹⁷.

В. Радлов қазақ тіл екпінін түркі тілдерінің батыс тобына енгізген. Ғалымның бұл айтқаны қазақ тілі фактысына сәйкес келеді. Дауыс екпіннің әлсіздігінен (орыс тілі екпініне қарағанда) қазақ тіліндегі өлең құру амалы негізінде силлобололық — буын санын бірдей келтірумен орындалады. Ал орыс тілінің өлең құру амалы силлоботоникалық, яғни екпінді буын мен екпінсіз буындарды реттеп орналастыру арқылы құралады. Сөйтіп, қазақ тілінің өлең құрылысы екпінмен емес, буынмен өлшенеді.

Орыс тілі арқылы енген совет-интернационалдық сөздер қазақ тілінде өз екпін нормасын, өз ерекшеліктерін сақтап еніп келді және енуде: *академия, атом, атлас, артистка, артерия, революция, республика, физика, коммуна, армия, арифметика, аптека, философ, фонетика, фонема, формула, фосфор, фраза, функция, элемент, этаж, этюд, этнограф, эшелон, юмор, сатира, система, юстиция, ящик, студия, сумка, санкция, сектор, селекция, карта*, т. б. Ал осы совет-интернационалдық сөздер

¹⁶ Татубаев С. С. Об ударении в двухсложных словах казахского языка // Советская тюркология. 1973. № 3.

¹⁷ Радлов В. Фонетика северных тюркских языков. Лейпциг, 1883. (Неміс тілінде).

ге екпінді аффикстер қосылғанда қазақ екпін нормасына бағынып, кейбір ерекшеліктер туылады:

1. Екпінді ең бас буынына түскен екі буынды сөздерге бір буынды қосымша қосылғанда негізгі екпін өз орнында қалып, қосымшада көмекші екпін жасалады: *картаны, ректорға, ротасы, рапорты, массадан, жатингке, нормадан, орденге*, т. б.

2. Осындай екі буынды сөзге екі және одан да көп қосымшалар қосылғанда негізгі екпін әлсізденіп, көмекші екпінге айналады да, негізгі екпін қосымшаға түседі: *карталардан, ректорымыз, роталарға, маршалдарымызға*, т. б.

3. Екпінді ең басына түскен үш буынды сөздерге қосымша қосылумен бастағы екпін әлсізденіп, көмекші екпінге айналады да, негізгі екпін қосымшаға түседі: *армиямыз, армиямызға, армиямыздан, партиядан* т. б.

4. Екпінді ортаңғы буынында келген сөздерге қосымша қосылғанда екпінді әлсіреп, көмекші екпінге ауысады да, негізгі екпінді сөздің соңына түседі: *машинадан, материяға, математикалық, новелладан, новаторлық, нота-риустке, педагогиканы, методикалық*, т. б.

5. Екпінді ең соңғы буында тұрған сөзге аффикстер қосылғанда, екпін әдеттегідей қосымшаның соңғы буынына ауысып отырады: *офицерлер, министрге, партизандар, патриоттан, пионерлерге, романнан*, т. б.

Бұрынғы кезде шет тілдерден (араб, парсы, т. б.) енген сөздер негізінде қазақ тілінің ескіден келе жатқан акцентуациялық заңына түгелімен бағынады: *мұғалімнен, мектепке, әдебиеттен*, т. б. Ал тек кейбір сөздерде екпін бас буынға да түсе береді: *әмме, әккі*, т. б.

Фонеманың әлденеше акустикалық не комбинаторлық варианттарын туғызуға себепкер болатын фонетикалық жағдайдың бірі — екпін. Жалпы алғанда, екпінді буындағы дыбыстар екпінсіз буындағы дыбыстардан гөрі күшті және айқын айтылады. Фонеманың нағыз фонетикалық саны мен сапасы осы екпінді позицияда ғана байқалады. Біздіңше, фонеманың негізгі варианты көбіне осы екпінді жағдайдағысы болады. Екпінсіз буындағы дыбыстардың артикуляциясы негізінде әлсіреп айтылады. Соның салдарынан дыбыстар түрлі редуциялану қасиетіне ұшырайды. Екпіннің әсері дауыссыздан гөрі дауыстыда көбірек. Кейде екпінсіз позициядағы дауыстылар сан жағынан да, сапа жағынан да толық редуцияланып, фонетикалық нольге айналады: *балалар* (бал-

дар), *орын* (орыны), *қарын* (карыны), *ерін* (еріні), т. б. Мұндай жағдай әсіресе, қысаң дауыстыларда көбірек кездеседі. Осылардың фонетикалық нольге айналуы екінші жақтан фонематикалық нольге айналуымен ұштасып жатады.

Біздің байқауымыз бойынша, қазақ тіліндегі сөздердің бәрі бірдей сөйлем ішінде үнемі дербес екпінге ие бола бермейді¹⁸. Мәселен, «Жер сүру үшін үлкен құрал трактор екен» деген сөйлемдегі сөздердің екпіні жағынан алып қарасақ, негізінде сөйлем үш акцентуациялық топқа бөлінген тәрізді: оның біріншісі — *жер сүру үшін*, екіншісі — *үлкен құрал*, үшіншісі — *трактор екен*. Біз жоғарыдағы бір сөзімізде қазақ тіліндегі екпінді буындар мен екпінсіз буындардың арасында дәл орыс тіліндегідей үлкен фонетикалық ерекшелік жоқ деп кеткен едік. Сөз екпінінің осындай фонетикалық ерекшеліктерінен кейде сөйлемдегі арнаулы мағына бірлігінде тұрған сөздер екпіні жағынан тең болмай, кем болып, кейбіреуінің екпіні әлсізденіп, оның ішіндегі біреуі екпіні жағынан күшейіп, өзге екпіні әлсізденген мүшелерді немесе екпінсіз буындарды өз екпініне қаратып тұрады. Мәселен, біріншіден, «Жер сүру үшін» деген синтагматика бірлігінде тұрған сөздер тобындағы «жер, үшін» сөздері екпіні жағынан әлсізденіп, екпінді «сүру» сөзіне, екіншіден, «үлкен құрал» деген мағына бірлігіндегі «үлкен» сөзінің екпіні әлсізденіп, екпінді «құрал» сөзіне, үшіншіден «трактор екен» деген мағына бірлігіндегі «екен» сөзі екпіні жағынан әлсізденіп, екпінді «трактор» сөзіне қарап тұрғандығы байқалады. Демек, арнаулы сөз тобының өзара мағына бірлігі сол сөз тобының акцентуациялық бірлігімен табиғи байланысты. Осындай мағына жағынан байланысты бір екпіндес сөз тобы ритмикалық немесе динамикалық¹⁹ топ делінеді.

Екпіннің мұндай түрі ритмикалық не фразалық екпін деп аталады. Ритмикалық екпін арнаулы семантика бірлігіндегі бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажыратып тұрады. Ондай болса, қазақ тіліндегі сөз ағымын фонетикалық мүшелеудің бір түрі — ритмикалық екпін.

Біздің байқауымызша, қазақ тіліндегі басты-басты мына сөз топтары ритмикалық комплексті жасай алады:

¹⁸ Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. Алма-Ата, 1980.

¹⁹ Щерба Л. В. Фонетика французского языка. Л., 1948. С. 83.

1. Қос сөздер (жұп сөздер): *құрт-құмырбысқа, қатын-қалаш, қазан-табақ, бала-шаға, киім-кешек, тері-терсек, нан-пан, баспа-бас, көзбе-көз, ата-ана (атана), ата-енесі (ате-енесі), ығын-жығын, азық-ауқат*, т. б. Қос сөздер ескі кезден келе жатқан тіліміздегі сөз құрамының өзгеше бір түрі.

Сондықтан қос сөздердің бір ритмикалық топ болуына заңдылық та бар.

2. Негізгі сөздер мен энклитикалық (шылау) сөздер:

- 1) *Сәкенді кеше ғана көрдім.*
- 2) *Мектепте күн сайын балалар болады.*
- 3) *Бүгін сабақ бола ма?*
- 4) *Кеше ғана Омарды көрдің ғой.*
- 5) *Колхозға қарай кетті.*
- 6) *Жүзге жақын адам жиналып қалды.*
- 7) *Кешке дейін сабаққа дайындаламын.*
- 8) *Бұдан бұрын саған жолықпадым.*
- 9) *Жұмабайдан соң сен барасың.*
- 10) *Құтжан үйдің жанынан өтті.*
- 11) *Соған шейін айтпадың ба?*

Қазақ тіліндегі шылау элементтерінде негізінде екпін болмайды. Шылау элементтері сөздің морфологиялық дамуының соңғы жемісі. Бүгінгі тіліміздегі шылау сөздер — ерте бастағы толық мағыналы сөздер. О бастағы толық мағыналы сөзіміздің осындай шылаулық фазасына жетуіне синтаксис пен семантикалық кезеңдерден басқа фонетикалық жағдай да себепші болды. Ондай болса, қазақ тілінің морфологиялық құрылысын айқындайтын фактордың бірі — екпін.

3. Күрделі сөздер:

а) көсемше не есімше көмекші етістіктер: *оқып жүр, айтып отыр, келе жатыр, ауырып тұр, келген екен, оқыған шығар, келген жоқ, келген емес, сұрап ал (сорап ал), көріп отыр (көріб отыр)* т. б.

б) Есімдер мен есім сөздер: *көк өзек (көг өзек), боз атау (боз атау), қара өзек (қара өзек), көк терек (көг терек), он бір (ом бір)* т. б.

в) Есімдер мен көмекші етістіктер: *ақ екен (ағ екен), көк емес (көг емес), бала еді (бала еді), көп екен (көб екен)*, т. б.

4. *Өте, тым, ең* үстеулері мен сын есімдер: *өте үлкен, тым жақсы, ең тәтті, тым алыс*, т. б. Мұндай ритмикалық топтағы екпін бірінші сөзге түседі.

5. Анықтауыш пен анықталғыш сөз тобы бір ритми-

калық екпінге енеді: *ғылыми мақала, кең жай, биік тау, жас қыз, ұзын бойлы келіншек*, т. б.

Сөздердің бірі анықтауыш, бірі анықталғыш болып келгенде екі сөздің жігі ашылмай, демнің бір ағысымен қабысып айтылады. Мұнда анықтауыш пен анықталғыш синтагмасы бір ритмикалық сөз тобын жасап тұрады. Паузамен жіктеліп отыратын семантика бірлігіндегі сөз тобы көбінесе ритмикалық топпен сәйкес келеді. Кейде әлденеше ритмикалық сөз тобы бір синтагмаға енуі мүмкін. Олар жөнінде өзалдына тоқталамыз. Ритмикалық екпін де синтаксистік қызметі бар фонетикалық категорияның бірі.

6. Тура толықтауыш пен баяндауыш: *хат жазды, кітап алды, өлең айтты, шашу шашты*, т. б.

Мұнда да сөздердің семантикалық бірлігі — ритмикалық бірлігімен дәл үйлесетінін байқаймыз. Әсіресе, тура толықтауыштағы табыс жалғауының көбіне түсіп қалуы (оның өзге сөзбен синтаксистік қатынаста тұрғандығынан) соңғы сөзбен бір ритмикалық комплексте тұрғандығынан болуы керек.

7. Пысықтауыш пен баяндауыш: *тез келдім, кеш айтты, енді көрді, бүгін бар, тез оқы*, т. б.

8. Бастауыш пен баяндауыш (сөйлем тек аз буынды бастауыш пен баяндауыштан тұрғанда): *ат шапты, той болды, мал келді* (мал гелді), т. б.

Біздің байқауымыз бойынша, қазақ тілінде ритмикалық комплекстегі сөздердің саны көбіне екеуден аспайды да, ритмикалық екпін негізінде соңғы сөздің соңғы буынына түсіп отырады (екпін түспейтін буындарды айтпағанда). Көлемді ритмикалық комплексте негізгі екпінмен басқа бірінші компонентте (сөзде) көмекші екпін де туылады: *қазақ халқы, еркін заман, өте жақсы*, т. б.

Жоғарыда біз мысал ретінде бір комплекс жасай алатын сөз топтарының басты-бастыларын ғана санап өттік. Ондай болса, қазақ фонетикасының бұл мүшесі әлі жете зерттеуді керек етеді.

Бір акцентуациялық топқа енген сөздердің аралығында әртүрлі дыбыстық кезеңдер — ассимиляция туылып отырылады.

Бір акцентуациялық топқа енген сөздердің аралығында дыбыстардың мынадай үндесушілік, үйлесушілік кезеңі болады.

1. Сөз аяғындағы не сөз басындағы «п, қ, к, х» қа-

тандары интервокаль позициясында ұяндайды: *көк өгіз* (көг егіз), *көк ешек* (көг ешек), *қап алады* (қаБ алады), *ақ үй* (ағ үй), *ақ алтын* (ағ алтын), *сұрап ал* (сораБ ал) т. б.

2. Ритмикалық топтағы сөздер дауысты дыбыстармен түйіскенде негізінде бірінші дауысты сан-сапа жағынан редуцияланып, толық фонетикалық нольге айналады: *(элезия) сары* (сары адам), *ала ат* (ала ат), *торы ат* (торы ат), *бара ма екен?* (бара ма екен), т. б.

3. Сөз аяғындағы не сөз басындағы қатаң дыбыстар ұяң не сонор дыбыстардың бірімен тетелес келгенде ұяндайды: *сегіз күн* (сегіз гүн), *өзің кім* (өзің гім), *көп жер* (көБ жер), *атаң қайда* (атаң ғайда), т. б.

4. «Н» тіл алды сонорына біткен бірінші мүшеге «к, қ» қатаңдарының бірімен басталған екінші мүше тіркескенде, қатаңдар «н» сонорының ықпалымен ұяндайды да, «н» соноры тіл арты ұяңдарының ықпалымен «ңғ» мұрын сонорымен комбинаторлы алмасады: *он қыз* (оң ғыз), *Қазан қаласы* (Қазан ғаласы), т. б. Мұнда ритмикалық топтағы комплекстердің шекарасында ассимиляцияның прогрессивтік те, регрессивтік те түрі бар.

5. «Н» тіл алды сонорына біткен бірінші мүшеге *б, п, м* билабиальдарының бірімен басталған екінші мүше тіркескенде билабиальдардың ықпалымен «н» дыбысы «м» дыбысымен комбинаторлы алмасады: *он бір* (ом бір), *он метр* (ом метр), *сен бе?* (сем бе?) *он минут* (ом минут), *нам ба?* (нам ба?) т. б.

6. «З» спирантына біткен бірінші мүшеге «ж» ұяңынан басталған екінші мүше тіркескенде «ж»-ның ықпалынан «з» спиранты «ж»-мен комбинаторлы алмасады: *бож жүгері* (бож жүгері), т. б. Сөйтіп, сөз тізбектері акцентуация жағынан да, бір ассимиляция жағынан да өзара үйлесіп, тұтас бір фонетикалық кесек болып тұрады. Осындай семантика бірлігінде келген сөздердің шекарасындағы дыбыстарда ассимиляция құбылысының болуы — олардың бір екпін бірлігінде тұрғандығына тағы да жанама дәлел бола алады ғой деп ойлаймыз. Қазақ тіліндегі агглютинация құбылысы дербес сөз шенінде ғана емес, ритмикалық комплекс шенінде де болады (мәселен, 1, 3, 4, 5, 6 ритмикалық топтар). Ондай болса, екпін бірлігіндегі сөз топтары кейде агглютинация бірлігінде де болады. Екпіннің синтаксистік қызметінен өзге лексикалық та қызметі бар. Ритмикалық екпінге енген сөздер тобы кейде әбден бірігіп алып, лексикалық

бүтінді жасап та отырады: *малқора, қолтаңба, асқазан, асқабақ, белбау, бесжылдық, баспасөз, жазба, көзәйнек, сұқабақ, қолорамал, қолғап, ақсаулық, сушігін, Ашудас, желбау, қарамал, қолжаулық, демалыс, желхом, айғабағар, елгезер, жалаңбас, қайната (қайын ата) қарабасы*, т. б. Демек, қазақ тілінде лексикалық бүтінді жасаудағы амалдың бірі — екпін.

Ритмикалық топтар көбінесе синтагмалармен үйлесіп отырады: *Айнаға жақын иісті майдың шынысы тұр. Столдан төмен төрдің алдында Гүлзира жатыр.* (Мұнда ритмикалық топтар синтагмалармен үйлесіп тұр). Кейде әлденеше ритмикалық топтан синтагма жасалады. Синтагма — бір не бірнеше ритмикалық топтан құралған фонетикалық кесек. Синтагмалар өзара бір-бірімен паузамен де, екпінмен де жіктеліп отырылады. Ритмикалық топ та, синтагма да — арнаулы мағына бірлігіндегі сөздер тобы. Сөздердің синтаксистік қатынастары қосымшалардан өзге сөздердің арнаулы орны арқылы да жүргізіледі. Мұндай жағдайда ритмикалық топ пен синтагмалардың зор маңызы бар. Сөздердің ритмикалық тобы мен синтагма ұйымдасуына қарай сөйлемнің мағынасы өзгеріп отырады. Мәселен: *депутат Оразбайға сөз айтты*, — деген сөйлемдегі «депутат Оразбай» дегенді бір интонациялық кесек етіп те, не екі интонациялық кесек етіп те айтуға келер еді. «Депутат Оразбай» — сөз тобының әртүрлі фонетикалық кесекке бөлінуі, мүшеленуі оның семантикасымен байланысты болып келеді. Егерде «Депутат Оразбай» деп бір интонациялық кесек етіп айтсақ, онда анықтауыш пен анықталғыштың семантикалық бірлігін құрып, бір негізгі күшті екпінмен береміз.

Егерде оны «Депутат — Оразбай» деп екі интонациялық кесекпен айтсақ, онда сөздердің қызметі өзгеріп, бірінші сөз — бастауыш, екінші сөз — баяндауыш болып, жалпы біткен ойды білдіретін сөйлемге ауысады. Мұндағы екеуін пауза және екпін ажыратып, екі синтагманы жасайды.

«Депутат — Оразбай» дегенде дауыс сазының музыкалық қозғалысына қарай хабарлы сөйлем: аяғында дауыс сазы бәсеңдеп, үлкен пауза жасалып отыр. Егерде мұның аяғы көтеріңкі сазбен бітсе, (*депутат — Оразбай*) онда мағынасы хабарлы сөйлемнен ауысып, лепті сөйлемге өтеді.

Екіншіден, «Озат колхозшылар майдан үшін барлық затын жеткізіп берді» деген фразаны «Озат (колхозшы-

лар) үшін барлық (затын жеткізіп) берді» деп пауза жасасақ, онымыз құлаққа жағымсыз тиіп, сөйлемнің мағынасы түсініксіз болар еді. Осы тәрізді «Біздің мұғалім Жұмабайға келді» сөйлемін пауза жағынан бір не екі кесек етіп айту (біздің мұғалім Жұмабайға келді) сөйлемнің семантикасымен байланысты. Демек, паузаның қызметі сөйлемнің мағынасымен байланысты болады. Сөз ағымының мүшеленуі әр тілде әртүрлі, тілдің тарихи дамуына байланысты. Бүгін семантика бірлігіндегі сөз тобының бір екпінге қарауы — тілдің кездейсоқ заңдылығы емес. Арнаулы семантика бірлігіндегі келген сөздердің екпіні жағынан тұтас бір фонетикалық кесек болуы, сөзсіз, тіліміздің тарихи дамуына байланысты.

Бүгін семантика бірлігіндегі сөз тобының бір екпінге қарау заңдылығы француз тілінде күшті. Қазақ тілі осы жағынан француз тілімен үйлеседі. Әсіресе, қазақ тіліне француз тілінен гөрі типологиясы жағынан жақын болған осетин тілінің екпін заңдары көп жақтан жанасады: осетин тілінде дербес сөздік екпіннен басқа ритмикалық екпін де бар. Сөздік екпіннен басқа ауызекі сөйлегенде сөздердің белгілі тізбектері акцентуация жағынан бір бүтінге айналуын, әсіресе, қазақ тілінен І. Қ. Кеңесбаев, В. Н. Зиновьевтың, сондай-ақ өзбек тілі материалынан А. Ғ. Гуламовтың байқаулары айқын. Түркі тілдерінде белгілі сөз тобының бір екпінге қарауы жайлы өз кезінде Н. И. Ильминский де, В. Радлов та ескерткен болатын.

Логикалық екпін қазақ тілінде фразалық не синтаксистік екпіннің өзге бір түрі. Ритмикалық екпіннің қызметі жоғарыда айтылғандай семантика бірлігіндегі бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажыратып тұратын болса, логикалық екпіннің қызметі сөйлем ішіндегі не сөз тобындағы бір сөздің мәніне өзгеше көңіл аударып, оны күшейтіп тұрады. Сөйлемдегі қайсы сөз болмасын, оған логикалық екпін түсуі мүмкін. Сөздік екпіні жоқ болған шылау категориялы сөздерге де логикалық екпін түсе береді. Ондай болса, ритмикалық пен логикалық екпіндердің атқаратын қызметтері де, мөлшері де бір-біріне сәйкес келмейді. Тіліміздегі қайсыбір фонетикалық құбылыстарды алсақ та, олар сөйлеу тілінің белгілі семантикасымен байланысты. Соның бірі — логикалық екпін. Логикалық екпін арқылы бір фразаға әлденеше семантикалық отенок беруге болады: «Мен кеше

театрға бардым» деген сөйлемді алып қарайық: 1. *Кеше театрға мен бардым* (кеше театрға өзінің барғанын). 2. *Мен кеше театрға бардым.* (Кеше басқа жерге бармай, тек театрға барғанын). 3. *Мен театрға кеше бардым* (Театрға бүгін емес, тек кеше ғана барғанын); немесе: *Ажар кітабын таза ұстайды* деген сөйлем де сол сияқты. 1. *Ажар кітабын таза ұстайды* (басқа емес, тек Ажар ғана). 2. *Ажар кітабын таза ұстайды* (Ажар басқа оқу құралдарынан гөрі кітаптарын таза ұстайтынын). 3. *Ажар кітабын таза ұстайды* (әсіресе, Ажар кітабын таза ұстайтынын), т. б.

Логикалық екпін грамматикалық тұлғалармен байланысты келеді: *Министрдің кабинетіне кірдім* (Логикалық екпін — «Министрдің» сөзінде). *Мен хатты жаздым* (Логикалық екпін — «хатты» сөзінде).

Логикалық екпіннің фонетикалық табиғаты әр тілде әр түрлі. Қазақ тіліндегі логикалық екпіннің фонетикалық табиғатына келгенде мынаны айтуға тиістіміз: логикалық екпінді элемент өзгеден күштірек айтылады, әсіресе, оның күшті айтылу шені сөздің соңғы буынында болады. Сонымен бірге, үннің көтерілу кезеңі де жоқ емес. Кей уақыт көңіл аудару мақсатында эмфатиялық созылыңқы жасалады: онда екпін сөздің бас буынына көшеді (депласация): *бәрі*, т. б. Негізінде логикалық екпінді элементтен кейін кішкене пауза жасалып, өзінен кейінгі сөзден біраз оқшауланады. Осының салдарынан ритмикалық топтағы элементтердің біреуіне логикалық екпін түсетін болса, онда сол элементте сөздік екпін де туылады: *Алматыда үйлер, биік жайлар салынып жатыр.*

Қазақ тілінде логикалық екпін екі түрлі амалмен жасалады: біріншіден, сөйлемдегі сөздердің дағдылы орын ауыстыруымен, екінші сөзбен айтқанда, инверсиямен, екіншіден, сөйлемдегі сөздердің дағдылы орнын ауыстырмай, әдеттегі қалпынша беру. Қазақ тілінде логикалық екпінді инверсиямен беру күшті. Мысалы, «Бүгін колхозшылар қалаға кетті» сөйлемін: 1) *Бүгін қалаға колхозшылар кетті.* 2). *Колхозшылар қалаға бүгін кетті.* 3). *Колхозшылар бүгін қалаға кетті.* 4). *Колхозшылар қалаға бүгін кетті,* — деп сөздердің орнын ауыстырып (логикалық екпін бар сөздерді баяндауыштың дәл алдына қойып) айтудан сөйлемнің әлденеше семантикалық отеноктері туылып отыр. Екіншіден, қазақ тіліндегі логикалық екпінді элементті баяндауыш позиция-

сымен беру жағдайы да бар: *Мені тәрбиелеген — анам.* (Мені анам тәрбиелеген). *Оқудан келген — інім.* (Інім оқудан келген). Мұнда логикалық екпіндер инверсиямен жасалған баяндауыштарда (*анам, інім*) тұр.

Екіншіден, қазіргі қазақ тілінде тағы бір жағдай бар: логикалық екпін жасалу үшін сөйлемдегі сөздердің орны кейде өзгертілуі қажет емес:

Біздің колхоздың мүшелері мақтадан мол өнім алды.

Біздің колхоздың мүшелері мақтадан мол өнім алды.

Біздің колхоздың мүшелері мақтадан мол өнім алды.

Біздің колхоздың мүшелері мақтадан мол өнім алды.

Біздің колхоздың мүшелері мақтадан мол өнім алды.

Қазақ тілінде логикалық екпін мына жағдайларда қолданылады: 1. Айқындағанда, толықтырғанда, шектелгенде: *Жұмақтың үлкен баласы айтты. Бұл жер колхоздың бақшасы. Чымбайдағы педучилищені былтыр 30 кісі бітіріп шықты. Кітапты Әуезге бердім. Үйге екеуі келді.* 2. Салыстырғанда: *Ана көрінген Асанның үйі емес, Үсеннің үйі. Мәштен жүгері шығымды келеді. Тәрнектен жәмбіше мазалы.* 3. Мәнісін күшейту ретінде айтылған қос сөздерде: *Саған келе-келе шаршадым. Мен жүгіре-жүгіре келдім.*

Семантика бірлігіндегі сөздер тобы екпіні мен пауза жағынан бір фонетикалық бүтінді жасайтын сияқты бір тиянақты біткен ойды білдіретін синтагмалар тобы, не кейде бір синтагма дауыстың музыкалық қозғалысы жағынан ірі интонациялық бүтінге айналып отырады. Осындай ірі фонетикалық бүтінді фраза не сөйлем дейміз. Фраза не сөйлем көлеміндегі дауыстың музыкалық қозғалысы мелодия делінеді. Мелодияның тілде әлденеше түрлі қызметі бар. Соның ішіндегі ең маңыздысы синтаксистік қызметі. Мәселен, хабар, сұрау, лепті сияқты мағыналарды осы мелодия арқылы білдіреміз. Қазақ тілінде бір синтаксистік құрылыста болған фразалар мелодиясына қарай әлденеше түрлі мағына бере алады:

1. *Сен басқарма. Сен басқарма.*

2. *Сен оқыдың ғой. Сән оқыдың ғой? Сен оқыдың ғой!*

Сұраулы, лепті сөйлемдерден гөрі хабарлы сөйлемде мелодия біркелкі айтылады. Сұраулы сөйлемнен гөрі

лепті сөйлемдердің аяғында дауыстың музыкалық қозғалысы өте көтеріңкі айтылады. Қазақ тілінде хабарлы, сұраулы және лепті интонациялар фонематикалық амал болып саналады.

Интонацияның семантикалық кезеңдерін төмендегі сөйлемдерден байқауға болар еді:

1) *Сұлтан, Нәжім және Бегдулланың әкелері келді.* (Әр қайсысының да әкесі келгенін байқаймыз).

2) *Сұлтан, Нәжім және Бегдулланың әкелері келді.* (Сұлтан, Нәжімнің әкесі мен Бегдулланың әкесінің келгенін байқаймыз).

1. *Мұғалім Оразбайдың үйіне келді.*

2. *Мұғалім Оразбайдың үйіне келді.* Бірінші сөйлем — біреудің мұғалім Оразбайдың үйіне келгенін білдірсе, екінші сөйлем — Оразбайдың үйіне мұғалімнің келгенін білдіреді. Мұнда интонациясына қарай бір түрлі конструкциялы фраза, екі түрлі мағына тудырып отыр.

Қыстырма мен қаратпа сөздер де фразадан өзгеше интонациямен жіктеліп отырады: «Менің ойымша, қолға алатын ісімізді ерте бастауымыз керек» дегендегі қыстырма сөз «менің ойымша» фразадан, біріншіден біркелкі түсіңкі тонмен өзгешеленеді, екіншіден, айтылу қарқыны (темп) жылдамырақ болады, үшіншіден, қыстырмалы топтың екпіні әлсіз келеді. Көрсетілген интонациялық ерекшелік қыстырма сөзді фразадағы өзге интонациялық топтан оқшауландырады. Сондай-ақ, «Қымбатты жолдастар, мен сіздерге айтам» деген сөйлемдегі қаратпа сөз «Қымбатты жолдастар» фразадан көтеріңкі интонациямен жіктеліп тұр. Осылар тәрізді тіліміздегі мелодияның синтаксистік функцияларын көрсететін көп фактілерді келтіруге болар еді. Бұл нәрсе эксперименталь фонетика әдісімен зерттеуді қажет етеді.

Сонымен бірге, сөзіміздің түрлі эмоционалдық кезеңдері де осы интонацияға байланысты болады: ашу, ызалану, кекету, мысқылдау сияқты неше түрлі сезім көріністері өзінің интонациясы арқылы айқындалып отырылды. Мәселен, «Сізге рақмет» фразасының интонациясы арқылы шын көңілді де, кекетуді де, білдіруге болар еді. Синтаксистік мелодика мен эмоционалдық мелодиканың өзіне қасиетті ерекшеліктері бар. Бұл мәселе өз алдына дербес зерттеуді керек етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН КЕЙБІР ФОНЕТИКА-ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕР*

- Автономность фонемы — *фонеманың дербестігі*
Абсолютная длительность фонем — *фонемалардың абсолют созылықты түрі*
Автоматический анализ речи — *сөзді автоматтық жолмен талдау.*
Акусма — *акусма*
Акустические варианты — *акустикалық варианттар*
Акустический анализ — *акустикалық талдау*
Акустическая классификация фонем — *фонемалардың акустикалық жағынан жіктелуі (классификациясы)*
Акустическая фонетика — *акустикалық фонетика*
Активные органы — *актив дыбыстау мүшелері*
Акцентная группа — *акценттік топ (екпін тобы)*
Акцентуация — *акцентуация*
Акцентология — *акцентология*
Аудиторный анализ — *аудиторлық талдау*
Альвеолярные согласные — *альвеолярлық дауыссыздар*
Афазия — *афазия*
Альтернация — *альтернация, дыбыстардың алмасуы*
Амплитуда звуковых волн — *дыбыс толқынының амплитудасы*
Артикуляция — *артикуляция*
Артикулятивная база — *артикуляциялық база*
Артикуляционная классификация звуков — *дыбыстардың артикуляциялық жағынан жіктелуі (классификациясы)*

* *Кенесбаев С., Жанузаков Т.* Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Алма-Ата, 1966.

- Артикуляционные зоны неба — таңдайдың артикуляциялық зоналары.
- Артикуляционные фазы — артикуляциялық фазалар
- Аспирация — аспирация
- Ассимиляция — ассимиляция; ықпал
- Ассимиляция полная — толық ассимиляция
- Ассимиляция неполная — толық емес ассимиляция, ықпал
- Архифонема — архифонема
- Аффрикаты — аффрикаттар
- Бинарные оппозиции в фонологии — фонологиядағы қосарланған қарама-қайшылықтар
- Беглые звуки — түсірмелі, жылжымалы дыбыстар
- Безударный гласный — екпінсіз дауысты
- Безударный слог — екпінсіз буын
- Билабиальные согласные — қосерінді (билабиаль) дауыссыздар
- Бинарная классификация звуков — дыбыстардың жұпталған классификациясы
- Боковые сонанты — бүйір сонанты
- Варианты фонемы стилистические — фонеманың стилистикалық варианттары
- Варианты фонем — фонеманың варианттары
- Вариация фонем — фонемалық вариациялары
- Велярные звуки — веляр дыбыстар
- Вибранты — вибранттар, діріл дыбыстар
- Вибрация голоса — дауыстың дірілдеуі, дауыстың вибрациясы
- Видимая речь — сөздің көрінуі.
- Вифонемость — қос фонемалық
- Вопросительная интонация — сұрау интонациясы
- Вставка звука — араға дыбыс енгізу, дыбыс қыстыру
- Восходящее ударение — көтеріңкі екпін
- Восприятие фонемы — фонеманы ұғу, білу
- Высота тона — үннің жіңішкелігі, көтеріңкілігі
- Выпадение звука — дыбыстың түсуі
- Гармония гласных — дауыстылардың гармониясы, үндесуі
- Герц — Герц
- Главный вариант фонемы — фонеманың негізгі варианты
- Гиперфонема — гиперфонема
- Главный оттенок фонемы — фонеманың бас оттеңі (фонеманың негізгі оттеңі)

Гласные открытые — *ашық дауыстылар*
Гласные закрытые — *жабық (тұйық) дауыстылар*
Гласные твердые — *жуан дауыстылар*
Гласные мягкие — *жіңішке дауыстылар*
Гласные верхнего подъема — *көтеріңкі қысаң дауыстылар*
Гласные среднего подъема — *орта (ашық) дауыстылар*
Гласные нижнего подъема — *түсіңкі (мейлінше ашық) дауыстар*
Гласные переднего ряда — *тіл алды дауыстылары*
Гласные заднего ряда — *тіл арты дауыстылары*
Гласные краткие — *келте дауыстылар*
Гласные лабиализованные — *ерін дауыстылар*
Глубоко заднеязычные согласные — *түпкі тіл арты дауыссыздары*
Глухие согласные — *қатаң дауыссыздар*
Голосовая щель — *дауыс шелі*
Гомогенная оппозиция — *алшақ қарама-қайшылықтар*
Градуальная оппозиция — *басқыштау қарама-қайшылықтар*
Голосовые связи — *дауыс перделері шымылдығы*
Гортанные звуки — *көмей дауыстылар*
Геминаттар — *геминаттар*
Глухие согласные — *қатаң дауыссыздар*
Гуттуральные гласные — *гуттураль (жуан) дауыстылар*
Графема — *графема*
Движение органов речи — *сөйлеу мүшелерінің қимылдауы*
Дифференциальные признаки фонем — *фонеманы ажырататын белгілер*
Двухфокусные согласные — *екі фокусты дауыссыздар*
Дистинктивная функция фонемы — *фонеманың мағыналық қызметі*
Дихотомическая фонология — *дихотомиялық фонология*
Дефтонологизация — *дефтонологизация*
Дистрибуция — *дистрибуция*
Дифтонг восходящий — *ашық дифтонг*
Дифтонг нисходящий — *тұйық дифтонг*
Длительные звуки — *созылыққы дыбыстар*
Долгота звуков — *дыбыстардың созылыққы жайы*
Дрожащие звуки — *діріл дыбыстар*
Закрытый слог — *тұйық бітеу буын*
Замена звуков — *дыбыстардың орын алмасуы*
Звонкие согласные — *үяң дауыссыздар*

- Звуковой тип — *дыбыс типі*
 Звуковые законы — *дыбыс заңдары*
 Звуковые соответствия — *дыбыстардың үйлесімі*
 Звукосочетание — *дыбыстардың тіркесімі*
 Идентификация фонем — *фонемаларды белгілеу*
 Имплозия — *имплозия*
 Информант — *информант*
 Интервокальные звуки — *екі дауысты аралығындағы дауыссыздар*
 Интервокальная позиция — *интервокальдық позиция*
 Интонама — *интонама*
 Инвентарь фонем — *фонемалар инвентары, құрамы*
 Интонация предложения — *сөйлемнің интонациясы*
 Интонационные группы — *интонациялық топтар*
 Историческая фонетика — *тарихи фонетика*
 Исторические чередования звуков — *дыбыстардың тарихи алмасуы*
 Истинные дифтонги — *тең дифтонгтар*
 Исчезновение звуков — *дыбыстардың түсуі*
 Качество звуков — *дыбыстың сапасы*
 Комбинаторные изменения звуков — *дыбыстардың комбинаторлық өзгеруі*
 Конечный звук — *соңғы дыбыс*
 Корреляция пара — *қосардың бір-біріне қарама-қарсы қайшылығы*
 Консонантизм — *консонантизм*
 Консонантное сочетание — *консонанттық тіркесім*
 Качественная редукция звуков — *дыбыстардың сапалық редукциясы*
 Контрастная пара — *қарама-қарсы қосары*
 Кинема — *кинема*
 Лингвальный сингармонизм — *езу үндестігі дыбыстары*
 Лабиальный сингармонизм — *ерін үндестігі*
 Ложные дифтонги — *кем дифтонгтар*
 Логическое ударение — *логикалық екпін*
 Латеральные согласные — *латераль, бүйір дауыссыздары*
 Мгновенные согласные — *үзілмелі дауыссыздар*
 Мелодика речи — *сөйлеу мелодикасы*
 Место образования звуков — *дыбыстардың жасалу орны*
 Метатеза звуков — *дыбыстардың метатезасы*
 Морфонология — *морфонология*
 Моносиллабизм — *моносиллабизм, бір буынды*
 Макрофонема — *макрофонема*

Монофтонг — монофтонг
Мелодика — мелодика
Минимальная пара — кіші қосарлар
Музыкальное ударение — музыкалық екпін
Модификация фонем — фонемалық модификация, өзгеруі, құбылуы
Моторная теория — мотор теориясы
Мягкое небо — жұмсақ таңдай
Мягконебные согласные — жұмсақ таңдай дауыссыздары
Нейтрализация фонологических оппозиции — фонологиялық қарама-қарсы қоюдың бейтараптануы
Нисходящий дифтонг — түйық дифтонг
Носовой резонанс — мұрын резонансы
Носовые гласные — мұрынды дауыстылар
Носовые согласные — мұрындық дауыссыздар
Носовая полость — мұрын қуысы
Обертоны — обертондар
Основной тон — негізгі тон
Общая фонетика — жалпы фонетика
Оглушение звука — дыбыстың қатаңдануы
Озвончение звука — дыбыстың ұяңдауы
Оттенок фонемы — фонеманың оттеңогі, реңкі
Органы речи — сөйлеу органдары, мүшелері
Ослабление звука — дыбыстың күшсізденуі, әлсізденуі
Открытые гласные звуки — (широкие) — ашық дауысты дыбыстар
Открытый слог — ашық буын
Оппозиция — оппозиция приветивная — жалпы мәнді оппозиция
Оппозиция пропорциональная — топ мәнді оппозиция
Однофокусные согласные — бір фокусты дауыссыздар
Палатализация — палатализация
Палатализованные согласные — дауыссыздардың палаталдануы.
Палатальные звуки — палаталь (жіңішке) дыбыстар
Патология речи — сөйлеудің патологиясы, мүкiстiгi
Пассивные органы — пассив мүшелер
Просодика — просодика
Протеза — протеза
Переднебные (переднеязычные) звуки — таңдай алды дыбыстар
Просодема — просодема
Побочные тоны — көмекші тон

Повышение голоса — *дауыстың көтерілуі*
Подъем звука — *дыбыстың көтерілуі*
Полная ассимиляция — *толық ассимиляция*
Полость носа — *мұрын қуысы*
Полость рта — *ауыз қуысы*
Полугласные — *жарым дауыстылар*
Постоянная ассимиляция — *тұрақты ассимиляция*
Плоскощелевые согласные — *жалпақ саңлақ дауыссыздар*
Последующий звук — *кейінгі дыбыс*
Предшествующий звук — *алдыңғы дыбыс*
Предыдущий звук — *бұрынғы дыбыс*
Пограничные сигналы — *шекаралық сигналдар*
Расщепление фонем — *фонеманың жарылуы, ыдырауы*
Релеватные признаки фонем — *фонеманың жіктейтін белгілері*
Регрессивная ассимиляция — *ілгерінді ықпал, регрессивті ассимиляция*
Редукция звуков — *дыбыстардың редукциясы*
Редуцированные звуки — *редукцияланған дыбыстар*
Резонатор — *резонатор*
Речевой аппарат — *сөйлеу аппараты*
Речевой поток — *сөз ағымы*
Ритм речи — *сөз ритмі, сөз ырғағы*
Ртовая полость — *ауыз қуысы*
Ртовые согласные (чистые) — *ауыз жолды дауыссыздар*
Сближение органов речи — *сөйлеу мүшелерінің жақындасуы*
Сонант — *сонант*
Свистящие звуки — *ысқырық дыбыстар*
Свистящий согласный — *ысқырық, ысыл дауыссыздар*
Слоговое ударение — *буын екпіні*
Суперсегментная фонетика — *суперсегменттік фонетика*
Сила звука — *дыбыстың күші*
Сильные звуки — *күшті дыбыстар*
Стили произношения — *сөйлеудің стильдері*
Синтагма — *синтагма*
Слитное слово — *біріккен, кіріккен сөз*
Слог открытый — *ашық буын*
Слог закрытый — *тұйық қамау буын*
Слогоделение — *буынға жіктеу*
Слоговые звуки — *буын жасайтын дыбыстар*
Слогообразующий звук — *буын жасаушы дыбыс*
Слогораздел — *буын жігі*

Слоговой акцент — *буын екпіні*
Слогообразование — *буын жасау*
Слуховые органы — *есіту органдары, мүшелері*
Сложный звук — *күрделі бірікпе дыбыс*
Смыкание органов речи — *сөйлеу мүшелерінің жабысуы*
Смычные согласные — *шұғыл дауыссыздар*
Смычные сонанты — *шұғыл сонанттар*
Сильноконечные слоги — *аяғы күшті буындар*
Сильноначальные слоги — *басы күшті буындар*
Сингармонизм — *сингармонизм, үндестік заң*
Согласные звуки длительные — *созылыққы дауыссыздар*
Согласные звуки мгновенные — *үзiктi дауыссыздар*
Согласные звуки носовые — *мұрынды дауыссыздар*
Согласные звуки неносовые — *мұрыннан айтылатын дауыссыздар*
Согласные звуки плавные — *туыз жолды дауыссыздар*
Согласные звуки взрывные, смычные — *шұғыл дауыссыздар*
Согласные звуки фрикативные — (придувные, спиранты, щелинные) — *фрикатив (ызың) дауыссыздар*
Согласные звуки латеральные — *бүйір (латераль) дауыссыздар*
Согласные звуки губные — *еріндік дауыссыздар*
Согласные звуки губно-губные (билабиальные) — *қос ерінді (билабиаль) дауыссыздар*
Согласные звуки зубные — *тіс дауыссыздары*
Согласные звуки зубогубные — *тіс пен ерін дауыссыздары*
Согласные звуки межзубные — *тіс аралық дауыссыздары*
Согласные звуки альвеолярные — *альвеолярлық дауыссыздар*
Согласные звуки гортанные — *көмекей дауыссыздары*
Сонант — *сонант*
Сонорные звуки — *сонор дыбыстар*
Сочетание звуков — *дыбыстардың тіркесімі*
Спинка языка — *тілдің арқасы*
Спиранты — *спиранттар*
Спонтанные фонетические изменения — *спонтандық фонетика өзгерістері*
Способы образования звуков — *дыбыстардың жасалу тәсілдері*
Среднеязычные согласные — *тіл орта дауыссыздары*
Степень озвонченность — *ұяңдау дәрежесі*
Стечение звуков — *дыбыстардың тіркесімі*

- Струя воздуха — ауаның ағымы
- Субституция звуков — дыбыстардың субституциясы, ал-масуы
- Субъективные варианты фонем — фонеманың субъективтік варианттары
- Сужение звука — дыбыстың тарылуы
- Суперсегментные средства — суперсегмент амалдары
- Субъективный метод — субъективті әдіс
- Спектрометр — спектрометр
- Спектр гласных — дауыстылардың спектрі
- Сонограф — сонограф
- Собственный тон резонатора — резонатордың өзіне тән тон, үн
- Слабая позиция — әлсіз позиция
- Синтезатор — синтезатор
- Синтез — синтез, топтау
- Синтагма — синтагма
- Сильная позиция — күшті позиция
- Силлабофонема — буынды фонема
- Сепаратор — сепаратор
- Сегментатор — сегментатор
- Такты речи — сөздің тактісі
- Тембр звука — дыбыстың тембрі
- Темпы речи — сөздің айтылу темпісі
- Тон звука — сөздің, үні, тоны
- Тонема — тонема
- Тоны основные — негізгі үндер, тондар
- Транслитерация — транслитерация
- Ударение — екпін
- Ударение динамическое — динамикалық (күшті екпін)
- Ударение музыкальное — музыкалық, үнді екпін
- Ударение смешанное — аралас екпін
- Ударение логическое — логикалық екпін
- Ударение главное — негізгі екпін
- Ударение фразеологическое — фразеологиялық екпін
- Ударение ритмическое — ритмикалық екпін
- Ударение словное — сөздік екпіні
- Ударение квантативное (количественное) — квантативті (сандық екпін)
- Ударение квантативное — квантативтік (сандық екпін)
- Ударение постоянное — тұрақты екпін
- Ударение непостоянное — тұрақсыз екпін
- Ударение смысло-различительное — мағына анықтаушы екпін

Ударение словоразделительное — *сөз анықтаушы, айқындаушы екпін*
Ударяемый слог — *екпінді буын*
Ударение эмфатическое — *эмфатикалық екпін*
Удвоение звуков — *дыбыстардың қосақталуы*
Ударение вспомогательное (побочное) — *көмекші екпін*
Удлинение звуков — *дыбыстардың ұзаюы*
Узкие гласные — *қысаң дауыстылар*
Унификация алфавитов тюркских языков — *түркі тілдерінің алфавиттерін бірыңғайластыру*
Фазы артикуляции — *артикуляция фазалары*
Фонация — *фонация*
Фонология — *фонология*
Фонологическая нейтрализация — *фонологиялық бейтраптану*
Фонетика — *фонетика*
Фонотактика — *фонотактика*
Фонетика описательная — *баяндау фонетика*
Формант — *формант*
Фонетика историческая — *тарихи фонетика*
Фонемика — *фонемика*
Фонетика сравнительная — *салыстырмалы фонетика*
Фонетика экспериментальная — *экспериментальды фонетика*
Фонетическая транскрипция — *фонетикалық транскрипция*
Фонетический закон — *фонетикалық заң*
Фонетическая стилистика — *фонетикалық стилистика*
Фонематическая система — *фонематикалық (фонологиялық) система*
Фонетическая система — *фонетикалық жүйе*
Фразовое ударение — *фразалық екпін, тіркес екпін*
Характерные тоны — *меншікті тон*
Чередование звуков — *дыбыстардың алмасуы*
Широкие гласные — *ашық дауыстылар*
Щелинные согласные — *ызың дауыссыздар*
Экспериментально-фонетический метод — *экспериментальды-фонетика методы*

Абуов Ж. О влиянии фонологической системы языка на восприятие фонетических признаков гласных [экспериментально-фонетическое исследование на материале английского, казахского и русского языков]. Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Л., 1976.

Аванесов Р. И. Фонетика современного русского литературного языка. М., 1956.

Артемов В. А. Экспериментальная фонетика. М., 1956.

Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959.

Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. М., 1966.

Ахундов А. А. Фонетика азербайджанского языка. Баку, 1984. (на азерб. языке).

Балақаев М. Б. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1985.

Батманов И. А. Фонетическая система современного киргизского языка. Фрунзе, 1946.

Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. М., 1952. Т. 2.

Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. М., 1969.

Бернштейн С. И. Основные понятия фонологии // ВЯ. 1962. № 3.

Бенвенист Э. Общая лингвистика. М., 1974.

Бектаев К. Б., Пиотровский Р. Г. Математические методы в языкознании. Алма-Ата, 1973. Ч. 1; 1974. Ч. 2.

Бондарко Л. В. Звуковой строй современного русского языка. М., 1977.

Бодуэн де Куртене И. А. Избранные труды по общему языкознанию. М., 1963. Т. 1, 2.

Богородицкий В. А. Введение в татарское языкознание. Казань, 1934 (или М., 1953).

Вахек И. Лингвистический словарь Пражской школы. М., 1964. (русский перевод).

Вопросы казахской фонетики и фонологии. Алма-Ата, 1979.

Владимирцов Б. Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и хакасского наречия. Л., 1929.

Грамматика киргизского языка. Оренбург, 1898.

Гарипов Т. М. Кыпчакские языки Урало-Поволжья: опыт синхрон. и диахрон. характеристики. М., 1979.

Глссон Г. Введение в дескриптивную лингвистику. М., 1959.

Джапаридзе З. Н. Перцептивная фонетика: (Основные вопросы). Тбилиси: Мецниерева, 1985.

Джубанов К. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966.

Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка. М.; Л., 1948.

Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков. М., 1962.

Дмитриев Н. К. Грамматика кумыкского языка. М.; Л., 1940.

Дьячковский Н. Д. Звуковой строй якутского языка: (Вокализм). Якутск, 1971. Ч. 1.

Джунисбеков А. Гласные казахского языка. Алма-Ата, 1972.

Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. Алма-Ата, 1980.

Даулетов А. Вокализм каракалпакского языка. Самарканд, 1976.

Дукельский Н. И. Принципы сегментации речевого потока. М.; Л., 1962.

Жинкин Н. И. Механизмы речи. М., 1958.

Зиндер Л. Р. Общая фонетика. М., 1979.

Зиновьев В. Н. О ритмико-мелодической структуре казахского языка // Изв. АН КазССР. Серия лингвистическая. 1948. № 77. Вып. 5.

Златоустова Л. В., Потапова Р. К., Трунин-Донской. Общая и прикладная фонетика. М., 1986.

Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1961.

Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. М., 1955. Ч. 1.

Исаев М. К. К вопросу о фонетической структуре слова в казахском языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1970.

Исенгельдина А. А. Спектрально-рентгенологические исследования сонорных согласных казахского и английского языков: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1960.

Кайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, Наука, 1986.

Корш Ф. Е. Слово «балдак» и долгота гласных в турецком языке // Живая старина. 1909. Кн. 70—71. Вып. 2, 3.

Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., 1956.

Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.; Л., 1960.

Котвич В. Исследование по алтайским языкам. М., 1962.

Кенесбаев І. К., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962.

Кенесбаев С. К. Современный казахский язык. Фонетика. Алма-Ата, 1962.

Кенесбаев І. К. Қазақ тілі фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.

Кенесбаева С. С. Фонемная структура арабизмов в казахском языке // Изв. АН КазССР. Серия филологическая. 1985. № 4.

Катанов Н. Ф. Опыт исследования урянхайского языка // Уч. зап. имп. казанского. 1899, кн. 2.

Кошкаргов А. Спектральный анализ фрикативных согласных казахского языка в структурах типа СГС, ГСГ: (Экспериментально-фонетическое исследование): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1971.

Кобалова И. Д. Понятие фонемы в языкознании и принципы

фонологического анализа: Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Тбилиси, 1984.

Касевич В. Б. Фонологические проблемы общего и восточного языкознания. М., 1983.

Киекбаев Д. Г. Введение в Урало-алтайское языкознание. Уфа, 1972.

Калиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы: (Эксперименталды фонетикалық зерттеу). Алматы, 1984.

Курилович Е. Очерки по лингвистике. М., 1962.

Лаптев Н. Грамматика киргиз-кайсацкого языка. 1898.

Малов С. Е. Памятники фонетической письменности. М.; Л., 1951.

Малмберг Б. Проблема метода в синхронной фонетике // Новое в лингвистике. М., 1962.

Мартине А. Принцип экономии в фонетических изменениях. М., 1960.

Мамедов А. Тюркские согласные: анлаут и комбинаторика: [Сравнит. ист. и ист.-типол. пробл. фонол. и морфонол. изм. согласных в тюрк. яз.]. АН АзССР. Ин-т языкознания им. Насими. — Баку: Элм, 1985. 206 с.; Библиогр. С. 185—201.

Махмудов А. Словесное ударение в узбекском языке. Ташкент, 1960.

Малов С. Е. Язык желтых уйгуров. Алма-Ата, 1957.

Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. М., 1960.

Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Спб., 1894. Т. 1.

Матусевич М. И. Современный русский язык. Фонетика. М., 1976.

Наделяев В. М. Артикуляционная классификация гласных. Фонетические исследования по сибирским языкам. Новосибирск, 1980.

Нурмуханова А. М. Типы простого предложения в тюркских языках. Ташкент: ФАН, 1956.

Омарбеков С., Жүнісбеков А. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. Алматы, 1985.

Орусбаев А. Киргизская акцентуация. Фрунзе, 1974. Основные направления структурализма. М., 1964.

Поливанов Е. Д. Статьи по общему языкознанию. М., 1968.

Поливанов Е. Д. Некоторые фонетические особенности каракалпакского языка // Труды Хорезм. экспедиции. Ташкент, 1933.

Поцелуевский А. П. Фонетика туркменского языка. Ашхабад, 1936.

Пражский лингвистический кружок. М., 1967.

Проблема и методы экспериментально-фонетического анализа речи. Л., 1980.

Принципы типологического анализа языков различного строя. М., 1972; Русский язык Энциклопедия. М., 1979.

Реформатский А. А. Введение в языковедение. М., 1967.

Реформатский А. А. Из истории отечественной фонологии. М., 1970.

Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955.

Рамstedт Г. И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957.

Садвакасов Г. С. Язык уйгуров Ферганской долины. Алма-Ата, 1970.

- Сарыбаев Ш. Ш.* Библиографический указатель литературы по казахскому языкознанию. Алма-Ата, 1965—1982 г. Вып. 1—4.
- Солнцев В. М.* Язык как системно-структурное образование. М., 1977.
- Сорокин В. Н.* Теория речеобразования. М., 1985.
- Серебренников Н., Гаджиева Н. Э.* Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Баку, 1979.
- Севортян Э. В.* Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974; 1978; 1980.
- Севортян Э. В.* Фонетика турецкого литературного языка. М., 1955.
- Серебренников Б. А.* О материалистическом подходе к явлениям языка. М., 1983.
- Сепир Э.* Язык. М., 1970.
- Селюдина И. Я.* Кумандинский консонантизм (экспериментально-фонетическое исследование). Новосибирск, 1983.
- Симонова Е. Ф.* Итоги экспериментальной работы в области казахского и иностранного языков // Ученые записки КазГУ. Серия язык и литература. 1952. Вып. 1, 4.
- Сыздыкова Р. Г.* Казахские произносительные нормы. Алма-Ата, 1983.
- Соссюр Ф. де.* Труды по языкознанию. М., 1977.
- Созонтов Н.* Записки по грамматике киргизского языка. Ташкент, 1912; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Фонетика. М., 1984.
- Талипов Т.* Развитие фонетической структуры уйгурского языка. Алма-Ата, 1972.
- Татубаев С. С.* Тайны звука (очерки по фонетике казахского пения в сравнении с речью). Алма-Ата, 1978.
- Тайлақбаев Б.* Қазақ тіліндегі салдыр шұғыл дауыссыздар. Алматы, 1981.
- Томсон А. И.* Общее языкознание. Одесса, 1910.
- Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: Фонетика, морфология. Алматы, 1981.
- Терентьева М.* Грамматика турецкая, персидская, киргизская, узбекская. СПб., 1875.
- Тенишев Э. Р.* Смычные согласные в языке тюркских рунических памятников // Советская тюркология. 1973. № 2.
- Тюркское языкознание.* Ташкент, ФАН, 1985.
- Трубецкой Н. С.* Основы фонологии. М., 1960.
- Фонетика казахского языка: Сборник 1.* Алма-Ата, 1969.
- Филин Ф. П.* Очерки по теории языкознания. М., 1982.
- Фант Г.* Акустическая теория речеобразования. М., 1964.
- Шараф Г.* Сонорная длительность татарских языков // Вестник научного общества татароведения. Казань, 1928, № 8.
- Щерба Л. В.* Языковая система и речевая деятельность. М.; Л., 1974.
- Щербак А. М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970.
- Якобсон Р., Фант Г., Халле М.* Введение в анализ речи // Новое в лингвистике. М., 1962. Т. 2.

МАЗМҰНЫ

Қолданылған транскрипция мен кейбір шартты таңбалар	3
Қазақ фонетикасының зерттелу жайы мен міндеті	5
Фонема жайында бірер сөз	20
Қазақ вокализмі	30
Қазақ консонантизмі	44
Дыбыстардың орфоэпиясы	71
Сингармонизм және буын жігі	88
Буын жігі	95
Қазақ просодикасының мәселесі	107
Пайдаланған кейбір фонетика-фонологиялық терминдер	132
Әдебиет	140

Аралбаев Жубаныш Аралбаевич

ЭТЮДЫ ПО КАЗАХСКОЙ ФОНЕТИКЕ

(на казахском языке)

*Утверждено к печати Ученым советом Института языкознания
Академии наук Казахской ССР*

Редакция менгерушісі *Т. Беркімбаев*

Редакторы *З. Егеубаева*

Көркемдеуші редактор *Л. Г. Мироненко*

Суретші *Н. Ф. Чурсин*

Техникалық редакторы *Л. Ю. Уляницкая*

Корректоры *А. Сүлейменова*

ИБ № 2746

Теруге 08.09.87 тапсырылды. Басылуға 17.02.88 кол қойылды.

УГ11031. Форматы 84×108¹/₃₂. Тип. қағ. № 1.

Гарнитурасы әдебиеттік. Басылымы күрделі. Шарт б. т. 7,56.

Шарт бояу көлемі 7,77. Есепке алынатын баспа табақ 8,15.

Тираж 1000. Заказ 178. Бағасы 1 с. 40 т.

Издательство «Наука» Казахской ССР

480100, Алма-Ата, ул. Пушкина, 111/113

Типография издательства «Наука» Казахской ССР

480021, Алма-Ата, ул. Шевченко, 28

Р. 407 к. 10в - 10в